

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

Жаңа *жарасымды* Жануа

№4-5

(116)

сәуір-мамыр 2022



Арыстың ардақты анасы

ARYS QALASY



Құрметті оқырман!

Республикалық «Жарасымды жанұя» журналының ұжымы мамыражай көктем мезгілінде сіздермен қайта қауышқанына қуанышты. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде республикалық басылымның таралымы көбейіп, оқырман саны артты. «Сан сапаға сай болуы тиіс» демекші, енді уақытылы, сапалы, дәйекті ақпарат таратып, басылым беделін арттыруға жұмыс жасауымыз қажет. Бұл біз үшін қоғам тарапынан да, оқырман тарапынан да қойылып отырған басты талап. Өздеріңіз білетіндей, оқырман сұранысына сәйкес арнайы айдарлар ашылып, тұрақты түрде тәрбиелік-танымдық мақалалар жариялануда.

Журналымыздың бұл санын бүкіл түркі жұртының рухани астанасы - Түркістан облысы, елдік пен ерліктің мекені - Арыс қаласына арнаған болатынбыз. Өздеріңізге белгілі 2019 жылы арыстықтар үшін оңай болған жоқ. Жарылыстан кейін Арыс қайта түлеп, жаңарған кейіпке еніпті. Біз Арыстың үлес қосып жүрген азаматтармен, кәсіпкерлермен, медицина қызметкерлерімен, депутаттармен сұхбат құрдық. Елдегі жасалып жатқан жұмыстарды қалың оқырманға ұсынуды жөн санадық. Ауыл-аймақтағы жарасымы жарасқан үлгілі отбасылардың өмірімен танысып, әңгіме-дүкен құрдық. Арыс – ежелден теміржолшылар қаласы. Орта Азияның қақпасы, кешегі кеңес заманында Арыстың «маршруттар фабрикасы» атанған даңқы Одаққа танымал, кезінде социалистік жарыста көштің алдын бермеген. Осы алақандай Арыстан бес бірдей Батыр шыққан, олардың үшеуі – теміржолшылар. Олар Арыс станциясы алдындағы «Батырлар аллеясында» сап түзеп тұр. Қаланың атағын асқақтатуға республикаға танымал ұл-қыздары елеулі үлес қосты. Кеңес Одағының батырлары Бейсен Онтаев, Садық Исмаилов, Иван Журба, Берген Исаханов, Нағи Илиясов, Ережепбай Молдабаевтарды, Еңбек Ерлері Сырлыбек Байжанов, Көбжан Мұхамеджанов, Әуесхан Салықбаев, Боранбек Шүкірбеков, Әбдуәлі Балғымбековтерді, қоғам және мемлекет қайраткерлері Төлеген Тәжібаев, Абылай Тілеубердин, ақын жазушылар Садықбек Адамбеков, Дулат Исабеков, Нәмет Сүлейменов, Өтебай Тұрманжанов, Қосжан Мүсірепов, Бекен Әбдіразақов, Аманхан Әлімұлы, ғалымдар Бейсенбай Кенжебаев, Мұрат Жұрынов, Әбдімұса Қуатбеков, Пазылхан Мұсабеков және ғалым, ірі кәсіпкер, демеуші Дінмұхаммед Ыдырысов, әншілер Нұржамал Үсенбаева, Ақжол Мейірбеков, композитор Ержан Серікбаевтарды атап өткен жөн. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» демекші, өздеріңізге ұсынған мақалаларымызды оқып, шынайы бағасын береді деген ойдамыз.

Қымбатты оқырман! Сіз де бізбен байланыс жасап, кейіпкер атанып, журналымыздың қонағы болғыңыз келсе, біз сіздерді асыға күтеміз! Елдігіміз тұғырлы, басылымымыз ғұмырлы болғай!

**Сіздерге деген ізгі ниетпен,
журналист-редактор Жансая Дүйсенбайқызы**



Журналдың осы саны бойынша өз ойларыңыз бен сауалдарыңызды zzhanuya@mail.ru электронды поштасына жолдай аласыздар

Құрметті оқырмандар! Қадірлі арыстықтар!



Міне, күлімдеген көктемнің тамаша мезгілінде «Жарасымды жанұя» журналының осы саны Арыс қаласының үлгілі отбасыларына арналды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Отан отбасыдан басталатынына ерекше мән беріп, отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына назар аударып отыр.

Расында мықты отбасы – мықты мемлекеттің тірегі. Әрбір жасөспірім әкенің тәлімін, ананың өнегесін бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды қастерлей білсе, бәсекеге қабілетті, жаһандық үрдістерге төтеп беретін ұлтқа айналар едік.

Бүгінде ажырасу, үлкенді сыйламау, діни секталарға кіру сияқты келеңсіз жайттардың орын алуы отбасындағы тәрбиенің әлсіреуінің салдары екені анық. Ата-ана отбасында баланы өмірге келтірумен қатар оған сан асардың сүзгісінен өткен ұлттық болмыс-бітімін дарытып, қоғамға пайдалы азамат етіп қалыптастыруға мән бергені абзал. Отбасында ата-ананың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, әдет-дағдылары, бір-біріне деген сыйластығы үлкен тәрбие мектебі деуге болады. Қазіргі ата-аналар ең бірінші осыған мән бергені дұрыс. Өйткені жастар естігенін емес көргенін істейді.

Сонымен қатар, балаға әсер ететін ортаны бақылауды басты назарда ұстау керек. «Ұлың өссе – ұлы жақсымен, қызың өссе – қызы жақсымен көрші бал» деген сөз бекер айтылған жоқ. Біздің қоғамда осы қағидаға ерекше мән беріле

бастады. Арыс қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жұмыс жасайды. Комиссия мүшелеріне қаламызға танымал, өз ортасында сыйлы, медицинада, әскери салада, құқық қорғау органдарында, білім, ҰЕҰ, қоғамдық бірлестіктер, шойын жол саласында, кәсіпкерлік саласында қызмет етіп жүрген іскер әйелдер тартылған.

Біз жыл сайын «Отбасы» күнін атап отудың күнтізбелік жұмыс жоспарын бекітіп келеміз. Негізгі мақсат – отбасы құндылықтарына қоғамның, әсіресе жас отбасылардың ерекше назарын аудару. Барлық елді мекендерде үлгілі, қарапайым, елге сыйлы, танымал, өсіп-өнген берекелі отбасылар мен жас отбасылардың сабақтастығын жалғастыратын жүйелі шаралар өткізіп, олардың пікір алмасуы, тәжірибе бөлісуіне мән беріледі. Сонымен қатар, ол жерде отбасын жоспарлау, өмірлік жар таңдау, денсаулықты сақтау бағытында кеңес беріліп тұрады.

Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек. Олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым курделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн» депті. Ал ақын Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, сен – премьер, мен – президент» дегені бар екен.

Шынында, әр мемлекеттік басқару жүйесі әртүрлі болады. Сол сияқты әр отбасының өзіндік басқару жүйесі, тәртіп-талабы болады. Егер отбасы ұлттың қайнарынан нәр алса, сол отбасы табысты болады. Міне, шағын мемлекетке баланған отбасыларға осыны ұғындыру маңызды. Қала әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық гендерлік саясат жөніндегі комиссия осы бағытта жүйелі жұмыс атқарып келеді. Арыс қаласында 2021 жылда 2050 сәби өмірге келсе, жыл басынан бері 724 сәби дүние есігін ашты. Бүгінгі таңда Арыс қаласында 740 «Алтын алқа» иесі, 1820 «Күміс алқалы» аналар бар. 100 жасқа жеткен 3 кейуана, 90 жасан асқан 48 ата-әжеселеріміз бар.

Өнегелі, батагөй, тілеуқор ана-әжеселердің жолын жалғастыратын жастардың бары қуантады. Яғни, Арыс демографиялық жағдайы жақсы аймақтың бірі. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында көтерілген міндеттер өз деңгейінде атқарылып келе жатқанын көрсетеді. Қай ауылға барсақ та өзінің болмыс-бітімімен, өнегелі іс-әрекетімен ерекшеленіп, ел басқарып жүрген азаматтардың тілеуін тілеп отыратын ата-әжеселеріміз баршылық. Сондай үлкендеріміздің алғысы елді мейірімге бөлен келеді. Осы ретте, Алла Тағаланың «Кім менен сұраса, мен оның сұрағанын беремін» дегені ойға келеді. Ұлы Дала елінің келешегін баянды етуде мықты отбасы қалыптастыру маңызды. Бұл жолда барша қазақстандықтар жауапкершілікті сезінгені абзал.

Құрметпен, Арыс қаласының әкімі
Гүлжан ҚҰРМАНБЕКОВА

Ажары айшықталған Арыс



Журналымыздың кезекті санын Орта Азия мен Қазақстан бағытындағы қақпа, тоғыз жолдың торабы саналатын Арыс қаласына арнап отырмыз.

Елдік пен ерліктің мекені – Арыс

Арыс өңірі ертеде «Қазақ қырған», ал Арыс өзені «Үржі» деп аталыпты деген деректер де бар. Арыс өзені туралы айтсақ, белгілі жазушы І.Есенберлиннің «Алтын Орда» атты үш томдық тарихи кітабында Арыс өзенінің бұрын «Үржі» болып аталғаны жазылған. «Арыс» ұғымы мен атауының ерте замандардан бері қарай ру мен жер, су атауларын құрап келгенін аңғартады. Қаланың алып жатқан орнының өзі де тоғыз жолдың торабына ыңғайласып жатыр. «Жібек жолының» осы өңірден өтуі де бекер емес.

Қаланың қалыптасу кезеңдерінен

1905 жылы теміржол құрылысы басталып, 1907 жылы Арыс станциясы салынған. 1928 жылдың 17 қаңтарында Арыс ауданы құрылды. 1932 жылғы 11 наурызда Арысқа «Жұмысшы поселкесі» мәртебесі беріліп, 1956 жылғы 31 шілдеде Арыс аудандық бағыныстағы қала мәртебесіне ие болды. Ол қазір Түркістан облысындағы белгілі

Ташкент жолы бойындағы ірі қалалардың бірі. Арыс станциясы Ташкент темір жолы салына бастаған кезден пайда болды. Қаланың ескі бөлігі I-Арыс станциясымен іргелес, II-Арыс станциясымен байланысады. Қала көлемі жағынан өте үлкен болмаса да, оның маңызы зор. Арыс станциясы Ресей мен Орта Азия, Қазақстан, Батыс Сібір аймақтарын жалғастырып жатыр.

Тоғыз жолдың торабы атанған қала мақтаныштары...

«Тоғыз жолдың торабы», «Орта Азия қақпасы» атанған Арыс жерінен темір жол саласындағы ерен еңбектері үшін Социалистік Еңбек ері атағымен Әуезхан Салықбаев, Әбдуәлі Балғынбаев, Сырлыбек Байжанов, Көпжан Мұхамеджанов, теміржолшылар династиясы Ақкөзовтер жанұясы, Жаңабаяевтер жанұясы, Задария совхозының өсіп өркендеуіне ерекше үлес қосқан Боранбек Шүкірбековтер есімін қала тұрғындары ілтипатпен атап, мақтаныш етеді. Арыс қаласының мақтаныштары: «Ел дегенде еміренген, жұрт де-генде тебіренген» асыл

азамат Жұмабек Тәшеновтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қаланың Дермене ауылындағы орта мектепке оның аты берілді. Әр кезде қаламызды басқарып, елеулі ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізген, тұрғындар алғысына бөленіп, естерінде қалған абзал азаматтарды атап өткен жөн. Олардың арасында қаламыздың алғашқы «мәрі» Қаһар Ибрагимов, Ештай Шерімов, Эдуард Мұхамедов қалалық партия комитетінің бірінші хатшылары Всеволод Троян, Михайл Анищенко, хатшы, сосын тұңғыш әкім Тәжібаев, Қуаныш Айтаханов, Серік Тәукебаев тағы басқалар. Қаламыздың атағын асқақтатуға республикаға танымал ұл-қыздары елеулі үлес қосты. Кеңес Одағының батырлары Бейсен Онтаев, Садық Исмаилов, Иван Журба, Берген Исаханов, Нағи Илиясов, Ережепбай Молдабаевтарды, қоғам және мемлекет қайраткерлері Төлеген Тәжібаев, Абылай Тілеубердин, ақын жазушылар Садықбек Адамбеков, Дулат Исабеков, Нәмет Сүлейменов, Өтебай Тұрманжанов, Қосжан Мүсірепов, Бекен Әбдіразақов, Аманхан Әлімұлы, ғалымдар Бейсенбай Кенжебаев, Мұрат Жұрынов, Әбдімұса Қуатбеков, Пазылхан Мұсабеков және ғалым, ірі кәсіпкер, демеуші Дінмұхаммед Ыдырысовтардың есімін атап өткен жөн.



Шаһардың әлеуеті қандай?

Арыс өзіндік ерекшелігі бар қала. Бүгінде қаланы Гүлжан Мамытқызы Құрманбекова басқарады. Арыс қаласы қала орталығы және 6 ауылдық округтен құралған. Орталығы Арысқа – 1932 жылы поселке, 1956 жылы 31 шілдеде аудандық бағыныстағы қала, яғни шаһар атанғанына былтыр 65 жыл толды. 1965 жылы 10 қарашада облыстық бағыныстағы қала дәрежесіне ие болған. Қала шежіресі еліміздің тарихымен сабақтас. Дегенмен, әскери гарнизондағы 1944, 2009, 2013, 2014 және 2019 жылдардағы бес жарылыстың зардабын арыстықтар тартудай-ақ тартқан. 2019 жыл 24 маусымда Арыс қаласында орын алған төтенше жағдайдың салдарын жою мен қаланы қалпына келтіру бойынша жұмыстар атқарылған. Қазақстан Республикасының бұрынғы Премьер-Министрі А. Маминнің төрағалығымен 2019 жылдың 26 маусымы

күні өткен жиынның хаттамалық тапсырмасына сәйкес, Арыс қаласының аумағы 17 секторға бөлініп, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстарға бекітіліп, жауапты әкім орынбасарлары белгіленген. Түркістан облысының барлық аудан әкімдері, Арыс қаласы әкімдігінің қызметкерлері тиісті секторға жауапты болып бекітіліп, қаланы қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде, 7866 үйге жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 477 үй жаңадан салынған. Төтенше жағдай кезінде тұрғын үйлерінің мәселесі шешімін таппаған 20 үй иесімен сөйлесіп, бүгінде тиісті азаматтардың мәселелері түбегейлі шешілді. Бірақ, қанша қиыншылық көрсе де, арыстықтар жайлы тыныш тұрмыс іздеп басқа жаққа үдере көшпепті. Туған жерге деген сүйіспеншілік осындай болса керек! Тұрғындар, негізінен еңбеккер, барға қанағат ететін, алға ұмтылатын, «Басымыз аман, бауырымыз бүтін» дейтін иманды халық.

Бойында Арыстың, өнермен жарыстың..

Қаладан шыққан мәдениет және әдебиет қайраткерлері. Қазақстанның халық әртісі, жезтаңдай опера әншісі Нұржамал Үсенбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші Ақжол Мейірбеков, Жазира Байырбекова, Нұрлан Еспанов, талантты композитор, әнші Ержан Серікбаев, сәулетші Тілеуберді Бинашев және белгілі жазушы-сағирик, драматург Садықбек Адамбеков, жазушы, драматург Дулат Исабеков, жазушы Нұрғали Ораз, ақындар Қосжан Мүсірепов, Бекен Әбдіразақов, Нәмет Сүлейменовтер де Арыс қаласында өмірге келген. Спорт саңлағы Жазира Жаппарқұл осы қаланың тумасы. Бүгінгі таңда Арыс қаласында мәдениет үйі мен спорт мектептері, жаңа стадион, жаңа ипподром тұрғындар игілігіне жұмыс істейді.

Кемеңгер халқымыз көп бала көтерген әйелді «алтын құрсақ ана» деп құрметтеген. «Балалы үй – базар» деп, дәулет жиюдан ұрпақ өсіруді артық көретін қазақ қоғамы көпбалалы әйелдің беделін бар жаулықтыдан жоғары қояды. Өйткені үбірлі-шүбірлі шаңырақ тәрбиенің қайнар көзі, елдіктің белгісі саналған. Көпбалалы отбасының қоғамды барлық жағынан іргелі етудегі ролі орасан. Арыс қаласының ардақты анасы, құрметті азаматы, ба-тыр ана Назгүл Әсілова жайлы қалам тербеп көрейік.

Тоқсанның төріне келген ананың өмірі өсіп келе жатқан жастарымызға үлгі болса дейміз. Неге дейсіз ғой? Назгүл-Ана себебі ашаршылықтан, соғыс жылдарындағы қиындықтан қайсарлықпен аман қалды. Жолдасы өмірден ерте кетсе де 6 ұл, 5 қызына жоғары білім береді, тәрбиеледі, адам қатарына қосты. Қазір балаларының дені кәсіптің көзін тауып, еліміздің түкпір-түкпірінде тіршілік кешуде. Әсіловтер әулетіне келін болып түскен Назгүл әже 55 немере мен 58 шөберенің қызығын көріп отыр. Үлкен кісі тарихқа толы Ташкент өңірінде дүниеге келді. Жолдасынан ерте

орындаймыз.

Тәңірберген Әсіл, ұлы: –Анам өте еңбекқор жан. Сол кезеңдерде жасаған еңбекті қазіргі жастар жасай ала ма екен? Әкем Рахман түздің адамы болды, Арыс қаласындағы жүн-тері зауытында жұмыс істеді. Анам болса, қолөнерге жақын жан. Өз қолынан жүн түтіп, текемет тоқыды. Көздің жауын алатын кілемдерді өзі тоқитын. Әкем 2005 жылы дүниеден озды. Бәріміз оқыдық, білім алдық. Анамыз адалдыққа, имандылыққа баулыды. Менің өзім қазір 70 жастамын. Анама әлі де еркелеймін. Анасы барлар қартаймайды деген осы шығар.



Арыстың ардақты анасы

айрылса да, балаларын ешкімнен кем қылмады. Бақты, қақты. Бәрі жақсы тәрбие алды, мектепте үздік оқыды. Талмас талаптарының арқасында еш сүйреусіз жоғары білім алып, әр саланың тізгінін ұстады. Арттарынан жаман сөз ерген жоқ.

Әтіргүл Рахманқызы, қызы: - Анам мен үшін бүкіл әлем. Ол - менің өмірім. Ол ауырмай, аман-есен арамызда отырса, мен үшін үлкен қуаныш. Ол кісі өте мықты адам. Қайсар жан. Ол кісінің айтқан әр сөзі біз үшін заң. Айтқанын қалтқысыз

Бүгінде ұл ұяда, қыз кияда. Немересінің алды Мақсат, шөбересінің үлкені Ердәулет әжелерін қатты жақсы көреді. Меккеге қажылық сапармен 11 рет барып қайтқан әжеңіз ендігі тілегі – елінің амандығы, ұрпақтарының бақыты. Ұрпағын адал еңбекке баулығаны үлкен ұлы Тәңірберген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Бақберген, Ақберген, Бақтияр, Алдияр, Кенжебек есімді ұлдары әр түрлі салада жеке кәсіппен айнылысып келеді. Қыздары Әтіргүл, Баққыз, Сәуле, Лампаси

ардақты аналарының ізімен бір-бір шаңырақтың шырағына айналды. Келіндері Гүлдар, Гүлжан, Ұлдар, Салтанат, Ләззат, Мақпал Назгүл ананың ақ батасын алып, осы әулеттің ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, салт-дәстүрімен келіндік қызметтерін атқаруда. Күйеу балалары да әулеттің жана-шыры. Туыс-туғанның бәріне еңбекпен, бауырмалдықпен, аналық ақ ниетпен үлгі көрсетіп келеді. Тоқсанға толған ананың мерейі үстем, көңілі тоқ. Назгүл әжеңіз ыстық алақаны мейірімге толы жүзі анасын сағынған тілшінің жүрегінде қала бермек. Тазалық пен тиянақтылық, тәртіп пен талғамның өлшемі іспетті. Алланың ұзақ ғұмырын бей-берекет кетірмей, ұрпақ тәрбиесіне, ел бірлігіне арнаған ана көпке үлгі, құрметке лайық. Алтын құрсақты

анамен тілдескенімізде, «Отбасының қамқоршысы мен тірегі – ер азаматы ғой, шаңырақтың шырайын келтіріп, берекесін еселеп, ынтымағын қамтамасыз ететін әйел» деуінің өзінде үлкен өнеге мен анадан алған тәлім – баланың өмірлік бағдаршамы екені рас. Ал, өз шаңырағын береке мен мерекеге толтырған балаларына Назгүл әже осы күнге дейін ақыл-кеңес беруден жалыққан емес. Өнегелі әулетте тәрбиеленген саналы ұрпақ. Анда-санда балдай тәтті шөберелері де әжесіне келіп, қуанышын еселеп кетеді. Бұл да үлгілі отбасындағы тәлім-тәрбиенің белгісі. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген осы емес пе?!

Жансия ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ



Кеудесі толған алтын сандық абыз қария



Арыс қаласындағы іс-сапарым ардагер ұстаздың үйінде жалғасты. Әкімдік қызметкерлерімен бірге жасыл қорғаны бар, есік алды жайқалған үйге ендік. Көйіпкеріміз Арыс қаласының құрметті азаматы, Білім беру ісінің озат қызметкері Ысқабай Төлебай Яхияұлынан сұхбат алуға асықпыз. Басында маған жүзі қатал көрінді. Сөйтсем ағамыз томаға тұйық емес, көңілінің кілтін тапқан бойдан, жазира даладай, пейілі кең баладай әңгіме тиегін ағыта жөнелдік. Байқағаным, көкірегі алтын сандық Төлебай ағаның жүріп өткен жолдары оңай болмаған сияқты. Асықпай, әңгімесін тыңдауға ыңғайланып, диктофонымды қостым.

-Төлебай Яхияұлы, балалық шағыңыздан бастасаңыз дей бергенімше, ағаның өткен жас дәурен шағын естіп, көңілім босады. Ойлап қараңызшы, қиындықтың қамытын киген заманда, жетімдіктің зарын, артынан ерген бауырларын жалғыз өзі жетелеген ағаның өмірі маған қызық болып барады. Төлебай ағаның әкесі Яхия Ысқабаяев Ұлы Отан соғысына қатысады, анасы Қымқа Тастанқызы жолдасы соғысқа кеткенде шіттей 4 баланы өсіріп бағады. Тағдырдың жазуы шығар, Төлебай ағаның екі інісі жас күнінде қайтыс болады. Әкелері Мәскеудің шетіндегі Реджеп деген қаланы азат етуге ат салысып, соғыстан жаракатпен оралады. Ол кісі 5 ай қатты ауырып, дендеген дерттен 32 жасында көз жұмады. Анасы Қымқа 27 жасында өмірден озады. Нағашы әжесінің тәрбиесінде болған Төлебай аға мен оның інісі еңбекпен ерте есейеді. Сол заманда қой шаруашылығында еңбек етіп, интернатта білім алады. Тағдырдың қатал сәттеріне мойымаған Төлебай аға мұғалім мамандығын таңдап, Шымкент педагогикалық институтының «орыс тілі мен әдебиеті» мамандығын, Қазақ мемлекеттік университетінің «журналистика» факультетін тәмамдайды. Алматы жоғарғы партия мектебін бітіреді. Партия қызметкері атанады. Алғашқы еңбек жолын Арыс стансасында тауар кеңсесінің қызметкері болып бастайды. Мұнан кейін Арыс аудандық газетінің бөлім меңгерушісі, № 13 орта мектебінің мұғалімі, Ордабасы аудандық газетінің жауапты хатшысы, Ордабасы және Арыс қаласы партия комитетінің нұсқаушысы, қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Арыс аудандық білім бөлімінің методисі, үш рет қатарынан №13 мектеп-интернатының директоры болып тағайындалады. Қай салада жүрсе де тек жақсы із қалдырып, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған қарияның айтар ойы мен пайым-парасаты жан тебіренерлік. Сөзге шешен, іске мығым басшыны мектеп мұғалімдері

ерекше құрмет тұтады. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» демекші, имандылық пен ана тілімізді құрметтеу туралы үнемі жастарға айтып отырады. Арман қуған шәкірттердің ұлағаты ұстазы бола білген Төлебай Яхияұлы 1961 жылы Ұлтұсын апаймен шаңырақ көтереді. Ұлтұсын апа бес саусағынан өнер тамған тігіншілікті меңгерген ардақты ана. Төлебай ағаның әкесімен Ұлтұсын апаның әкесі екеуі соғыстан бірге қайтып, құда боламыз деп серттеседі. Серттерінде тұрып, оқуды аяқталған шақта отбасының іргетасын қалайды. Алланың берген перзенттері 5 ұл, 2 қыз өсіріп тәрбиеледі. 1961 жылы туылған ұлдары 2 жасында қызылшадан қайтыс болады. Тұрмахан, Нұрмахан, Ермахан, Бимахан есімді ұлдары бүгінде бір-бір әулеттің тұтқасын ұстап, әртүрлі салада қызмет атқарып келеді. Төлебай аға мен Ұлтұсын апа 25 немеренің, 12 шөберенің қызығын көріп отырған бақытты ата-әже. Немерелерінің батагөйі, қыз-ұлдарының ақылшысы. Көкірегі алтын сандық қарияның жүріп өткен өмір жолы оңай болған жоқ. Сексеннің сеңгірінен асқан ақсақалдың Арыс қаласының білім беру саласында іздері сайрап жатыр. Осындай қарияларымызды көзі тірісінде қадірлеп, жүріп өткен жолдарын насихаттау бүгінгі біздің парызымыз. Ол кісі әріптестері «Төлебайдың табаны тиген жері ешқашан ұятқа қалдырмаған, басынғысы келгендерді басына шығармаған» деп пікір айтады. Жұмыс істеген адамды бағалаған директор Төлебай Яхияұлының көңілі шалқар көлдей кең, ақындық өнермен өмірін өлеңге қосқан азамат «Білім беру ісінің озат қызметкері», Арыс қаласының құрметті азаматы секілді марапаттары бар. Әріптестеріне сыйлы, балаларына қамқор әке, ақ батасын аямаған абыз қарияның жасы жүзге жетсін деп мақаламызды түйіндедік.

Жансая
ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Теміржолдың тарландары – Ақкөзовтер жанұясы



–Әбдіжәлел Әбутәліпұлы, қайырлы күн! Әңгімеміздің әлқиссасын туып-өскен ортаңыздан, балалық шағыңыздан бастасак...

–Әке тәлімі мен ана тәрбиесі бізді бала жастан бастап жауапкершілікке дегенді сезініп, ерінбей еңбек етуге үйреткен ең алғашқы ұстаздарымыз еді. Халық даналығында «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» - дегендей, әкеміз Әбутәліп пен анамыз Зеріп екеуі балаларын мейірімді, кішіпейілді, еңбеккор, ынтымағы мен бірлігі жарасқан отбасы болдық. Әкеміз Әбутәліп пен анамыз Зеріп алты ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Менің алдымды бір әпкем және үш ағам бар. Яғни, ортаншысымын... Арыс қаласында бір көшенің бойында 40 үй болатын болса, соның 8 үйі қазақы отбасы еді. Басқа үйлерде орыс, грек, өзбек отбасылар тұрды. Тарихи «Ордабасы» тауының етегінде орналасқан «Теспе», «Көлтоған», «Қараспан» елдімекендерінде нағашы, ағайындардың ауылдарында жазғы демалысты өткізетінбіз. Өзге балалар сияқты қозы бағу, шөп (жантақ) шабу, суға шомылумен әлек болатынбыз. Әкемің жеке кітапханасы әдеби-көркем шығармаларға бай еді. Іс-сапарға барған сайын кітап алып келетін. Батырлар жыры, ертегілер, Абай Құнанбаевтың, І.Есенберлиннің, М.Әуезовтің, М.Мағауиннің, М.Ғабдуллиннің т.б. ақын-жазушылардың еңбектерін алып келетін. Сол шығармаларды өзі оқып, кейін бізге таныстырып түрлі тәсілді қолдана отырып қызықтыратын. Сол шығармалардың кейінкері болып шыға келетін едік.

–Алғашқы еңбек жолыңыз қайдан бастау алды?

–1981 жылы мектептің 8 сыныбын аяқтаған соң әкемің немере інісі көкем Медеуов Шерім Шымкент қаласындағы «Энергетика техникумына» оқуға жіберді. (Ол кісі инженер еді. Қарапайым жұмысыдан Шымкент облыстық атқару комитетінің үшінші хатшысы қызметін атқарған. Бүгінде жоғары дәрежедегі зейнеткер. Шымкент, Арыс қалаларының құрметті азаматы. «Парасат» орденінің иегері) 4 жыл оқып, техник-электрик

мамандығын алып шықтым. Сол кездері қазақтың балаларын техникалық оқу орындарына көптеп тартып, өндіріске жіберу екен ғой. Мен кейін 1985-87 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышымыды Ресей федерациясында өтеп қайттым.

1987 жылы жарты жылдай теміржолда мамандығым бойынша жұмыс істедім. Әскер қатарынан оралған соң Шымкент қаласындағы Қ.А.Иасауи атындағы ХҚТУ дайындық бөлімінде 1 жыл оқып кейін студент қатарына қабылдандым. Мамандық алу үшін 5 жыл педагогика саласында білім алдым. Қолыма ЖОО дипломын алған соң, еңбек жолымды жоғары оқу орында (университетте) педагог болып жұмыс істедім. Жоғары оқу орнында оқу, тәрбие, ғылымды қатар алып жүруге тура келді. ЖОО қатардағы оқытушыдан сатылап факультет деканы, оқу басқармасының бастығы, оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі проректоры, 5 жылға жуық университет ректоры, сондай-ақ, М.Тынышбаев атындағы Шымкент көлік колледжінің директоры қызметін абыроймен атқардым.

ЖОО қызмет атқарған кездері филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін 2004 кандидаттық диссертация қорғадым. 4 монографияны, 20 аса оқулық пен оқу құралының, 100-ден астам ғылыми мақалалардың авторымын. ҚР БЖҒМ «Алтынсарин» атындағы төсбелгісінің, «Оңтүстік Қазақстан облысының дамуы үшін» және «Арыс қаласының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталдым. Басқа да қоғамдық ұйымдардың төсбелгілерімен, медальдарымен марапатталғанмын.

–Сіздерді Арыс қаласында теміржолшылар династиясы деп атайды екен?! Осы атаудың сырын айтып беріңізші.

–Династия сөзі грек тілінен «билік, үстемдік» деген мағынаны берсе, парсы тілінен аударғанда «ұрпақтар» деген мағынаны береді. Ал, тереңірек түсіндіре кетсек, «бір іс-әрекет облыстарында атаққа ие болған бір отбасының бірнеше ұрпағының өкілдері» дейді. Бүгінгі



таңда Ақкөзовтер әулетінің Теміржол саласындағы қызмет өтіліне 460 жыл болды. Атамыз - Ақкөзов Сұлтан, әкеміз - Ақкөзов Әбутәліп және осы әулеттен тараған ұл-қыздары, немерелері ата жолын қуып отыр. Бұл бір жағы, әке жолын қуу, әкені үлгі тұту болса, екіншісі, тоғыз жолдың торабында орналасқан Арыс қаласының, туған жердің географиялық көрінісі де өз ықпалын тигізетіні сөзсіз. Міне, осыдан әулетіміз «Ақкөзовтер династиясына» айналып отыр. Атамыз да, әкеміз де «Елін сүйген, елі сүйген» азаматтар.

–Сіздің отбасыңыз жайлы білсек бола ма?

–Біздің отбасымыз - Теміржолшылар династиясынан шыққан ғалымдар отбасы болып табыламыз. 30 жылдан аса уақыт мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, өз еңбек жолымызда ЖОО қабырғасында аянбай қызмет етіп келеміз. Ғылыми дәреже - Филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Ал, жұбайым - академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде Филология және тілдер кафедрасының меңгерушісі, ол кісі де - Филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Күйеу балам да, қызым да - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультетінің түлектері. Күйеу балам - педагогика ғылымдарының магистрі, Экспресс Қазақстан сайтының Алматылық тілші-журналисі, ал қызым

- Философия ғылымдарының PhD докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері. Бүгінде 2 қыз, 1 ұл өсіріп отыр. Ұлым - Шымкент қаласындағы «Саз» колледжінің түлегі. Болашағынан үлкен үміт күтіп отырмыз. Қызымызды - қазақ тілін меңгеруге, ұлымызды - ұлттық аспап домбыраға баулып, қазақы тәрбие беріп өсіріп отырған отбасы деп сенімді түрде айта аламыз.

–Отбасының берекесін келтіретін бес құндылықты атап өтсеңіз.

–Қазақ халқы «Әке – асқар тау, ана баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп бір ауыз сөзбен бүкіл отбасы бейнесін суреттеп бере білген. Отбасы берекесінің ең бірінші құндылығы – тек! Ұлттық тәрбие. Сана мен рухани байлық. Ал, отбасының екінші құндылығы – ерлі-зайыптылар арасындағы рухани байланыс, сыйластық және сонымен қатар махаббат. Үшінші, бала тәрбиесіне терең көңіл бөлу. Баламен сырласа білу. Әке түздің адамы, ана – ошақтың иесі. Әкенің іскерлігі, бір көзқараспен көп нәрсені жеткізе білу – терең тәрбие. Ананың жылуы – бір әулеттің жылуы. Төртінші, шағын отбасы атты мемлекеттің сыртқы факторларын жіті қадағалау. Бесіншіден, отбасының ата-баба жолымен, ұлттық кодтарға сүйене отырып нағыз елін, сүйетін, жеті ата жолымен өсетін ұрпақ етіп тәрбиелеуге күш салу.

Халық қалаулысы – Рабиға Қуатбекова



Рабиға Әбдімұсақызы Қуатбекова 1968 жылы 31 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келген. 1991 жылы Алматы қаласындағы медицина институтының «Емдеу ісі», 1999 жылы «Қайнар» университеті Оңтүстік Қазақстан филиалының «Құқықтану» және 2004 жылы Қазақ-өзбек инженерлік-гуманитарлық университетінің «Педагогика және психология» мамандықтарын бітірген. 1999 жылы медицина ғылымдарының кандидаты, 2002 жылдан Қазақстан халықтар Достығы университетінің профессоры, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі. 9 монографиясы, 62 мақаласы, 16 әдістемелік-нұсқаулық кітаптары жарық көрген, 4 жаңалықтың, 2 патенттің авторы. 2005 жылдан бастап Қазақстан халықтар Достығы университетінің ректоры. Ұлттық ғылыми медициналық оралық жанындағы диссертациялық кеңес мүшесі, Білім берудің мемлекеттік стандартын жасау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі, ОҚО Іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі. Жетінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының депутаты. Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің ректоры. Халық қалаулысы ретінде тұрғындардың талап-тілегін тыңдап, мәселелердің оң шешімін табуы үшін қызмет етіп келе жатқан Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Рахима Әбдімұсақызы -Арыс қаласының мақтанышы.

Спорт саңлағы – Жазира Жаппарқұл



Қазақ спортындағы құбылыстардың бірі Жазира Жаппарқұл 1993 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласы, Мақталы ауылында көпбалалы отбасыда дүниеге келген. Әкесі Әбдірахман Құдайқұлов – теміржолшы. Анасы Күләйхан Құдайқұлова 7 қызды дүниеге әкелген Батыр ана. 2016 жылы өткен Рио-де-Жанейро Олимпиадасы қазақ халқы үшін ерекше тарихи оқиға болды. Олай дейтін себебіміз, тарихта тұңғыш рет қазақ қызы Олимпиада жүлдегері атанды. Ал, сол алтынға пара-пар күміс жүлдені ауыр атлетикадан 69 келі салмақ дәрежесінде Жазира Жаппарқұл алып берді.

Алақандай Арыстан шыққан айбатты ару бұл шыңды бағындыру үшін талай жыл тер төкті. Күш-қайратын сарп етті. Тіпті, жарақат алып, денсаулығына қауіп төнсе де, ел намысы үшін дүбірлі сындарға қатысты. Қатысып қана қоймай, көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды шарықтатты. Бүгінгі заманымыздың толағайы – Жазира Жаппарқұлдай ауыр атлет чемпиондарымен мақтанатын шаһардың жас-тары да спортқа ерекше мән береді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жылдарындағы еліміздің дамуына өз үлесін қосып отырған қаланың тарихи-мәдени қоры мол, экономикалық-әлеуметтік салалары уақыт өткен сайын қарқынды даму жолына бет алып отыр. Бір сөзбен Арыс қаласының халқы Олимпиадада топ жарған тұңғыш қазақ қызымен мақтанады.

Әбілқасым Жәрімбет, Арыс қалалық тораптық ауруханасы кооперативінің төрағасы:

«Біздің мақсатымыз – тұрғындарға сапалы қызмет көрсету»

Медицина – жауапкершілікті, білім мен шыдамдылықты талап ететін жүгі ауыр саланың бірі. Үнемі ізденіс пен білімін жетілдіру жолында жүретін абзал жандар ғана абырой биігіне көтерілмек. Әрбір науқастың нақты диагнозын тауып қана қоймай, болашағы мен арманы үшін күресе білу де дәрігердің еншісінде. Нағыз маман дертті емдеу жолында ине мен дәріге ғана сүйенбейді. Жылы сөзі мен өмірлік тәжірибесін мысал ете отырып, көңілге үміт шырағын жағады. Арыс қаласындағы тораптық аурухананың тарихы теренде.



беріп жүрген 19 дәрігер, 64 орта буын маманы бар. Ауруханада жаңадан травматологиялық, реанимациялық бөлімшелер ашылып, кардиомонитор, наркоз аппараты, қолдан тыныс алу, флюорограф және рентген, лазерлік терапия аппараттары, медициналық құрылғылар орнатылған. Мекеме төрағасы Әбілқасым Жәрімбет Арыс қаласының медицина саласында орны ерекше. Ол кісінің мамандығы – хирург. Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы институттың «жалпы хирургия» факультетін тәмамдаған. Өмірлік серігі Тотыгүл апа – педиатр, балалар дәрігері болып еңбек еткен. Аурухананы аяққа тұрғызу ол кісіге оңай болмаған. Қаншама қиындықтарды өткіріп, бүгінде 12000-ға жуық халықтың алғысына кенеліп отырғанын жазбай кетуге болмайды. Басы ауырып, балтғыры сыздағанның көңілін тауып, құстай ұшатын қызметкерлері Әбілқасым ағаның талапшылығын, тәртіп пен талғамды жақсы көретінін айтып қалды. Төрағаның бастамасымен аурухананың екінші қабатынан «Арасан» шипажайы яғни, сумен емдеу орталығы ашылған. Мұнда асқан-ішек жолдары, бүйрек, бауыр аурулары, бел омыртқа ауруларына шипа із-

деген жандарға қолайлы орын. «Тораптық аурухана» өндірістік кооперативі халыққа дәрігерлік қызмет көрсету мақсатында мемлекеттік тапсырыс қабылдаумен бірге өзін-өзі қаржыландыру үшін қосалқы жылыжайлары бар. Онда жыл бойында лимон, қияр секілді тағы да басқа көкөніс өнімдері өсіріледі. Әбілқасым Әбутәліпұлының ұлы Зағфар мырза ағаның ізбасары. Тотыгүл апамен 1979 жылы шаңырақ көтерген Әбілқасым аға 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген. Дәрігерлер

әулетінде 18 немере тәрбиеленуде.

«Қазіргі кез бен кеңес дәуіріндегі жағдай, әрине, салыстыруға келмейді, арасы жер мен көктей. Президентіміздің қолдауымен көптеген денсаулық сақтау нысандары іске қосылды, алынып жатқан заманауи жабдықтар қаншама. Дәрігерлердің алды шетелдерде оқып, білім-білігін жетілдіріп келіп жағыр. Осының бәрі біздің еліміздің өсіп-өркендегенін, соның ішінде денсаулық сақтау ісінің де қарыштап дамып келе жатқандығын көрсетеді. Біздің де алға мақсатымыз Арыс халқына сапалы қызмет көрсету. Осы жолда біздің ауызбіршілігі жарасқан ұжым аянбай қызмет ете бермек» - дейді Әбілқасым Әбутәліпұлы Жәрімбет әңгіме арасында. Өзінің көп жылғы еңбегінің нәтижесінде білікті дәрігер көптеген марапаттауларға ие болған. Бүгінде ол – медицина ғылымының хирургия саласы бойынша жоғары санаттағы дәрігер. Адам денсаулығының сақшысы атанған ардақты жан өзінің ақ адал еңбегімен көпшіліктің қолына бөленіп жүр. Қаншама жанның өміріне арашашы, дертіне дауа табушы маман иелеріне бәріміз әрқашан сенім артамыз!

Саяжан ҚОЖА





Айдағараев Мамытхан Әлімханұлы, «KAZ PLEM ZAVOD» ЖШС-нің төрағасы

«АРЫСЫМ-АЛТЫН БЕСІГІМ!»

Өңірдегі өрісті саланың бірі – мал шаруашылығы. Талай тұрғынның тіршілігіне дем беріп, тұрмысына тіреу болған төрт түліктің жайын отырарлық жұрт жақсы біледі. Ата кәсіптен адал нәпақасын айырғандардың хал-ахуалы қалай? Олар неге мұқтаж? Мал басын асылдандыру мен көбейту жолында еңбек етіп жүрген шаруа қожалықтарының жұмысымен таныстырған қалалық мәслихаттың бас маманы Заңғар мырза және ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандарымен бірге сапарға шықтық.

Өңгімемізге арқау болып отырған азамат туралы айтар болсақ, бірден «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қазақтың қанатты сөзі еріксіз еске түседі. Сөз «KAZ PLEM ZAVOD» ЖШС-нің төрағасы, Арыс қаласының ағымтай жомарт азаматы Айдағараев Мамытхан Әлімханұлы жайлы болмақ. Берілетін садақасы адал ісінен болуы шарт болып есептелетін сауабы мол істің қайырымы да мол. «Садақа – береке кілті», «Жетім көрсең, жебей жүр» деп дана халқымыз айтқандай, жырғылғанға тіреу, құлағанға сүйеу бола білген бейбіт заманның бағыры Мамытхан Әлімханұлының жаны жомарт екендігін дүйім жұртшылық жақсы біледі. Десе де халық игілігі үшін жасалып жатқан мақтаулы істі қанша айтса да артық болмас. Мамытхан Әлімханұлы 1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. Бірнеше жоғары оқу орнын тәмамдап, ауыл шаруашылығы саласының майталман маманы атанған. Алматы қаласында қазақ ауыл шаруашылық институтты бітіріп келіп, Задарья қаракөл қой шаруашылығында еңбек жолын бастаған. 1990 жылдары «Жеті қазына» кооперативін ашады, сол кезде дағдарыс кезеңінде халықтың әлеуметтік жағдайы төмен болғандықтан төмен бағада

нан өнімдері мен ұнмен қамтамасыз етеді. Жас кезінен қиыншылық пен соқпағы көп тарам-тарам өмір жолдарынан ширатылып өскен Мамытхан Әлімханұлы – бойына білім нәрі мен адамгершілік сезімдерін терең сіңірген Арыстың ардақты азаматы. Әкесі Әлімхан Айдағараев оңтүстік өңірге еңбегі сіңген тыл ардагері. Мамытхан Әлімханұлы 2004 жылы ашылған «KAZ PLEM ZAVOD» ЖШС-нің жұмысымен таныстырды. Аталған серіктестік «Аграрлық несие корпорациясынан» 1 млрд. 332 млн. теңге несие алып, қосымша өз қаражаты есебінен 300,0 млн. теңге қаражатқа етті, асыл тұқымды ірі қара малды өсіру, көбейту бағытында Ресей Федерациясының, Бурятия Республикасынан асыл тұқымды «қалмақ тұқымдас» 2050 ірі қара мал басын әкелген. Серіктестікте қазіргі таңда 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта жеке мал сою бекетін ашып, жылына 500-600 бас бордақылап, экспорттау жоспарда бар. Шаруашылық төрағасының айтуынша, бұл серіктестікте егін шаруашылығы да қолға алынған. Асыл тұқымды ірі қара малдың еті сұранысқа сай, шет ел мемлекеттеріне, оңтүстік өңірдің халқына жеткізіліп отырады. Мал басын 10 мыңға жеткізуді жоспарлап отыр. Мал бордақылау алаңын салыныпты, шаруашалық Ірі қара мал 500-600 кг дейін ет береді екен. Мамытхан Әлімханұлы өссем, өнсем деген өмірлік ұстанымы Әлихан Бөкейханның «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген ұлағатты сөзіне саяды десек қателеспейміз. Жүгінгенге жөн сөз айтып, жан жылуымен бірге жомарт қолын соза білген Мамытхан аға – осы уақытқа дейін талай жомарттық жасап жүрген жан.

«Қарағым, біздің шаруашылықтың жұмысымен танысып, жазамын деген талпынысыңа

нұр жаусын. Отбасыма келетін болсам, біз үлкен шаңырақпыз. Әкем Әлімхан Айдағараев 1928 жылы дүниеге келген. Анам 1938 жылғы, былтыр дүниеден өтті. Әкем біздің шаңырақта, жасы – 91-де. Екі бауырым шаруашылықтың жұмысына көмектеседі. Темірхан есімді бауырым откормдық жұмыстарға жауапты, Әзизхан інім қырдағы мал басына басшылық етеді. Яғни 2000 бас малға жауапты. Шаруашылығымызға табиғат-Ана да қарасып тұр. Биыл жайылымдық жерлер жақсы, көк жақсы шықты. Екі ұлымды осы шаруашылықтың жұмысына баулыдым. Жолдасым үй шаруасында, ата-енесінің жағдайын жасап отырды. «Елде болса, еріңге тиеді, ауылда болса, ауызға тиеді» демекші мал шаруашылығы жүйелі дамып отырса, Арыс халқының жағдайы да жақсы болмақ»- дейді кәсіпкер Мамытхан Әлімханұлы.

Мамытхан Әлімханұлы өмірде жоғары білікті маман, менеджер және қоғам белсендісі ретінде ғана емес, сонымен қатар үлгілі отағасы мен қамқор әке ретінде де орны ерекше. Батыл, мықты, мейірімді, қамқор, мұқият ол екі ұлы мен сүйікті қызы үшін жанын беруге дайын. Қанаты мықты бүркіт тәрізді ол өсіп келе жатқан балапандарын қорғайды. Олар – оның махаббаты мен мақтаншысы, оның жалғасы. «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі алын қайдан кеменгерді» деп ақиық ақын Ілияс Жансүгіров жырлағандай, біздің мақсатымыз – осындай игі істерді, жақсылықты жария ету.

Мамытхан Айдағараевтың игі істері жалғасуда, алда әлі талай атқарылатын іс тұр. Біз де Арыс қаласының ардақты азаматына сәттілік тілейміз!

Жансейя ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

АРЫС ШИПАЖАЙЫ

Арыстағы іс сапарымыз таңғы ауамен «Арыс» шипажайында жалғасты. Таза ауадағы жаныңа тыныштық сыйлаған мезет, ерекше көрініс кез келген жанды баурап алады. Осы шипажайдың жақында ғана атқарушы директоры болып тағайындалған Тамара Керімбайқы ханым бізді ерекше ықыласпен күтіп алды. Ол кісінің айтуынша Арыс шипажайы алғашында теміржолшыларға арналған демалыс болып ашылады. Көненің көзі, бұрынғының ізі бар демалыс орнын қайта жаңғыртудан өткізіп, халыққа қолайлы жағдай жасау үшін барынша тырысып жатқан Тамара ханымның ерлігі ерге бергісіз. «Бұл шипажайдың тарихы 1987 жылы ашылған. Ол кезде атағы дүркіреп тұрған еді. Балапан басына, тұрымтай тұсына, осы шипажайды басқарған адамдардың салғырттығының кесірінен біз көп мүмкіндіктерімізді жіберіп алдық. Бірақ мен осы жерге келгеніме көп болмаса да көп іс тындыруды мақсат етіп отырмын. Дағдарыс кезеңінде шипажайды құрдымға кетірмей сақтап қалудың өзі ерлік. Бүгінгі таңда мемлекеттен өз кәсібімізді жалғастыру үшін мемлекеттен үлкен қолдау күтеміз.



Жанға дәру дертке шипа – «Арыс»

Біз немен мақтана аламыз, 2500 метр тереңдіктен шығатын минералды суымыз, барлық ауруға ем балшығымыз, парафин, арнайы ванналар, денсаулыққа пайдалы себегілер, массаж кабинеттері, суы үнемі ыстық бассейндер, айналамыздың бәрі жасыл желек, тыныш аумақ, концерттік бағдарламалар, жылы жүзді қызметкерлеріміз және мықты мамандарымызбен мақтана аламыз. Қолда барда алтынның қадірі жоқ», деген. Іргеде тұрғаннан кейін бе, әлде көп адамның немқұрайлылығынан ба, осы «Арыс» санаторийіне көңіл бөлінбепті. Сары даланың ішіндегі оазистей болған шипажайдың іші қазір гүлге оранып тұр. Айналаның барлығы жап-жасыл. Ішкі жолдары жөнделіп, демалушылар үшін жағдайдың барлығы жасалған. Бас ғимараты жөнделіп, келушілерге ыңғайлы етіп қайта жасақталуда. Шипажайдың негізгі емі – батпағы мен минералды суы. Суын рапа деп атайды. Батпағының құрамы күкіртті сутегі, аммиак және микроорганизм тіршілігінен құралған. Түсі – қап-қара. Қолға жұғымды, денеге майдай жағылады. Суының құрамында хлоридті натрий бар. Сонымен қатар, калий, литий, темір элементтерінен тұрады. Батпақ

ауру түрлеріне қарай қолданылады. Оның өзі екіге бөлінеді. Жалпы және арнаулы процедуралар болып. Жалпы түрінде денені батпақпен орап, басты, көкірек клеткаларының алдыңғы бөлігін ашық қалдырып, қалған бөлігін лайға бөлеп тастайды. Арнаулы емде бел мен буындарды аппликация жасайды. Батпақ жылууды жыл он екі ай өзінің бойында ұстайды. Денеге орағаннан соң жылуын адам бойына таратады. Соның әсерінен терідегі рецепторлар арқылы жүйке жүйесіне тарап, қан айналымын реттеп, эндокриндік зат алмасу процестеріне әсер етеді. Емдік батпақ ауырған жердегі қан айналымын күшейтіп, қабынған тұсты тарқатып, қайта қалпына келуге ықпал етеді. «Арыс» шипажайы атап айтқанда, сүйек-буын, перифериялық жүйке жүйелері, гинекологиялық, урологиялық, асқазан, бауыр, ішек, және өт жолдарын, тері, үсік пен күйікке шалдыққандарды, поагра секілді ауруларды емдейді. Бұлар тұзды батпақпен, сумен, тампондар жасау, физиотерапия, минералды сумен емдеу арқылы іске асады. Шипажайда бүгінде 50 адам қызмет етіп жатыр. Емделушілерге қажет болса, диагностикалық тексерулерге жағдай

жасалған. Заманауи құрылғылар арқылы урологиялық, гинекологиялық тексерулер жасалып, қандағы қант мөлшерін анықтайды. Күніне үш мезгіл ем алушылардың ыңғайына қарай құнарландырылған тағам беріледі. Мұнда келген ағайындар тек емделіп қана қоймайды. Сонымен қатар, іргедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне, Арыстанбаб кесенесіне саяхат турлары да ұйымдастырылады. Батыс өңірдің тұрғындары жаз айларында негізінен Арыста жатып емделеді. Әсіресе, мұнай саласында қызмет істейтін адамдар шипасын осы жерден табады. Жыл бойына ыстық пен суықтың, аяз бен үсіктің, жауын мен дауылдың арасында жүретін мұнайшылардың жел-құзын жазып, бойындағы ауруын емдеп жібереді. Емделушілер бірнеше ай бұрын жазылып, орнын белгілеп қояды. Әйтпесе, салт басты салып ұрып келе салғанда орын болмайды. Міне, біз барған «Арыс» шипажайы халықтың денсаулығын жақсарту жолында жемісті қызмет ете береді сенейік.

Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Шүкірбеков Алмас Момынұлы, «Мубарак-Агро» шаруа қожалығының төрағасы:

Арыс қаласын бірге көркейтейік!



Атақ пен айкайды, даңқ пен дабыраны жаны сүйе қоймайтын жандар болады. Бірақ, олардың істеген ісі – ілкімді, шаруасы – мұқият. Тіршілігіне кісі қызығар, пайым-парасатына жан сүйсінер. Әсілінде, адамның адамшылығы – мейірімі мен көңіл шуағының өзінен артылып, өзгеге сәулесін түсіруінде, ары мен жанын ізгілікке толтыра білуінде сияқты. Ұрпағына берер ұлағаты өзінің қимыл-қаракетіне сай, білім-білігі бүгінгі берекетінің айғағы болса, мерейі одан әрі үстем бола бермек. Экономиканың драйверді ауыл шаруашылығы мен туризмді өркендету жолға қойылған уақытта еңбеккер жан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін терең түсініп, отбасылық бизнестің табыс көзі негізінде «Мубарак-Агро» шаруа қожалығының құрылыс жұмыстарын жүргізу үстінде.

Түркістан облысы, Арыс қаласына қарасты Қожатоғай ауылдық округінде іске қосылған «Мубарак-Агро» шаруа қожалығында ауыл шаруашылығы мен туризм дамытылады деп жоспарланған. 2021 жылы ғана жұмысын бастаған серіктестік бүгінгі таңда 700 бас қисары асыл тұқымды қой өсіріп отыр. Одан бөлек, 60 бас жылқы бар. Атақәсіпті қайта жандандыруды мықтап қолға алған серіктестікке қазірдің өзінде 200 млн теңге инвестиция тартылған. Шаруа қожалықтың төрағасы Алмас Шүкірбеков алдағы уақытта 500 басқа арналған мал бордақылау алаңын ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар қожалық иесі бұл жерді демалыс орнына айналдыру үшін құс және балық

шаруашылығын дамытуды көздеуде. Осы мақсатта ол қожалық аумағынан тауық, қырғауыл, тауыс (павлин), үйрек, қаз сынды 9 түрлі құс түрін өсіріп, сондай-ақ балық шаруашылығын дамытуды қолға алмақ. Алмас Шүкірбеков демалыс аумағында туристерге 3 үй, келушілерге арналған киіз үй, заманауи үлгідегі монша, бассейн, футбол және балалар ойын алаңшаларын салып, этноауыл ашуды жоспарлап отыр. Демалыс аумағын абаттандыру мақсатында биыл аталған қожалық иесі 8 гектар аумаққа бау-бақша өсірмекші. Атап айтқанда, 4000 түп (жиде, терек, тұт, қарағаш) тал егілсе, биыл жылы көктемде 10 000 түп (алма, жүзім, өрік, алмұрт, жаңғақ) егу жоспарда бар. Айта кетейік, құны 1 миллиардтан астам теңгені құрайтын серіктестіктің жалпы жер көлемі – 12 гектар. Жоба аясында 50-ге жуық азамат тұрақты жұмыспен қамтылады.

«Кәсіпті жақында бастадым. Қандай істе болсын тәуелсіздікке барып, аласармас биік мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбек ете бермекпін. Арыс қаласында осындай керемет жоба жүзеге асып жатса, табиғи таза өнім, саф ауа, жайлы орын, келген қонақтың немесе туристің көңілінен шығу міне біздің ұжымның басты ұстанымы болмақ. Мен ешкімнің ала жібін аттамай, берекелі ғұмыр кешуді ұстаным етемін. Қандай жетістіктерге жетсем де, ол – халықтың арқасы екенін әркез есімінен шығармаймын. Мамандығым – құрылысшы. Отбасым осы кәсіпті бастарда үлкен қолдау білдірді. Отбасыма келетін болсақ, әкем

Шүкірбеков Момын Шәріпбекұлы өмірден ерте кетті. Мамандығы есепші, өзінің саналы ғұмырын есеп-қисап бағытына арнады. Ол кісінің сүйікті ісі аншылық еді. Әкем мені әскери мектепте оқытты. Отан алдындағы борышымды өтеп, келген соң, шекара қызметінде еңбек еттім. «Мубарак-Агро» шаруа қожалығын құруды ойлап, кәсіп ашуға бел будым. Түгелдей өзіміздің маңдай терімізбен келген еңбек деп толық айта аламын. Елге тигізер пайдам, өз азаматтарымызды жұмыспен қамтып, қаламызда этноауыл ашылса деген ниетім мен ойым. Анам Әуелбекова Тіллә Шәріпқызы әкеміздің орнын жоқтатпай, аналық мейіріммен біздің амандығымызды Алладан тілеген асыл жан. Осы күнге жетуіміз Анамыздың арқасы. Анамыз бесуемізді өсірді, шаңырақтың шаттығына бөленіп екі қыз, үш ұл тәрбиелендік. Батыр есімді ағам, Нәзира әпкем, Әділ есімді інім және Азиза есімді қарындасым бар. Өзім де отбасымның іргетасын Әйгерім есімді арумен қалап, қазақтың қарақөз қызын әулетіме келін етіп, Айша, Мубарак, Хадиша есімді ұл-қыз тәрбиелеп отырмыз. Осы шаруашылықтың да атын ұлымның құрметіне қойдық. Бұйырса, бастаған кәсібімізді жандандырып, Арыс қаласын көркейтеу жолында үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалсам деймін. Біздің кәсібімізді көркейтуге үлес қосқан шаруашылық жұмысшылары Бейбітхан, Махамбет, Ыхтияр есімді азаматтардың еңбегі орасан зор. Адалдықтың исі аңқыған жерде әрқашан табыс пен парасаттың туы желбірейді, -деп ой қорытты.

Елдің ақ батасын алып жүрген, қайырымдылықты да жүйелі жолға қойған Алмас Момынұлы құрылыс саласы бойынша облыс әкімі Ө.Шәкеевтің Құрмет грамотасын алып, қала әкімі Г.Құрманбекованың қолынан «Арыс қаласын көркейтуге үлес қосқаны үшін» төсбелгісін алып, мерейі үстем болды. Елдің елеулі азаматының пікірімен біз де келісіп, басталған кәсібіне береке тілеп, сапарымызға аттанып кеттік.

Жансая НҮРҚОЖА





Монтай әулие

Арыс ауданы Монтайтас ауылы әкімшілігіне қарасты Шағыр ауылынан 750-800 метрдей оңтүстікте ұзындығы бір шақырымдай жсон созылып жатыр.

Жонның ортаңғы төбелігінде ескі қорым бар. Осы қорымды жергілікті халық «Монтай әулие қорымы» деп атайды. Ескі қорым сым темірмен қоршалған. Қорымның дәл ортасында, жонның төбесінде басқа молаларға қарағанда бөлекше бес-атты қабір орны бар. Қабір орны басқаларға қарағанда кеңірек, айналасы таудың қатпар тасымен қоршалған. Осындай қоршау тастың біріне «Монтай әулие» деп жазылған көк тастың сынықтары қойылған. Жон оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа созылып, шығысы екі мүйістен тұрады. Мүйістің екеуі де қатпарлы тасты келген. Сол қанат мүйістегі қатпар тас көбірек. Осы мүйісте биіктігі 1,50, ені 1,20 метрлік үңгір бар. Үңгір аузы жіңішкеленіп 3,0 метрден соң солға бұрылып, төбеден тесік болып шығады. Екінші мүйістегі қатар тас көлемі алау, мүйіс тұмсығы оңтүстік-шығысқа қараған. Осы мүйіс батыс қапталынан басталатын жол 850.000 метрге дейін оңтүстікке созылады. Жонның шығысы мен солтүстігін жағалай Сарыағаш Мәскеу теміржолы өтеді. Әділ Монтай өмірде болған адам. Ел әңгімесіне қарағанда өзі перзентсіз дүниеден өткенімен кейіннен ауылдастарына перзент сыйлайтын, түрлі мал ауруларына ем-дом жасайтын қасиетті, әулие кісі болған екен. Сол дәстүр сабақтастығы күні бүгінге

дейін жалғасын тауып келеді. сол маңның тұрғындары босана алмай жатқан аналарға Монтай атаның атын аузына алдырып, сол кісіден медет тілесе, көтермей жүрген әйелдер сол араға барып, тілек тілейді, ауырған малдарын қорымды үш рет айналдырып, кейде түнетіп те алады екен. Соңғы жылдары бұл дәстүр сирексігенімен, көнекөз қариялар осы дәстүрді есіне жиі алып отырады екен. Ол туралы 1950 жылдары жарық көрген «Құралай сұлу» киссасында толық мәлімет берілген. Руы - қыпшақ. Монтай әулие жатқан қорымға шырақшылық жасап жүрген Баймахан Полатбекұлы Барақатов игілікті істің ұйытқысы болып жүр.

Монтай тас туралы аңыз

Ертеде көп жыл перзент көрмеген Монтай атты кісі өмір сүріпті. Табиғатында әділ де жомарт, ешкімнің ала жібін аттамай, жүрген кісі болған екен. Сол қасиетіне байланысты ел-жұры Әділ Монтай деп атап кеткен екен. Күндердің күнінде жасы келіп қалған әйелі ұл тауып, сағынып көрген жалғыз ұлы екі жасында шетінеп, қатты қайғырады. Сол күндердің бірінде ақсақал: «Бұл өмірде армансыз адам бар ма екен?!» деп, маңындағыларға сауал тастапты. Содан ол кісі Қытай бағытындағы Сарыөзек деген жерде отыз ұлы бар армансыз Кеден би атты адамның хабарын есітіп, қасынан қырық жігіт ертіп, ол жаққа сапар шегеді. Сонда Келден би өзін арнайы іздеп келген Әділ Монтайды әр баласының үйіне бір күннен қонақ етіп, сыйлап, зор қошемет

көрсетеді. Соңғы баласының үйіне қонғанда ғана жөн сұрасқан екен. Келден би сапар мәнісін білген соң қонағына: «Сен ұрпақсыз болсаң да әділдігің мен жомарттығыңның арқасында есімің ел есінде мәңгі қалады» деп, Әділ Монтайды әулие ретінде атандырыпты. Еліне келіп, күйіктен құса болып дүниеден өткен Монтайдың денесін ауылдастары Шағыр ауылының оңтүстік-батысындағы тасты қыратқа жерлейді. Мүрденің айналасы тасты болғандықтан, Әділ Монтай жатқан тасты кейіннен «Монтайтас» аталып, кейіннен сол маңдағы ел де солай аталып кетті деседі. Ауылдық округ құрамына 8 елді мекен кіреді. Монтайтас, Атамекен, Шағыр, Қабылсай, Ақтас, Бақырша, Тоғансай, №42-разьезд. 1954 жылы Комунистік партияның Орталық Комитеті, Сов МИН СССР және СССР Жоғарғы Советінің шешімімен тың игеру мақсатында Жданов атындағы астық совхозы құрылды. Жданов совхозына Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д. А. Қонаев екі рет 1965 және 1968 жылдары келген. 1970 жылдардан асыл тұқымды қой совхозы, 1982 жылдан асыл тұқымды қой зауыты, 1994 жылдан Жданов атындағы асыл тұқымды қой зауыты, Монтайтас акционерлік қоғамы болып ауыстырылды. 1996 Монтайтас акционерлік қоғамы, Монтайтас жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып ауыстырылды. 1998 жылы Монтайтас жауапкершілігі шектеулі серіктестігі таратылды.

**Арыс қаласы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

Бақ қонып, қыдыр дарыған әулет

«Журналисті қаламы мен аяғы асырайды» демекші, артынып-тартынып, Арыс қаласының табиғаты көркем, адамдары мейірімді Монтайтас ауылына келіп қалдық. Бағытымыз ауылдың ақсақалы, ардагері Амангелді Сірнебайұлының үйі. Алыстан келген бізге ілтипат білдіріп, төріне жайғастырған ағаның алғұсын ниеті осы мақаланы бастауға шабыт ұялатқандай. Амангелді ағаның ауласы жайқалған желек, түрлі-түсті раушан гүлдермен көмкерілген әсем көріністерге толы екен. Отбасы табиғат сыйлаған кереметтердің бірі, сыйластық, жарастық орнаған орта. «Отан отбасынан басталады» деген керемет сөз бар. «Әке – президент, ана – премьер-министр, бала – қарамағындағы қызметкер» деген теңеудің мәні сонда болса керек.

Қай отбасы болмасын, өзінен тараған ұл-қызды имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Кейіпкерлеріміз – жарасымды отбасылық жұп Амангелді Төлепов 1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгiр қаласында ауылында дүниеге келген. 1954 жылы осы Монтайтас ауылына ата-анасының жұмыс бабымен көшіп келеді. Амангелді ағаның әкесі Сірнебай Төлепов Монтайтас ауылын көркейтуге үлес қосқан азамат. Егiн, мал шаруашылығы бойынша үздік қызметкер атанады. Амангелді Сірнебайұлы бізге берген сұхбатында өмір дариядағы естеліктерімен бөлісті.

Жанұяда қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мен ғұрыптарына берікпіз. Мәселен, беташар, тұсаукесер, бесік той, сүндет той, құдалық және Наурызкөже беру, уыз шай жасау, жылма-жыл берілетін соғымбасы ұмытылмайды. Сонымен қатар, ұлттық сусындар, тағамдар әрдайым жасалып тұрады. Бұл дүниелер біздің қанымызға ата-бабадан сiнген ұлттық құндылықтарымыз. Біз оны ұмытпауымыз керек. Ол арқылы ұрпағымызды тәрбиелейміз, дәстүрімізді жаңғыртамыз, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырамыз. Ең бастысы рухани байып, азық аламыз. Өмірдерегімізге келетін болса, 1969 жылы мектепті күміс медальмен бітіріп, экономист-бухгалтер болуды армандадым. Бірақ әкем мал шаруашылығы бойынша, зоотехник болуымды үгіттеді.



Содан төрт жыл дайындалып, армандаған оқуыма түстім. Алматы қаласында мал шаруашылығы бойынша 1978 жылы институтты қызыл дипломмен тәмамдадым. Әскерде Отан алдындағы борышымды өтеп келіп, 1976 жылы Сағасава Жайлаубала Исабекқызымен шаңырақтың іргетасын қаладық. 1977 жылы тұңғыш Гүлжан, 1978 жылы Ерлан, 1980 жылы Нұрлан, ал 1982 жылы Біржан есімді ұлымыз дүниеге келді. Балаларымыздың қанатын қомдап, үйлі-жайлы болуына ықпал жасадық, бүгінде барлығы шаңырақ шаттығына бөленіп

отыр. Гүлжан Сарығаш қаласында Ю.Гагарин атындағы мектеп директорының орынбасары, екі балам кәсіпкер, келіндерім де жоғары білімді. Үлкен немерем М.Әуезов атындағы университетті тәмамдап отыр. Тағы бір немерем дарынды балаларға арналған мектептің президенті, көшбасшысы. Немерелерімнің барлығы оқу озаты. Жолдасым Жайлаубала екі жоғары оқу орнын тәмамдаған. Ауылдағы ветеринарлық дәріханада еңбек етті. Айта керу керек, ол кісі М.Әуезов атындағы университеттің «еңбек пәнінің мұғалімі» мамандығын игеріп,

осы ауылдағы мектепте еңбек пәнінен сабақ берді. Мен өзім еңбек жолымды бас экономист болып бастадым. Аллаға шүкір, білім мен еңбектің арқасында өсіп-өнген әулетпіз.

Иә, 2016 жылы Қажылыққа нәсіп болып, Мекке-Медина қаласында мұсылмандық парызымызды өтеп келдік», - дейді Амангелді аға ағынан жарылып. Отан – отбасынан басталады» дейміз. Біздің де отбасы шағын мемлекет. Мен құдай қосқан қосағымды әрдайым жоғары бағалаймын. Ол – әулеттің ақылшысы, президенті. Оның тапсырмаларын балаларға жеткізіп отыратын үкімет басшысы – менмін, – дейді Жайлаубала апа күліп. Алтын құрсақты жан жас аналарға көп балалы болудан қорықпау керектігін айтады. Үйдің ырысы, шаңырағының шаттығы болған Жайлаубала ападан жастардың үйренері көп. Отбасындағы ерекше сыйластық, жас бұынға ой саларлық тағылымдары, ғибраты мол әңгімелері біраз жанға үлгі боларлықтай. Ұрпақтар сабақтастығын жалғаған, мерейі тасыған Төлеповтер отбасына қандай мақтау айтса да жарасады. «Келіні жақсы үйдің керегесі алтыннан» демекші, сұхбат барысында келіні Эльмира әңгімеге тартқанымызда ол үлкендердің ақ батасын алып отырғанын, анасы сырласы, ақылшысы екенін жеткізді. Мұндай үлкен қара шаңырақтың түтінін түзу түтету арқылы ата-енесінің ыстық ықыласына бөленетінін айтады.

Ал, «қарты бар үй қазыналы» деген сөзге сүйенер болсақ, Амангелді аға жас отбасылардың шаңырағы биік, керегесі берік болуы үшін сол үйдің үлкендерін өз ата-анасындай көріп, қабылдау керектігін, бақытты жанұя болу үшін шыдамдылық, төзімділік, өзара түсіністік болу керектігін аталық ақылы ретінде айтып берді. Міне, мұндай ұлттық құндылықты сақтайтын, саналы ұрпақ тәрбиелейтін, сыйластық орнаған шаңырақта бақыт та, береке де болары хақ. Осы ретте, біз де берекелі шаңырақтарыңызда шаттық пен қуанышты сәттер көп болсын деген ізгі тілегімізді арнадық.

Жансая НҰРҚОЖА



Мұңлық-Зарлық. Аңыз бен шындық



Қазақ еліне «Мұңлық-Зарлық» дастаны болып жеткен жырдың кейіпкерлері Мұңлық пен Зарлықтың Оңтүстік Қазақстан облысындағы кесенелеріне келіп көрушілер саны көбейген. Мұңлық моласы Арыс қаласы, Байырқұм ауыл әкімшілігіне қарасты Аққала елді мекенінен бір шақырымдай оңтүстік-шығысындағы ескі қорымда орналасқан болса, Зарлықтың қабірін Жиделі ауыл әкімшілігінен 4,5-5 шақырым жердегі көне моладан табуға болады. Ноғай мен қазақ деп бөліне қоймаған кезінде он сан ноғай ішінде Шаншар хан ел билеген. Оның алпыс әйелі болса да, балаға зар болыпты. Жасы алпысты алқымдап қалған хан, құдайдан бала тілеп жүргенде, сұлу қызға үйленсе, ұл мен қыз табатыны турасында түс көреді. Хан елдегі Жаудыр деген балықшы шалдың жалғыз Ханшайым есімді қызына үйленеді. Ханшайым егіз бала бір ұл, бір қыз табады. Бірақ, қалған әйелдері ханды алдап, Ханшайымды дарияның адам барса, шыға алмас аралына, екі баласын Шөгірлі тауына апарып тастайды.

Мұңлық пен Зарлық қиыншылықтың бар тауқыметін бастарынан өткеріп, бірі бой жетіп, бірі ер жетеді. Қалмақтың ханы Күлместің елін іздеп тауып, оның қызына үйлену үшін адам баласы төзе алмайтын сынақтарынан өтіп, қызды көп жасауымен

алып қайтады. Ақыр соңында анасы мен әкесіне қосылып, қырық күн тойын, отыз күн ойынын жасаған. Бұл оқиғада айтылған әрбір жер, су және оның атаулары осы күнге дейін сақталған. Мұңлық пен Зарлық жайында тың деректер көп. Мәселен, жергілікті қариялар аңыздағы егіздерге арналған мұнараны «Өте ескі дәуірде тұрғызылған» деп айтады. Бүгінде мұнараның күтімінің жоқтығынан құландысы ғана қалған, ол кам қыштан тұрғызылған. Халық оны «Мұңлық-Зарлық» дастанымен байланыстырады. Қазірге дейін адамдар мұнара орнына барып түнейді. Арыс қаласында Мұңлық-Зарлыққа арнап салынған символикалық ескерткіш бар. «Мұңлық-Зарлық» дастанын ел арасында қиссашыл ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы жазып алып, ауыздан-ауызға таратқан екен. Бертін келе Дулат Исабеков жазып шыққан пьеса театрда сахналанып жүр. Ол жөнінде Оңтүстіктен шыққан жазушы Мархабат Байғұт та өз толғанысын «Егемен Қазақстан» газетінде бөліскен еді. «Мұңлық-Зарлық» Шығыс жұртына ортақ дастан саналғанымен, қазақтың төл туындысы екенін ешкім жоққа шығара алмайтынын айтқан ол «Ағалы-қарындасты егіздер Зарлық пен Мұңлықтың көнеден келе жатқан кесене-күмбездері – осы Оңтүстікте. Арыс пен Сырдария-

ның, Ақдала мен Жиделінің аралығында. Жазушы-драматургтің туып-өскен топырағында. Дулат Исабеков қаршадайынан-ақ «Мұңлық-Зарлықтың» сағынышты сарынын, сырлы әуезін құлағына құйып, зердесіне түйіп өскен. Бәлкім, болашақ суреткеріңізді әдебиет айдынына жетелеп-жебеген де сол ғажайып дастанның дара әуені болар» деген еді. Осылайша жазушы «Мазарлары маң дала төсінде мұнартып, мұңды ызыңызатын ағалы-қарындасты егіздер тағдыры – өмірде болған шын оқиға. Бірте-бірте аңызға айналған, дастан болып өрілген» деп суреттейді. «Исабековше ишараланған» образдарға тәнті болғанын тарқатып айтқан жазушының жазушыға берген бағасынан бұрын, әулиелі аймақтың да тарихын шолып шыққанын тілге тиек еткіміз келген. Демек, бүгінде ауыз толтырып айтатын аңызды бар, тіпті театрда сахналанып жүрген «Мұңлық пен Зарлықтың», аңызға бергісіз Арыс аумағында жатқанын кейінгі ұрпақ құлағына сіңіріп өссе, оның несі әбестік?! Оның үстіне Оңтүстіктегі киелі орындардың қазірдің өзінде тек қана бет сипап, зиярат ететін ғана емес, тарихи орын ретінде де таныла бастағаны рас.

Дереккөз: Арыс қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен

Мейірім қонақтаған шаңырақ



Үлгілі отбасы – қоғам тірегі. Сәні мен салтанаты жарасқан берекелі шаңырақ әрдайым айналасындағыларға үлгі болып, қоғамға өз пайдасын тигізери хақ. Арыс қаласы, Монтайтас ауылындағы осындай өз ортасына сыйлы, жарасымды отбасылардың бірі – Елгоновтар жанұясы.

«Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деген еді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Шаңырақтың керегесі кеңейіп, уығы нық тұруы үшін шағын мемлекетте сыйластық қажет. Біз танысқан Елгоновтардың берік ұстанымдары – осындай. Жары

еріне, балалары ата-анасына, қарындастары ағаларына «Сіз» деп сыйластық танытқан жанұяның бір-біріне деген ізеті ең бірінші көңіл аудартады. Осыдан 22 жыл бұрын шаңырақ көтерген Ербол мен Гүлзира қазір жеті перзенттің ата-анасы. Ұрпағының қамын ойлаған Тастемір аға ауылда трактор тізгіндесе, анасы Тұрсынай апа мал шаруашылығына үлес қосып, бала тәрбиесін

қоса алып жүрген мықты кісілер болыпты.

Отағасы Ербол аға мен Гүлзира жеңгей бүгінде жеке кәсіпкерлер. Қыз-ұлдары бүгінде үздіктер қатарынан көрініп жүр. Ербол Тастемірұлының айтуынша, өзінің негізгі мамандығы – өнер саласын тәмамдаған. Осы Монтайтас ауылында дүниеге келген азамат орта мектепті жақсы тәмамдап, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «аспапта ойнау» мамандығын бітіріп шығады. 2000 жылы отбасын құрып, 2001 жылы тұңғыш ұлдары дүниеге келеді. Отбасындағы жылулық мен мейірімділік ұштасқан отбасында Жанасыл, Ерұлан, Көркем, Жанеркем,



Санжар, Мереке және Нұрислам есімді қыз-ұлдар өсіп келеді. Ербол мен Гүлзира қара шаңырақтың түтінін түтетіп, отағасы «Тастемір» шаруа қожалығын басқарып, ауыл халқына қызмет етіп отырған азық-түлік дүкенін ашып, кәсіптің сан саласын игеріп отырған еңбекқор отбасы.

«Мен көп балалы әулетке келін болып түстім. Менің жолдасымның анасы 16 құрсақ көтерген ардақты алтын құрсақты ана. Келін ененің топырағынан жаралған деп жатады ғой. Мен де көпбалалы ана атанып отырғанымна Аллаға шүкіршілік етемін. Жолдасым екеуміз қандай істі бастасақ та ақылдасып

бірге жасаймыз. Ербол екеуміз табыстырған өнер саласы. Балаларым әжесінің тәрбиесінде болды. Мен әулеттің кенже келінімін. Жаңа атап өткенімдей, жолдасым 11 қыз бала, 4 ер баланың ішінде тәрбиеленді. Мен есеп-қисап мамандығын бітіргенмін. Осы салада еңбек етіп жүргенде, енем отбасылық кәсіп ашуға ақыл-кеңесін берді. Ұлдарымыз грантка оқу түсті. Шаруашылықты 2005 жылы бастадық. Жолдасым Шымкент қаласындағы №1 дарынды балалар мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. Анамыздың қолдауымен, ұсынысымен елге келіп кәсіпті жалғастырып отырған жайымыз бар. Анамыз өмірден озғанына міне бір жылдың жүзі болыпты. Әр кез немерелеріне, бауырларына мейірімін аямаған асыл анамызды сағынамыз, еске аламыз. Ардақты жанның тілегі қабыл болып, дүкенді өзі ашып берді, наубайхана ашып, кондитерлік өнімдер пісіріп халық игілігіне қызмет етіп отырмыз деп ойлаймын», - дейді Гүлзира бізге берген сұхбатында.

Иә, текті әулеттен тараған ұрпақ ауылға үлгілі шаңырақтың қатарында. Тастемір аға мен Тұрсынай ападан тараған 71 немере, 82 шөбере ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып келеді. «Бар бақытымыз – балаларымыз» деп санайтын шаңырақ әр баланың өз несібесі барын біледі. Халқымыз отбасындағы әкенің рөлін әрқашан жоғары қойғаны белгілі. Бұл отбасы да дәл осы қағиданы берік ұстануда.

Отбасының мерейлі әрі өнегелі болуы жанұядағы татулық, бірлікпен өлшенеді. Жарастық орнаған шаңырақтың ғұмыры да ұзақ. Адам баласының ажары да, бақыты да отбасыдан басталады. Ендеше, көпке үлгі боларлық Елғоновтар секілді жас отбасылар көбейіп, қазақы болмысымызды сақтайтын, дәстүрімізді дәріптейтін, саликалы да салмақты ұрпақтарымыз өсе берсін демекпіз.

Жансая НҰРҚОЖА



Болашақтың баспалдағы



Бүгінгі ата-ана баласының балабақшада білім алып, тәрбиешінің тәрбиесінен өткенді құп көреді. Ол балаға ата-ананың уақыты жоқ дегенге келмес. Өйткені қазір балабақша тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағына айналды. Бұл бір жағынан болашағынан үлкен үміт күттіретін өскіннің сана сезімі жетіліп, айналасын танып білуіне үлкен септігін тигізесе, таңның атысы, кештің батысы қауырт жұмыстан қолы босамайтын ата-ана үшін де қолайлы. Ол қазір емес, сонау 1945 жылғы соғыс жылдарында да болған. Неге десеңіз, Қазақстандағы бөбекжай саны сол кезде күрт өсті. Ал ол аналарға майданда жұмыс істеуге, балаларға жай ғана тірі қалуға мүмкіндік берді. Қазіргі балабақша – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мекеме. Оған бүгінгі көзқарас осы. Арыс қаласында орналасқан «Алтын тұмар» бөбекжай – балабақшасы ең үздік мектепке дейінгі тәрбие беретін еңселі тәлім ұясы. Арыста болған жарылыстан кейін қайта жаңғыртудан өтіп, бүгінде балалардың жарқын болашағы үшін балабақша қызметкерлері аянбай қызмет етуде. Жарылыс кезінде 113 баланы аман-есен ата-аналарына тапсырған балабақша қызметкерлерінің батырлығы Ақорда төрінде бағаланып, балабақша меңгерушісі Гаухар Уалиханова ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың марапатын алыпты. Балабақша бүгінде жаңа кейіпте, айналасы гүлмен көмкеріліп, жеміс ағаштары жайқалып, ғимарат айналасы да іші де мұнтаздай тап-таза. Балабақша меңгерушісі балабақшаның бүгінгі жағдайы туралы біздің шығармашылық ұжымға айтып берген болатын.

лыптасып, ортамен тез араласуға, ойын ашық айтуға үйренеді. Осы тұрғыда Арыс қаласы, «Нұрсяя» мөлтек ауданындағы «Алтын тұмар» бөбекжай-балабақшасы қаладағы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңа бағыттарды жүзеге асырған тәлім ұясы. Істері көпке үлгі мекеме. 2014 жылдың қыркүйегінен ашылған балабақшаға биыл – 7 жыл толады. Қазіргі таңда балабақшада 9 топта 200 бала тәрбиеленіп жатыр. Қызмет атқаратын 24 педагог қызметкер, білімі бойынша жоғары білімді 20 педагог, арнайы орта білімді 4 педагог, оның ішінде жоғары санатты - 2, II санатты-14, «Педагог-модератор» болып 3 педагог жұмыс істейді.

-Балабақшаның қайта жаңғыртудан өткенін көріп отырмыз, педагогтардың оқу қызметін, мәдени шараларды ұйымдастыру жағы қалай жолға қойылған? Ата-аналармен жиі байланыс жасайсыздар ма?

-Біздің балабақша қызметкерлері әрқайсысы өз ісінің маманы. Балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз етеді. Бүлдіршіндердің өмірі мен денсаулығы басты назарда. Педагогикалық процесстерді ұйымдастыруда қолданылатын нысандар, әдістер мен құралдар балалардың жас ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктерімен сәйкестендірілген. Сонымен қатар балабақшада әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, оқу-қызметтері өткізіледі.

-Гаухар Шыналбайқызы, қайырлы күн! Өзіңіз басқаратын «Алтын тұмар» балабақшасы жайлы кеңірек тоқталсаңыз...

Балабақша – балалардың қоғаммен араласудағы алғашқы баспалдақ. Ұлттың ұрпағын тәрбиелеуде маңызы зор. Өйткені, бөбекжайда бүлдіршін танымдық деңгейін кеңейтіп, қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қа-



«АЛТЫН ТҰМАР»

Балабақша баланың жасына сай тіл дамыту, айналамен таныстыру, музыкаға баулуға арналған арнайы оқу құралдарымен қамтылған. Дене тәрбиесімен айналысатын бөлмелер, ән-күйге баулитын музыка залы бар. Саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеудегі ізденістері – сыртқы көрінісі түрлі-түсті бояулармен әспеттелген балабақша қақпасына енгенде-ақ, талғам мен талапқа сай әдеміліктен байқалады. Кәзіргі заман талабына сәйкес балабақшаның техникалық материалдық базасы жаңартылған, ғимараттың ішіне - 40 нүктеге және сыртына – 8 нүктеге бейне бақылау камералары қойылып, толық қамтамасыз етілген.

-Жеткен жетістіктеріңіз де аз емес екен. Тәрбиеленушілер қандай сайыс, байқаулар қатысты. Тәрбиеші-педагогтар ше?

Жүйелі жұмыс пен еңбекке деген қызығушылық балабақша жетістігін жыл санап еселетіп келеді. Білім беру саласындағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді еркін меңгеріп, жас бүлдіршіндерді оқыту мен тәрбиелеуде жоғары жетістікке қол жеткізді.

Бүлдіршіндеріміз мектеп жасына дейінгі балалардың арасында өткізілген облыстық «Айгөлек-2015» балалар шығармашылық байқауында үздік өнер көрсетіп жүлделі I орынға ие болды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің

25 жылдығына арналған, өскелең ұрпақты Отан сүйіштікке баулу, ұлттық рухта тәрбиелеу және билеу өнерін дамыту, жас талант иелерін табу мақсатында өткен дәстүрлі «Балапан» би байқауына қатысып, жүлделі I орынды жеңіп алды. 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өскелең ұрпақтың тәрбие жүйесін жүзеге асыру, баланы өмірге бейімдеу, топпен бірге жұмыс жасауға, ой-өрісін, қызығушылығын дамыту мақсатында өткізілген «Болашақтың негізі тәрбиенің бастауы» байқауында Бас жүлде иемденді. 2020 жылы қашықтықтан өткізілген республикалық «Күздік бояғыштар» байқауына қатысып тәрбиеленуші Махамбетияр Жәудір I орын, Бекболат Амина II орын, тәрбиеші Сауытбекова Ақтолқын I орын иеленіп дипломмен марапатталды. 2021 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында өтілген «Кесте тіккен келіндер» атты қалалық сайысқа тәрбиеші Ұ.Агнозова қатысып «бас жүлде» иемденгені үшін дипломмен марапатталды. 2021 жылы қалалық «Жылдың үздік тәрбиешісі» байқауында білімі мен біліктілігімен танылғаны үшін тәрбиеші А.Алтаева II орын иеленіп, «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің» дипломымен марапатталды. Бұл жетістіктердің барлығы бізге оңай келген жоқ. Мұның



барлығы балабақша ұжымының ынтымақтастығы мен бірлігінің, қажырлы еңбегі мен тірлігінің арқасы деп білеміз.

-Арыста болған жарылыс кезінде 113 баланы аман-есен ата-аналарына тапсырған балабақша қызметкерлерінің, сіздің ерен еңбектеріңіз ел есінде. Осы оқиғаға бір сәт оралайықшы.

-Иә, сол жыл қиын кезең болды Арыстықтар үшін. «Алтын тұмар» балабақшасы жарылыс ошағынан 100 адым жерде орналасқан. Дүмпудің дүлейінен шатыр ұшып, есіктер жұлынып, жиһаздар қирап, терезелері шағылды. Жарылыс болған уақытта

балаларға таңғы ас беріліп жатқан болатын. Қас пен көздің арасында болған оқиғадан үрейленбеген адам қалмаған шығар. Бірақ бізді алып шыққан ауызбіршілігіміз, қызметкерлеріміздің табандылығы мен шыдамдылығының арқасында 113 баланы аман-есен отбасыларына тапсырдық. Енді бұндай қиындықтар ел басына тумасын. Балаларымыз - болашағымыз аман болсын!

- Сүбелі сұхбатыңызға рахмет!

Балабақша ұжымына толағай табыс тілейміз!

**Сұхбаттасқан
Жансая ДҮЙСЕНБАЙ**





Адамзат баласы білім алу арқылы дүниенің тылсым сырларын оқып үйренеді, болашағына жол ашады. Білімді игерген әрбір жасөспірім техниканың тілін меңгереді, халықтың тұрмысын жақсартып, ауырын жеңілдетуге атсалысады. Тұңғыш ұстаз, ағартушы Ыбырай Алтынсарин:

Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл – оқу.
Қартайғанда мал тайса,
Сүйер болар бұл – оқу, – деп жастарды жүйелі, терең білім алуға үндейді. Алаш ақыны Мағжан Жұмабаев:

Кітап әпер, оқысын балаң қолына,
Малды аяма, оқу білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей адамзаттың тобына, – деп әрбір адамды баласын оқытуға, білім жолына түсіруге шақырады.

Арыстың үздік білім ұясы

Ұлағат ұясында қызмет атқарған ұстаздар қауымы зымыраған уақыт ағымына ілесіп, жүйіткіген замана көшінен қалмай, бойындағы барын, көкейдегі нәрін шәкірт тәрбиелеу үшін сарп етті. Сондықтан өмір белесінде инемен құдық қазғандай қыжырлы қызмет атқарып жүрген мектеп ұстаздары марапат төрінен көрінді.

Білім жолы мектептен басталады. Оқушы мектеп табалдырығын аттап, білім, тәрбие алып, қияға қанат қағады. Мамандық иесі болып, еліне, халқына қызмет етеді. Арыс қаласындағы, Монтайтас ауылындағы Бейсен Онтаев атындағы білім шаңырағы қаладағы үздік мектептердің қатарында. Батыр атындағы мектептің оқушылары дарынды, ұстаздары тәлімді тәрбие мен тереңді білімді игеріп келеді. Мектептің директоры Нұржан Адамбеков мектептің тынысымен таныстырды.

«Бейсен Онтаев Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Арыстың ардагер азаматы. Ол қатардағы жауынгер-барлаушы болған. Алдымен Кеңес әскері қатарына шақырылып, 1942-1945 жылдары Орталық майданда 65-Армия, Қызыл Тулы 69-Севск атқыштар дивизиясы мен 120-атқыштар құрамында жаумен шайқасқан. 1943 жылы



30 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Бейсен Онтаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен Алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылған. Монтайтас ауылындағы бұл мектепте Бей-

сен Онтаев ұзақ жыл еңбек етіп, жүздеген шәкірт тәрбиелеген тұлға. Мектепте оқушылардың дарындылығын ашып, дамыту үшін «Жас дарын» «Жас ғалым» ғылыми жобалар мектебі жұмыс істейді. Оқушының ізденіс қа-

білетін дамыту мақсатында пән мұғалімдерінің «КИО» олимпиада резервінің, «Жас ғалым» ғылыми жоба мектебінің жұмысы, дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспарлары, әдістемелік құралдар, авторлық бағдарламалар



бір жүйеге қойылған. Республикалық «информатика» пәнінен мектебімізден 6 оқушы қатысып І орынды иеленді. Түркістан облысы мектептерінің 2-11-сынып оқушылары арасында өткізілген «Алтын қыран-ерекше дарын иесі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен зияткерлік олимпиадаға 20 оқушы қатысып, 4-еуі орынға ие болды. Сертификатпен марапатталды. Облыстық «Менделевтің» химия пәнінен қалалық олимпиадасына 10 сынып Көгенбай Зере қатысып Мақтау қағазын алды. «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысына 20 оқушы қатысып, жүлделі орындарға 7 оқушы ие болды. Ұстаздарымыздың барлығы үнемі білімін жетілдіріп отырады. Республикалық, облыстық байқаулардан жеңімпаз атанған мұғалімдер мен оқушыларымыздың биылғы жылы да жетістіктерге толы болды. Атап айтар болсақ, Токтар Ұланбек, Дауылбай Балжан, Керімбек Олжас, Нәби Бейбарыс, Бекболат Әсел сынды оқушыларымыз олимпиадаларда жетістікке жетіп жүр. Мектепшілік озық тәжірибелі ұстаздар құрамы бекітілді. Ұлағатты ұстаздарымыз, Нысанбаева Жанат зерттеуші, Бапаева Асият зерттеуші, М.Ходжаева зерттеуші, Назаров Е-сарапшы санаттарын алып, биік белестерден көрініп келеді. Біздің мектебімізде Ұлы Отан соғысының қатысушысы Бейсен Онтаев атындағы арнайы кабинет ашылды. Кабинетте батыр ағамыздың қолданған бұйымдары, ол кісі туралы жазылған деректері, соғыс жылдарында жасаған ерліктері жазылған очерктер

қойылды. Кабинеттің ашылуына қала әкімі Г.Мамытқызы арнайы келіп, Бейсен ағамыздың ұрпақтарымен бірге мұражайымыздың ашылуына қатысты. Мектебіміз айбынды жастардан құралған әскери «Жас Ұлан» үйірмесі, бишілер, «Әжелер» ансамблі, спорттық үйірмелер тұрақты жұмыс істеп келеді. Бұйырса, келесі оқу жылына дейін білім ордасын күрделі жөндеуден өткіземіз деген жоспарымыз бар, міне сіздердің көрген ұлағат ұясы осындай. Әр мұғалім қазіргі жанартылған

білім мазмұнын жете игеріп, жаңа технологиялармен қарулана отырып, жан-жақты дамыған, білімді, отаншыл, еңбексүйгіш, адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықтарды бойына жинақтаған ұрпақ тәрбиелеуі тиіс. Мектебімізде осындай ізденуден жалықпайтын, кәсіби шеберлігін жетілдіруден талмайтын, жүрегі «шәкірт» деп соғатын мұғалімдер қатары молайып келеді. Биылғы оқу жылында білім беру саласында оң өзгерістер орын алып, ұстаздарымыз мол табысқа қол

жеткізе білді», - дейді бізге берген сұхбатында мектеп директоры Нұржан Әмірсейітұлы. 2021-2022 оқу жылын еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту үдерісімен қорытындылаған барша арыстық білім саласының қызметкерлеріне жемісті жеңіс тұңғырынан көрініп, білімнің биік белестерін бағындыруына тілектеспіз!

**Айзере ҚҰЛЖАНОВА,
Монтайтас ауылы**



Ауылдың ардақты азаматы



нәтижесін берді.

Табандылық пен еңбекті жанына серік еткен Елемес Рүстембекұлы туған жеріне сіңіріп жатқан еңбегі ерекше. Бір-біріне аға-бауыр болып сыйласқан ауылдың ажары күннен-күнге артып келеді. Экономикалық ілгерілеу, әлеуметтік әлеуеттің күш алуы ауыл тұрғындарының ұйым-берекесінің арқасы. Халқы басшысына бағынады. Басшысы халқын қадірлейді. Халық пен билік бірлесе отырып, еңбектеніп келе жатқан Байыркұм ауылында қай жағынан болсын өсім бар, өрлеу бар. Мал шаруашылығының қыр-сырын жақсы меңгерген Елемес аға Арыс қалалық фермерлер одағының төрағасы. Қызметтің сан килі баспалдақтарынан азамат 2005 жылдан 2017 жылға дейін Байыркұм ауылын тізгендеді. Міне, бүгінде 2017 жылы байы-

негізделіп, бүлдіршіндерге қызмет атқарып келеді. Елемес Рүстембекұлы 1976 жылы Сыздықова Баян Үсенқызымен отбасын құрады. Отбасында адалдық пен адамгершілік, сыйластық пен қамқорлықты ұстаным еткен олар 4 қыз, 1 ұл өсіріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып отырған берекелі шаңыраққа айналды. Қыз-ұлдарынан 21 немере, 1 шөбере сүйіп, олардың тәтті кылықтарына тоймай отырған бақытта ата-әже. Қыздары Қатирә, Ақтолқын, Айнұр, Тұлжамал ата-аналарының қамқоры болса, ұлы Бағлан қара шаңырақтың тұтқасын ұстаған, еңбекқор азамат. Әулеттің келіні Эльмира ата-енесінің ақ батасын алған үлгілі келіндердің қатарында. Міне, елдің қамын ойлаған Елемес ағамыздың бейнесі осындай. Көлік ішінде өміршең өлеңдерімен қазақтың ақын ақыны атанған Қадыр Мырзалиевтің:

Сусын қылар үмітін шөлдегенде,

Осы жерге перзентпіз сен де, мен де.

Мен барлығын сүйемін, Сөйте тұра,

Махаббатым ерекше ел дегенде... – деген ғажап өлеңі ойға оралды.

Шыңдығында, біз тақырыпқа арқау еткен Елемес Сариевтің Байыркұмға деген сүйіспеншілігі шексіз екеніне жазира даланың кереметі құм төбелер көз жеткізіп, керілген кең дала бүгін бала болсаң ертен қайырлы істеріңмен данаға айналасың деп тұрғандай көрінді. Адамдық қалпынан айнымаған ардақты азамат, ауылының, жерлестерінің алаңсыз тіршілігі үшін тер төгіп жүрген, отбасының алтын тірегі, ағайынның ардақтысы. Еңбек түбі – береке деген осы.

Ақылды, білімді, саналы, еңбекқор, талапшыл, ынсапшылдық. Адам баласының бойындағы бұл қасиеттер адамгершіліктің ең биік сатысынан орын алмақ.

Терең, өрелі ой қозғап, санаға салмақ салатын қазақтың нағыз айбынды азаматтарымен еліміз бірге жасап, өсіп-өркендеп келеді. Ананың ақ сүтімен дарыған кие, атаның қанымен сіңген қасиет адамның өмір жолында өсуге ықпал етері сөзсіз. Еңбегімен еңселі, еліне ардақты азаматтың бірі – Елемес Сариев.

Артық сөзі жоқ, бірақ, шындықты бетке айтатын, өз ісінің білгірі, еңбекқор ел азаматы бүгінде Арыс қаласы, Байыркұм ауылындағы «Бағдат» бөбекжай балабақшасының құрылтайшысы. Оқыған, зиялы әкенің темірдей тәртібін, үйде отырып, жарының жағдайын жасап, балаларының бабын тауып, шаңырағының шырайын келтіріп отырған ананың тәрбиесін көрген Елемес Рүстембекұлы әке мен шеше салып кеткен үрдістен айныған емес. Ол кісі 1954 жылы 4 наурыз күні Байыркұм ауылында дүниеге келген. 1980 алғашқы еңбек жолын 37 ПМК, совхоз құрылысы бойынша бастайды. Елемес аға Шымкент қаласындағы қазақ химия-технология институтын тәмамдайды. 1997 жылы «Шаңырақ» өндірістік кооперативтің төрағасы болып тағайындалады.



Қиын-қыстау заманда ауылдың азаматтарын жұмыспен қамтып, ауылдың ауызбіршілігін сақтап қалуды мақсат тұтады. Ауылының абыройын ойлаған азамат Байыркұм мекеніне әкім болып тағайындалады. Өз заманында Арыс қаласының білікті де білімді басшылармен тізе қоса еңбек етті. Алдыңғы толқын ағалардың өнегелі ізімен жүрген Елемес аға еліне сыйлы азамат бола білді. Ауыл халқымен тіл табысып, елді мекеннің әлеуметтік тұрғыда дамуына есепсіз үлес қосты. Қақ-соқпен ісі жоқ, бар білері атқарып отырған жұмысы, халқы алдындағы жауапкершілігі, елі үшін жасаған еселі еңбегі өз

рқұмдық балалардың бал мекеніне айналған «Бағдат» бөбекжай-балабақшасының құрылтайшысы. Балабақша жаңа стандартқа сай





Ана бақытты болса, әлем де бақытты

Әр пенде тағдырдың маңдайына жазғанын көреді, һәм өлшеп берген ғұмырын сүреді. Жаратқан иеміз біреуге таудай талап, ал біреуге бармақтай бақ берсе, біреуге таусылмас байлық пен ұзақ ғұмыр береді... Ауылдың шеті дөң болса, Ерттеулі тұрған атпен тең.

Ауылында қарт болса, Жазылып қойған хатпен тең, – деп бабаларымыз бекер айтпаған. Бұрынғының арты, бүгінгінің қарты болған абыз кеуде қарттарымыздың орны ерекше екеніне ешкімде талас келтіре алмас. Бабасының салт-дәстүрінің күзетшісі, әулеттік бірлігінің алтын казығы, ауылдың ақылшысы, немеренің қорғаны болған жетпістің жетеуіне жайғасып, абыройлы әже атанған, байлықпен таймас бақты жаратқан иеміз қатар берген Байырқұм ауылының тұрғыны Паштаева Кермекас Әбдінасырқызы жайында болмақ.

Апамызды барша ауыл елі танитын көрінеді. Ол кісі 1957

жылы осы ауылда дүниеге келген. Өзінің айтуынша, ата-аналары мал бағып, егін салған шаруа кісілер болған көрінеді. Расында, соғыс кезінде туған балалар балалықтың бал дәмін сезіне алған жоқ. Қабырғасы қатпастан қол еңбегіне, одан қала берді, колхоз-совхоздардың жұмысына араласып кетті. Еңбек есейтіп, өмірдің өзі бойына күш-жігер берген бойжеткен Кермекас апа қайсар қыз болып өседі. Біздің кейіпкеріміз 4 ұл, 3 қыз баланың арасында тәрбиеленеді әрі еңбекке ерте араласты. Ол кісі алғашқы еңбек жолын ауылдағы фермада бастайды. Ауылдың дамуына үлес қосқан Кермекас апа 1980-

1996 жылға дейін «Толқын» балабақшасында тәрбиешіліктен менеджерлікке дейін көтеріледі. 1996 жылдан 2015 жылға дейін М.Мәметова атындағы мектепте еңбек пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп, ауылдағы Әжелер ұйымының төрайымы.

Өмірдің қиындығын да қуанышын қатар көрген ардақты ана елінің амандығын, бейбітшілік пен берекенің бастауы тыныш өмір сүру деп біледі. Жастарға қазіргі таңда қандай білім алам десең де, қандай маман болам десең де барлық мүмкіндіктер беріліп отырғанын, тек ерінбей оқып, еңбек ету керектігін әңгіме барысында тілге тиек етті. Кермекас апаның бүгінде оннан астам немересі, екі шөбересі бар. Ұлдары ұяға, қыздары қияға қонып, еліміздің түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша қызмет етіп, бір – бір шаңырақ

иелері атанып отыр. Кермекас апаның өмірлік серігі дүниеден ерте озып кетеді. Жолдасынан ерте айрылған ана 1 ұл, 1 қыздың қанатын қағайтып, жоғары білім беріп, құтты ұясына қондырған. Ұлағатты ұстаз, ардақты ана, аяулы әже Кермекас Әбдінасырқызы аудандық ардагерлердің ішінде өтетін спорттық сайыстарға белсене қатысып, денсаулығын бірінші кезекке қоятын жан. Ұлы Нұрғали Байырқұм ауылындағы мектепте мұғалім, қызы Гүлвира Шардара қаласындағы Достық ауылындағы балабақша менеджері болып қызмет атқарады. Келіні Әлия да ардақты ұстаз. «Адам ұрпағымен мың жасайды» десек, мұндай мейірімді әжелері бар шуақты шаңырақтың шырағы сөнбек емес.

Жансая НҮРҚОЖА

Гаухар Саухимова, «Ұлсана» балабақшасының меңгерушісі:

Мен бақытты әйелмін



Нәзік жандыларға қандай мақтау айтсаң да жарасымды. Себебі бұл мақтау – құр мадақ емес, қардай аппақ, сұдай мөлдір ақиқат. Аты нәзік болса да, заты мықты, түн ұйқысын төрт бөліп, перзентінің саулығы үшін ештеңеден тайсалмайтын ақ жаулықты аналар - асылдардың асылы екендігінің айғағы.

бірге көріп, тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Қазіргі таңда Құдайдың берген 4 қызымыз бар. Төртеуіде оқуда озат, үлгілі оқушылар. Бұл біздің ең үлкен жетістігіміз деп есептеймін. Тұңғыш қызымыз Аяулым - студент, Дидар, Айару, Ұлсана есімді қыздарымыз мектепте оқиды. Алтындай қыздарымызды өсіріп, аялап жоғары білім алуға мүмкіндік жасаймыз деген мақсатымыз бар. Әр ата-ана үшін баласының өмірден өз орнын тапса, үлкен бақыт, қуаныш емес пе?

- Белгілі салада қызмет етіп келесіздер? Жеткен жетістіктеріңізге отбасыңыз қалай қолдау білдірді?

- Иә, біз Алланың қалауымен 2013 жылы 6 қыркүйекте «Ұлсана» балабақшасын аштық. Жолдасым Пернехан балабақша құрылтайшысы. Оған балалардың бал күлкісіне бөленген. «Самұрық» балабақшасы 2017 жылы 4 желтоқсанда ашылған болатын. Екі балабақшада 40-қа жуық ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып

отырмыз. Мен осы балабақшада меңгерушілік қызметтемін. Балалардың шаттық күлкісіне тең келер не бар? Бұл салаға келуге жолдасымның көрсеткен қолдауы үлкен ықпал етті. Материалдық, моральдық тұрғыдан әрдайым көмектесіп, жанымнан табылады. Осы тұста жолдасымға үлкен алғыс білдіргім келеді.

- Отбасы мүшелері, ата-анаңыз, бауырларыңыз, өскен ортаңыз туралы айтып берсеңіз.

- Мен үлкен отбасыда дүниеге келгенмін. Анам 9 құрсақ көтерген батыр ана. Мен үйдің ортаншы қызымын. Әкем ауылға сыйлы, құрметті кісі болған. Бірақ ерте өмірден өткен соң, анамыз қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырып, перзенттерін аяқтандырды.

- Отбасылық құндылықтар сіздің отбасыңызда қалай сақталған? Отбасылық бапты ұстанғандарыңыз қандай?

- «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» біздің басты отбасылық ұстанымымыз. Сыйластық орнан шаңырақта бақыттыңда тұрақтайтыны анық.

- Сіздің ойыңызша, қазіргі кезде балалар үшін сіздің балалық шағыңызбен салыстырғанда өмір оңай ма әлде қиын ма? Неліктен?

- Менің бала кезімде дәл қазіргідей білім мен технология дамымаған еді. Ал қазіргі балалардың өмірі мүмкіндіктерге толы. Менің қазіргі мақсатым келешек ұрпағымыздың білімді, білікті маман болу үшін бақытты балалық шақ жасап, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау.

- Бақытты шаңырақ болу үшін қандай қадамдар жасалуы керек?

- Ең бастысы – сыйластық деп ойлаймын. Ал қалған құндылықтар сыйластықтан бастау алады.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Саяжан ҚОЖА

«Жарасымды жанұя» журналы республикамыздың түкпір-түкпірін мекен етіп жатқан үлгілі жарасымы жарасқан отбасыларды насихаттайды. Осы ретте Арыс қаласының әкімдігімен бірлесе отырып, оқырманға қауымға сіздің отбасыңызды ұсынғымыз келеді.

Сұхбатымыздың алғашқы сұрағы, Отбасын қашан құрдыңыздар? Таныстықтарыңыз қалай бастау алды?

- Біз 1995 жылы желтоқсан айында Пернехан Әдепханұлы есімді азаматпен отау құрдық. Сол уақыттан бері жұбайым екеуміз өмірдің ыстық-суығын





Ең мейірімді ауыл – Қожатоғай

«Қайырымды істер марафоны» ұлттық жобасы аясында ұйымдастырылған «Ең мейірімді» байқауында Арыс қаласына қарасты Қожатоғай ауылы «Ең мейірімді ауыл» атағына ие болды. Айтулы іс-шара Павлодар қаласында өтті. Аталған жоба аясында қаламызға қарасты Қожатоғай ауылы ІІ орын жеңіп алды. Ал, Арыс қаласының тұрғыны Әлішер Мұратұлы Республикалық Жомарт жүрек байқауында «Жылдың үздік қамқоршысы» номинациясын жеңіп алды!

- Қожатоғай ауылының мейірімді ауылдар қатарынан көрініп, үздіктер сапына ілігуі, осы жерді ертеден мекен етіп, өмір сүріп келе жатқан жергілікті тұрғындардың о бастағы елдік қағидатына тікелей байланысты

деп есептеймін. Ауылымыздың елжанды перзенттері өздерінің тұрмыстарына қажетті нысандарды түлектер бастамасымен тұрғызып, жыл сайын туған ауылын ажарландырып келеді. Елдегі рухани жаңғыру бағдарламасынан да бұрын бастау алған бұл үрдіс қожатоғайлық ағайындар үшін жазылмаған қағида ретінде бүгінгі таңда түбегейлі қалыптасып үлгерді. Ауылымыз бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жобалар өте көп дейді «ең мейірімді» ауылдың әкімі З.Елшібаев. Еске сала кетейік, «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асып жатыр.



Жобаның басты мақсаттарының бірі – жақсылыққа жаны құмар адамдарды біріктіру және ұйымдастыру, қоғам мен адамдардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге

мүмкіндік беретін, жомарттық пен жақсылық идеясына негізделген қоғам құру.

**Арыс қаласы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

Бижан Қажы Жұмаханұлы, зейнеткер-ұстаз:

Отбасының берекесі имандылықта



Имандылық-адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш, қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына мінез-құлық жүйесіндегі ерекшелігіне көп көңіл бөлген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен кішіпейілділік, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған. Имандылық пен тәрбиені тура жолаға қойған Бижан қажы Жұмаханұлының шаңырағында қонақта болдық.

Жылулық пен мейірімділікке толы шаңырақтағы Гүлбаршын апаның ақ дастарханынан дәм татып, ақ батасын алдым. Бижан қажы Қансейітов 1957 жылы 18 маусым күні Қожатоғай елді мекенінде дүниеге келген. 1974 жылы он жылдық мектепті бітіріп, Шымкент қаласындағы педагогикалық институтты тәмамдайды. 1980 жылы білім ордасын тәмамдап, Амангелді мектебіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып, жұмысқа орналасады. Осы мектепте 40 жыл қызмет атқарып, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр. Бижан Жұмаханұлы 1979 жылы Гүлбаршын апамен отбасын құрады. Шаңырақтың шаттығына кенеліп, 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсіреді. Қыз-ұлдары Нұрғали, Ерғали, Сейтқали, Кәмила бақытты шаңыраққа айналып отыр. «Мен көпбалалы



әулетте тәрбиелендім. Біз бір ана, бір әкеден 6 ұл, 3 қыз өрбідік. Әкеміз Жұмахан қажы имандылықтың тәрбиесін қалаған мәуелі бәйтерегіміз еді. Бауырларым Шымкентте тұрады. 85 жаста анамыз бар. Қаладағы інімнің шаңырағында тұрады. Үлкен ұлым мал, егін шаруашылығы бар, жеке кәсіпкер. Екінші ұлымыз мектепте мұғалім, дене шынықтыру пәнінен сабақ береді. Үшінші ұлымыз үйде, қызымыз тұрмыста. Алланың қалауымен 13 немерелеріміз бар. Немеремнің үлкені Алматыда оқиды. Тағы бір немеремді бұйырса, медреседе оқытамын деп отырмын. 2020 жылы қажылыққа барып келдім. Бес уақыт намаз оқып, имандылық жолын отбасымызда сақтап келеміз. Жалпы имандылықтың мән-мағынасы «иман» деген сөзден бастау алады. Күнделікті өмірде адамзат «иман жүзді», «бойында иманы бар

екен», «иманды адам» деп, адам баласын иман сөзімен байланыстырып отырады. Иман дегеніміз – араб тілінде «әл-Иман», яғни «сенім» деген мағынаны білдіреді, ал имандылық дегеніміз – адамның күнделікті өмірде, қоғамда қалыптасқан іс-әрекеттерді іштей рухани тұрғыдан реттейтін ар-ұят, сабырлық, адамгершілік, адалдық, жомарттық, кішіпейілділік, ізгілік пен кісілік белгісі,- дейді Бижан қажы Жұмаханұлы.

Қорыта келе, еліміздің, халқымыздың және ұлтымыздың абыройы әрдайым жоғары, аяғында нық тұрған және бүкіл жер жүзі мойындаған керегесі кең дәрежеде болуы болашақ ұрпақтың бойындағы ұлттық сезім мен имандылықтың бар болуына байланысты. Ал бұл өз кезегінде елімізде бұрыннан қалыптасып кеткен салт-дәстүр мен отбасы тәрбиесіне байланысты. «Отбасының берекесі барша адамзатты адагершілікке, адалдыққа, мейірімділік пен парасаттылыққа жетелейтін бірден-бір жол – имандылықтан басталады. Сондықтан да қазіргі таңда жас ұрпақты тәрбиелеп отырған қазыналы ата-әжелеріміз, ата-аналарымыз неғұрлым иманды болса, жастарымыз соғұрлым ибалы болары анық», -дейді бізге берген сұхбатында.

Иә, қай кезде болмасын, отбасының адамзат ұрпағына ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен теңестіруге келмейді. «Отан – қуат, отбасы – шуақ» деп білетін ұлтымыз отбасының тыныштығы мен құндылықтарын бірінші орынға қойған.

Жансая НҮРҚОЖА



Еңбек еткен адамның еңсесі биік

Халқымыздың адамдық, адалдық болмыс-бітімін өзек еткен ағаларға артылар жауапкершіліктің жүзі ауыр. Дей тұрғанмен, ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын азамат аталудың жолы қиын, салмағы ауыр. Оны көтере білетін де, көсегесін көгерте алатын да бар, қадірін кетіріп, қиюын қашыратын да жоқ емес.

Әрине, ауыл ағасы болу жаспен өлшенбейді. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер» деп бабаларымыз қадап айтып кеткендей, мағыналы тірлікпен, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенеді. Ондай жандар арамызда жетерлік. Соның бірі еліне сыйлы, жұртына қадірлі, егемен елдің ертеңі үшін ерен еңбек етіп жүрген Мадияр Кекілбеков ағамыз әңгіме өрбітсек. «Жігіттің бағы емес, жұмыстың бабы билейді» дегендей, соның сәті енді түскен сияқты. «Бірлік бар жерде, тірлік бар», «Ағайын

тату болса ас көп». Бұл сөзді аузы дуалы бабаларымыз айтқан болатын. Айтып қана қоймай өмірлік ұстанымдарына айналдырған. Бүгінде осы қағиданы берік ұстанып, бірлесе жұмыс істеп жатқан ауыл азаматтарының бірі. Ол – кәсібіне адал, айналасына қайырымды, елмен етене жұмыс істеуге әзір тұратын арда азамат. Ол – өзінен гөрі өзгенің мүддесін алға қоятын және ырзық-несібесін тек Алладан ғана күтетін кәсіпкер... Ол – сүрінсе қайта тұратын, құласа қайта жүгіретін жігерлі жүрек иесі. Малдың жайын білген қазақ қойдың бағасын осы бір ауыз сөзбен берген. Қой кешегі өндіріс тоқтаған, еңбекақы мен зейнетақы көзден бұл-бұл ұшқан қиын кезеңдерде де қазақтың берекесін сақтап, ақша орнына жүрді, азығы да, киімі де болды. Қожатоғай ауылындағы кәсіпкер Мадияр Кекілбеков мал шаруашылығы бойынша ауылға үлесін қосып отыр. Ол 1969 жылы Қожатоғай ауылында дүниеге келген. Әкесі Кекілбеков Шахман, анасы Кекілбекова Перизат ауылдың сыйлы да қадірлі қариялары. Кекілбе-

ковтер әулетінде 4 ұл, 3 қыз бір-біріне бауырмал, мейірімді болып өседі. Мадияр ағаның үлкен ағасы Сарығаш қаласында, екінші бауыры Алматыда, мен інісі мен қарындасы Шымкентте, кішкентай қарындасы Ленгірде, үйдің кенжесі Нұр-Сұлтан қаласында ішкі істер органдарында қызмет атқарады. Шені полковник. Мадияр аға 1993 жылы отбасын құрады.

«Осы ауылдың тумасы Сануар Тасығанқызы скеуміз 3 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отырмыз. Өмірлік серігім ата-анамның жағдайын жасап, ақ батасын алып отырған ардақты ана. Тұңғыш қызымыз Лаура мұғалім, Созақ ауданында тұрады. Екінші қызымыз Көркем болашақ медицина маманы, ұлымыз Оспан - жеке кәсіпкер, Мөлдір ІТ мамандығы бойынша білім алуда, Астана қаласында оқиды, кенже ұлымыз Шәкәрім ауылдағы мектепте 7-шы сыныпта оқиды. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша, асыл тұқымды жылқы малы, қисары қой шаруашылығын өркендетуде үлес қосып келеміз Біздің ауылымыз мал шаруашылығымен айналы-

сады. «Мақсат» шаруа қожалығы 1000 бас қисары қой, 300 бас асыл тұқымды жылқы малын көбейтумен айналысып келеді. Шаруашылықта 4 адам жұмыс істейді. Мақсатымыз ауыл шаруашылығы бойынша үлкен жетістіктерге жетіп, ауылымызда асыл тұқымды мал басын көбейтіп, Қожатоғай ауылының көркеюіне үлес қосу.

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры жасампаздық еңбекпен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар, таным-талғамы тұрақты адамның ізгілік ізінен адаспай өтетіні хақ. Сонда ғана оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, беделі жоғары болады. Мадияр аға осындай мағыналы өмір сүрген ел қалалысы, жұрт мақтанышы. Осы жолдан таймай, бағыттан танбай алға жылжи беріңіз, аға!

Жансая ДҮЙСЕНБАЙ

Мейірімге толы шаңырақ



Әу бастан халқымыз отбасы ұғымын құндылыққа балаған. Ел арасында «қарашаңырақ» аталатын әдемі сөз бар. Әулеттің түп-тамыры тараған алтын ұяны осылай атайды. Оны ата-ананың мейірімі мен махаббаты шуақ шашқан мекен санауға толық негіз бар. Сондықтан оған үлкеннің де, кішінің де бүйрегі бұрып тұрады. Қазыналы қарты, бірлігі бекем балалары, татулығы жарасқан абысын-ажыны бар үй қашанда бағалы. Мұндай берекелі өмір ауаны қазақ отбасыларына тән. Міне бүгінгі кейіпкеріміз мейірімді жүрек иесі Жамал Қасымбек Асқарұлының шаңырақ шаттығымен бөліспекшіміз. Іс сапарда журналистің қауіпсіздігін, бар жағдайын жасауға ұмтылған ағамен әңгімеміз отының басында жалғасты. Әріптесі Әділхан аға Қасымбек Асқарұлын ауылдағы белсенді, беделді азамат екенін айтып мерейін көтеріп тастады. Зуылдаған көлікпен үйге жеттік. Алдымыздан ағаның асыл жары ақ жаулығын тағып, құшағын жая қарсы алды. Отбасының шаттығына айналған балапандар суретке түсеміз деп, әдемі киініп, дайындалып отыр екен. Отбасын-

дағы ерекше жылулық байқалған шаңырақ ауылға үлгілі отбасылардың қатарынан. Нұрзада жеңгей өзін таныстырып, балалары туралы, отбасы жайлы айтып берді. Қасымбек Асқарұлы 1970 жылы осы ауылда дүниесігін ашады. 1987 жылы мектепті тәмамдап, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Алғашқы еңбек жолын Шымкент қаласындағы ХРСУ мекемесінде жүргізуші болып бастайды. Мұнан кейін Қожатоғай қой заводы директорының жеке жүргізушісі, осы ауыл әкімінің жеке жүргізушісі болып еңбек етті. Қасымбек аға Кентау көпсалалы колледжінде «заңгер» мамандығын алып шығады. 2019 жылы ауыл әкімінің ұсынысымен «Еңбек даңқы» медалімен марапатталған. Бүгінгі таңда Қасымбек Асқарұлы ауылдық әкімшілікте статист болып қызмет атқарып келеді. «Біз 1992 жылы отбасымыздың іргетасын қаладық. Үлкен ұлым Айдар. Келінім Айжан. Қыздарымыз тұрмыста. Үлкен қызымыз Айдана Күйеу баламыз Бауыржан. Сафия, Жанболат есімді балалары бар. Екінші қызымыз Айгерім, жолдасы Бақдаулет, бөпесі Аяаулым. Үшінші қызы-

мыз Дамира, жолдасы Рақым. Расул есімді балақайды тәрбиелеп отыр. Кенже ұлым Нұрсұлтан Шымкент қаласындағы М.Әуезов университетін тәмамдап отыр. Үйдегі немерелерім Айбар мен Айкөркемнің қызығына тоймай, тату-тәтті күн кешіп келе жатырмыз. Менің мамандығым – мейіргер. Ауылдағы емханада жұмыс істеймін. Балаларымыздың бақыты үшін, жарқын болашағы үшін аянбай қызмет етіп келеміз» - дейді сұхбатында Нұрзада Сұлтанқызы. Нұрзада ханым медицина саласына еңбегі сіңгені үшін «Алтын дәрігер» медалімен марапатталған, білікті маман, аяулы жар, ардақты ана. Ауызбірлік, татулық мызғаман жерде ырыс, берекенің қатар жүреді. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деп бекер айтылмаған. Өнегелі отбасының іргесі өзара сыйластық пен ынтымақ болған жерде берік болмақ. Бұл – Жамал әулетінің басты қағидасы.

– Анамыз үнемі «отбасының ұйытқысы – әйел, ол жүрген жерде

береке жүруі керек» деп айтып отыратын. Барлық келінінің тату болғанын құп көретін. «Әрқашан өкпе, ренішке жол бермендер» дейтін. Әр ата-ананың тәрбие берудегі өзіндік ерекшелігі бар. Сол арқылы отбасы құндылығы қалыптасады. Ағайынның татулығы көп жағдайда әйел адамына байланысты. «Келіні татудың керегесі алтын» демекші ұл-қызы тату-тәтті күн кешіп, сыйластықтан ажырамаған бүтін бір әулеттің ұстанымы да осы болса керек. Адамның бақыты – бала. Бұл халқымыздың сан ғасырлық даналық тұжырымы. Біреу бақытын байлықтан, енді бірі даңқ пен атақтан, мансаптан іздейді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі секілді уақытша игіліктер. Халық санынның артуына Қожатоғай ауылы сүбелі үлес қосып жүр. Берекесі мен бірлігі жарасқан әулеттің балапандарын суретке түсіріп, шаңырақ шаттығы мол болсын ниетпен, тілегімізді білдірдік.

Жансаия НҮРҚОЖА





Белестерден ары асқан, берекесі жарасқан

Сонау ежелгі заманнан бері тоғыз жолдың керуенінде орналасып, шартарапқа өркениеттің шам-шырағын жаққан шаһарлар қаншама. Өйткені жол – халық қажет ететін тауар тасымалының тамыры, өркениет ағысының өзені. Бүгінде әлемдік нарықтың айналысы теңіз жиегіндегі порттардың экономикасына тебін берумен бірге құрлықтағы күре жолдың да маңызын күн санап арттырып келеді. «Жол жағалаған жоғын табады» демекші, жақында халықаралық және республикалық маңызы бар темір жолдың жиегінде қоныс тепкен Арыс қаласындағы іргелі елді мекеннің бірі - Жиделі.

Жиделі ауылдық округінде биыл өткен халық санағының қорытындысы бойынша 472 тұрғын үйде 3154 адам тұрады, оның ішінде Жиделі ауылында 2111 адам, Аққала ауылында 1043 халық тұрады. Биылғы жылы округтегі 2 елді мекенді табиғи газбен қамту жоспарда бар. Жи-

делі елді мекенінен ЖСК-354 млн тг. бағаланған 120 орындық клубты кітапханасымен қоса салуды жоспарға енгізілуде. Жиделі елді мекеніндегі ауыз су сапасының төмендігіне байланысты тазалау фильтр қондырғыларын ауыстырылады деп күтілуде. Аққала елді мекеніндегі 10 көшеге орташа

жөндеу жұмыстарын (көшелерге тас төсеу, асфальттау, аяқ жол салу, жарықтандыру) жүргізу. Жиделі, Аққала елді мекендерінің аумағын 1990 жылдан бері қордаланған тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстардан тазартуды басты назарға алып отыр. Жиделі елді мекеніндегі 9 көшені «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында орташа жөндеу жұмыстарын (көшелерге тас төсеу, асфальттау, аяқ жол салу, жарықтандыру) жүргізуді қолға алуда. Жиделі ауылдық округіндегі 3-К-1, 3-К-2 және 3-К-3 каналдарын тармақтарымен қоса күрделі жөндеуден өткізіледі деп күтілуде.

Жиделі ауылдық округі топырағында түгін түтеткендерді саясына алған мәуелі бәйтеректей

бұтағын кенге жайып, тамырын тереңге тартып келеді. Ондағы жұртшылықтың тірлігіне тың серпін беретін мүмкіндіктер жеткілікті, экономикалық өсім де көңіл қуантады, тұрғындардың татулығы да тамаша. Жаңа өмірге талпынған ауыл жұртшылығы жарқын болашаққа сеніммен қарайтындығын сезіндік. Ондағы көптің көкейінде жаңа әлеуметтік нысандар мен жарық көшелерге деген сұраныс барын байқадық. Берекесі жарасқан, белестерден ары асқан елдімекеннің келер күні толағай табыстарға толы боларына сенім артып қайттық.

Гаухар ӨТКЕЛБАЕВА,
Арыс қаласы





Бабагөй қария

Бүгінде бата беріп, бәтуалы сөз айта алатын адамның азайғанын ұят та болса, мойындаймыз. Астан кейін қол жайып, үлкендердің аз-кем күбірінен кейін бет сипап тұра беретіміз жасырын емес. Дегенмен, сөздің қасиеті бар деп ұққан қазақтан қара сөздің қадірі бір жола ұшып кеткен жоқ. Ел арасын іздесек, толассыз кеңішке жолығатынымыз анық. Ұлағаты мол, аузының дуасы бар қариялар кезігеді. Осындай шежіре кеуде қарияның бірі – Әкімхан Жауынбаев. Жиделі ауылы, Аққала елді мекенінде тұратын ақсақал 78 жаста. Ақ самайлы атаның үйіне арнайы барып сәлем беріп ақ батасын алдық. Қарияның кәрілікке бой бергісі жоқ. Сөйле десеніз, ағыла кетеді. Ұлағатты әңгіме де, тарихтан тәмсілді де айтады. Алайда, ақсақалдың баталы сөзі бәрінен басымырақ. Үлкендер ұлағатынан жиганынан бөлек өзі де ойдан сөз құрайды. Батаны жанынан шығарады. Іздеп барғанымызға іші жылып қалған

атамыздан «қанша бата білесіз» деп сұраған едік.

– Шырағым, соны санап көрді дейсің бе? Жастайымыздан үйренгенімізді, құдайдың аузымызға салғанын айтамыз ғой. Жұртқа жақсы сөз айтудан артық не бар. Дегенмен, сөздің қасиеті болады. Бата беру бала күнімізден естіген ескі әңгімелердің, өлең-сөздің сарынымен

қалыптасты – деді қария.

Әкімхан Жүсіпбекұлы 1944 жылдың 29 желтоқсанында Арыс қаласында дүниеге келген. Мектепті үздік аяқтап, Ташкент қаласындағы политехникалық институтына «түсті металлдар инженері» мамандығы бойынша білім алады. Оқу ордасын бітіріп, Қырғызстан мемлекетінің Ош қаласында Ұлытау зауытында



еңбек жолын бастаған. Отбасылық жағдайымен елге оралып, Шардара ауданында «Қызылқұм» массивінде әртүрлі сала бойынша ашылған 16 совхоздың жерлерін игеруге өз үлесін қосады. Харгос-Самара жол торабы бойынша Шымкент қаласы бойынша уческесінің бастығы болып қызмет атқарады. Әкімхан ақсақал Шардара өңірінің дамуына үлес қосқан ардақты азамат. Ауылдардың инфрақұрылымы, яғни жол, аяқ су, канал қазу жұмыстарын меңгерген Әкімхан Жүсіпбекұлы білгенін айтып, ауыл әкімдеріне, сала басшыларына ақыл – кеңесін айтудан жалыққан емес. Кейде тіптен ауыл шаруашылығы бойынша жасалатын жұмыстардың жоспарын сызып, жобаларды өзі жүргізіп отырады екен. Ол кісінің жеткен жетістіктері бір кітапқа арқау боларлықтай.

Бұл күн – заманның оңалған шағы дейді қария сөз арасында. Тірлігінді түзеуге, тыныш өмір сүруге бар мүмкіндік қарастырылғанын, соның бағасына жету қажеттігін өсиет етіп отырады.

– Қазір көп нәрсе түзелді деп санаймын өзім. Советтің заманында көптеген ұлттық құндылықтарымызды жойылып алдық. Шүкір ғой бәріне, өткен күндерден сабақ алып, болашаққа үмітпен қараймыз. Отбасылық журнал болған соң жанұямды атап көрсететіндерің дұрыс екен. Апаңмен таныстығымыз, мен оқуды аяқтауға жақын қалғанда өрбіді. Бұл кісінің шашы ұзын еді. Сөйтіп, 1972 жылы отау құрдық. Алланың қалауымен Әйіба екеуміз 3 ұл, қыз тәрбиелеп, өсірдік. Балаларымыздың барлығы сауатты, жоғары білімді. Талғат, Толқынай, Ербол, Сәбит, Тотыгүл есімді қыз-ұлдарымыз бүгінде тату – тәтті шаңырақтың иелері, 21 немере, 2 шөбере сүйіп отырмыз. Адам ұрпағымен мың жасайды емес пе? Мен ұрпағыммен бақыттымын. Жастарға айтарым, еңбек студент шаршамауымыз керек. Бәрі бірден құралмайды. Отбасылық қиындықтарға төтеп білсе ғана жарасымды жанұя бола алады, дейді бабагөй қария.

Көсем сөзді қария ойға оралған, ел аузынан естігендерін тағы бір баспа етіп шығарғысы келеді. «Қарты бар елдің – қазынасы бар» дейді қазақ. Осыдан артық ой сорабын түйіндейтін сөз жоқ шығар.

Саяжан ҚОЖА

Ұстаз. Аяулы ана. Асыл жар

Ұстаз – шәкірт бойына білім нәрімен қатар ақыл-парасат пен көркем мінез сіңіруші тұлға. Сол себепті ұстаз есімі қашан да ұлағатты. Ал осы ұлағат алып бәйтерек секілді жайқалған әулетте ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып жатса, оның орны тіпті ерек. Ұстаз алдын көрмеген жан жоқ. Өскелең ұрпаққа білім беруді өзіне кәсіп қана емес, өмірлік мәні қылған ардақты да қадірлі мұғалімдер өңірімізде баршылық. Солардың бірі – Жиделі ауылының тұрғыны, ардақты ана, сүйікті әже, зейнеткер-ұстаз Тасгүл Медетбекқызы Атығаева.

Жақсы ұстаз өз жолын қуатын шәкірт тәрбиелеп, ұстаз бен шәкірт арасында үзілмес сабақтастық орнатқанда ғана ұстаздың есімі ұрпақтан ұрпаққа таралары сөзсіз. Себебі, кез-келген салада, білім мен ғылымда болсын жетістікке жеткен жан әуелі өзінің алғашқы ұстазын еске алатыны белгілі. Кейіпкеріміз, зейнеткер ұстаз Тасгүл Медетбекқызы 1945 жылы Байыркүм ауылында дүние дида-рына келеді. Тараз қаласындағы педагогикалық институтының «филология яғни орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шығады. Тараз қаласында еңбек жолын бастап, сол қалада 23 жыл білім беру



саласында еңбек етеді. Денсаулығына байланысты Жиделі ауылына көшіп келеді. Ауылдағы Аққала орта мектебінде орыс тілінің мұғалімі болып 35 жылдай қызмет жасайды. Тасгүл Медетбекқызымен сұхбаттаса отырып, ол кісінің байсалды қалпын, сабырлы сөзін өзгелерге үлгі ететіндей қасиет деп ұқтық. Денсаулығы болмай жатса да,

сыр білдірмей, бізге сүбелі сұхбатын берген ардақты анамызбен ағымыздан жарылып әңгімелесу ерекше бір қуаныш сыйлады. Ардақты жан өмірінің серігіне айналған Жақсыбай Атығаевпен отау құрып, шаңырақ шаттығына кенеледі. Жақсыбай аға екеуі 3 қыз, 2 ұл сүйіп тәрбиелеп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. «Ең таза, ең адал жұмыс мұғалім мамандығы. Бес баламыз да, немерелерім де ұстаздық жолды таңдады. Бізді мұғалімдер династиясы десе де болады. Көпбалалы әулетке келін болып түстім. Жолдасым мал шаруашылығы бойынша жауапты қызметтер атқарды. Айналайын, 14 немеренің, 7 шөберенің әжесімін. Балаларымның ұлағатты

жолда өз орындарын орнықтырып, бақытта шаңыраққа айналып отырғаны үшін Аллаға мың да бір шүкіршілік етемін,-дейді Тасгүл Медетбекқызы. Еңбек студен еш жалықпаған, саналы ұрпақ тәрбиелеуді өмірлік мақсатына балаған өнегелі ұстаздың еңбек жолы ұрпаққа тағылым боларлықтай. Осы жылдар ішінде еңбегі ескеріліп, бала тәрбиесі жолындағы ерен өнегі мен атқарған игі істері үшін берілген марапаттары да жетерлік.

Ендеше біз де ұлағатты ұстаздың отбасына амандық, деніне саулық тілеп, сұхбатымызды қорытындыладық.

Саяжан Қожа





Ауылдың аты – Дермене

«Ертеде елді ағайынды қос жігіт басқарыпты. Мамыражай бір күні сырттан жау тиеді. Хандықты басып алады. Биліктен айырылған екеудің бірі қаңғырып кетеді де, екіншісі сол жерде көптің бірі болып қалады. Арада жылдар өтеді. Жатжұрттық хан қайтыс болады. Тұрғылықты халық қайтадан байырғы қалпына оралып, ескі хан тағына отырады. Ағайынды жігіттің үлкені бауырын іздеуге кіріседі. Жан-жаққа хабаршы жібереді. Ауыл-ауылға сұрау салады. Дүниенің төрт бұрышын шарлап жүргенде, інісінің дерегі шығады. Хабар жеткенімен, кері оралуға намыстанған бауыры жатжұрттық болып қала беруді таңдайды. Мұны түсінген ағасы ақ шүберекке бір түп дерменені түйіп, сәлемшілерден беріп жіберіпті. Орамалдың түйінін жазып, дермененің хош иісін емірене иіскеген жігіт ағыл-тегіл жылаған екен. «Шіркін, туған ауылдың иісі-ай» - деп... Көп ұзамай атамекенге оралыпты».

Бәлкім, бұл аңыз біздің ауыл жайында болса керек. Талай ғасырлар сырын бүккен Сырдарияға апарар – Арыс өзені ауылымды айнала ағады. Ертедегі Отырар қалаларының бір бөлігі біздің ауылмен шектесетінін өзім тапқан қыш құмыралар мен көне жәдігерлерден пайымдаймын. Тек бұл ғана емес, тарихи деректерде Абылай хан жантәсілім еткен мекенде – Арыстың жағасында десе, Бертіндегі аты аңызға айналған композитор Шәмші шабыттанып ән жазса, Дулат Исабеков повесть пен әңгімелерін арналаған қасиетті мекен. Иісі бойынды шымырлатып, сүлденді жидырып алатындай ашы, әлемде жойылып бара жатқан дермене өсетін жер – Дермене. Мен, өскен жерімнің өнегелі өткенімен, кемел келешегіне бағдар алғанын ауыз толтырып айта аламын. Асыға аққан Арыстың жағасында орналасқан ауылымыз – жері құнарлы, шаруаға жайлы. Дермене тұрғындары ауру-сырқаудан аулақ, себебі жеген еті, ішкен сүті өрістегі дермененің құнарында, жуған кірі, ішкен суы Арыстың өзені болғандықтан тері яки өкпе ауруларын мүлдем білмейді. Қазіргі таңда 300-ден аса отбасы мекен етіп, кішігірім шаруашылық пен мемлекеттік қызмет істеп келеді.

Ауыл жайын баяндар болсам, мақтанышына айналған азаматтар яки әлемге әйгілі шөбін жазармын. Бұл айтпақ әңгімем – Қостұраның тауындай қос мақтаньш жайында болмақ. 1974-78 жылдары Сықым Жиренбаев ағамыз басқарып тұрғанда, біздің кеңшар миллионер атанған деседі. КСРО аймағына танымал болған. Дермене кеңшары фармацевтикалық өндірістің дамуына қосқан қомақты үлесі үшін талай сыйлықтар алып, кино түсіруге

түрткі болған.

Дермене – асыл шөп. Бойы 50 сантиметрге дейін өсетін жартылай бұталы, көпжылдық өсімдік. Оңтүстік Қазақстанда, Арыс өзенінің бойында ғана кездесетін эндемик өсімдік. Гүл жармай тұрғанда, жапырақтарында улы зат – сантонин пайда болады. 1830 жылы дермене жусанының құрамынан алғаш рет кристалды «сантонин» деп аталатын шипалық қасиеті өте жоғары препарат алынды. Бұл препарат тек қана дермене жусанынан ғана дайындалады. 1880 жылы Шымкент қаласында дермене жусанынан сантонин өндіретін арнайы зауыт салынды. Арыс өзені Дермене ауылын айналып ағып өтеді.

Бойына талай сыр бүккен өзен жағалауы – сан ғасырлар куәсі. Көне Отырар шежіресі, әл-Фараби бабамыздың іздеріне, Абылай ханның жан-тәсілім еткеніне куә болған өзен. Шәмші атамды тәнті еткен табиғат сыйы. Кезінде КСРО астанасы Мәскеуге тікелей қараған ауылдың тұрғындары ауырамын деп еш қорықпайды. Кейде мен Арыс өзенінің

бойында қоныстанған дерменелік тұрғындар қандай бақытты деп те ойлаймын.

Себебі – туған өлкемде дәрілік шөп көп. Тек Табиғат-Ана сыйының бағасын біліп, қатарын молайтуға өз үлесімізді қоса алсақ болғаны. 1977 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында да 5 қорық Дермене және жусанды-сораңды эфемер өсімдіктер тобын қорғау үшін құрылған. Олар Ақдала, Бөріжар, Жамбыл, Темір, Шалдар.

Мақпал АУҒАНБАЙ,
Жазушы-журналист.

Исабеков Еркін, ұстаз:

Ұстаздық ұлық емес, ұлы қызмет

Алты Алаштың басы қосылғанда төр ұстазға беріледі. Себебі, ұстаз – елдің болашағын тәрбиелеуші, білім нәрімен сусындатушы. Келешектің қандай болатынын да осы ұстаз қауымының еңбегімен өлшеуге болады. Еңбек демекші, ауданымызда ұстаздықты ұлық тұтып, ұлағатты мамандықты еншілеген әулеттер аз емес. Осындай әулеттердің бірі Дермене ауылында тұрады. Ұлағатты ұстаздар әулетінің отағасы Еркін Исабековпен отбасы құндылықтары жөнінде сұхбат құрған едік.

-Еркін мырза, отбасын қашан құрдыңыздар? Таныстықтарыңыз қалай бастау алды?

2002 жылы маусым айының 29 жұлдызында отбасын құрдық. Таныстығымыз Арыс қаласында бастау алды.

-Белгілі салада қызмет етіп келесіздер? Жеткен жетістіктеріңізге отбасыңыз қалай қолдау білдірді?

Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет! Осы қызметте жолдасымыз екеуміз қызмет етіп келеміз. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» дейді қазақта. Әрине, бұл қызметтің қиындығы мен қызығы қатар жүретін қызмет. Бір салада қызмет жасағандықтан біз бір-бірімізді толықтырып отырамыз. Жалпы әулетіміз педагогтер әулеті десек те болады, сондықтан да бір-бірімізден қолдау табамыз. Сол себепті еңбегіміз де жеміссіз емес.

-Отбасы мүшелері, ата-ананың, бауырларыңыз, өскен ортаңыз туралы айтып берсеңіз.

Жолдасым Жақсыгүл Мүсірханқызы – орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі. Елімнің болашағы деп үміттенетін бүгінгі жас ұрпаққа білімін беріп, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеп, білімі мен өнегесін шәкірттеріне арнап, бойындағы бар күш-жігерін шәкірт тәрбиелеуге жұмсауда. Тұңғышымыз Дамир – Арыс гуманитарлық техникалық колледжінің «Болашақ тасымалды ұйымдастыру автокөліктегі қозғалысты басқару» 4 курс студенті. Республикалық, облыстық, аудандық волейбол жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Қызым Анеля 8 сыныпта оқиды. Оқу озаты. Анеля көп кітап оқиды және қызықты әңгімелерді айтуды ұнатады. Кенже қызым Аселя 6-сыныпта оқиды. Бұл қызымыз ең дәмді тағамдарды дайындағанды жақсы көреді. Кенжетай ұлымыз – Лесбек. Есім қоюда қазаққа үлкен мән берген ғой. Үлкендердің шешімімен атамның есімі қойылды. Бауырларымыздың да педагог екендігін жоғарыда айтып өттік. Ал, ұстаз – ол елдің айнасы. Осы атқа кір келтірмей, еңбегіміздің адал нанын жеп отырмыз деп есептеймін.

-Отбасылық құндылықтар сіздің отбасыңызда қалай сақталған? Отбасылық басты ұстанымдарыңыз қандай?

Отбасының өнегесі – Отан өнегесі дейді. Мектеппен бірге отбасы тәрбиесі де өте зор.



Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. Отбасы – таным бесігі, өркениет ошағы, үлгі өнеге бастауы. Ата-ананың күнделікті өмір тіршілігінде еңбегі, адамдық бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қатынасы балаға үлгі. Кез-келген отбасында ең бастысы – татулық, сыйластық, жанұя мүшелерінің бір-біріне деген махаббаты, қолдау және төзім болса, бұл отбасы ең бақытты әрі алар асулары көп болады

деп есептейміз. Міне, біздің отбасымызда осындай құндылықтар мен ұстанымдар әлі күнге дейін берік сақталып келеді.

-Сіздің ойыңызша, қазіргі кезде балалар үшін сіздің балалық шағыңызбен салыстырғанда өмір оңай ма әлде қиын ма? Неліктен?

Балалық шағын патшаның тағы. Балалық шақ – адам өміріндегі ең ғажап уақыт. Ол кімді де болмасын сағынтпай, аңсатпай қоймайды. Балалық тәтті қылықтарың, айналаңның елжіреп, мейірім төгуі, бәрі де санадан берік орнап, жаныңа жылу ұялатады. Дегенмен, қазіргі таңда біз өзімізді бақытты отбасыға жатқызамыз. Өмір сүру оңай деп ешкімде айта алмайды. Менің замандастарым неше бірқилы замандарды басымыздан өткізудеміз. Қиындықтарға қарамастан, ұл-қыздарымызды өмір сүруге, өмірді сүруге, өмірді сүйуге, оған деген құштарлықты оятуда жастарға дұрыс көзқарас коноды үйрету керек. Сол кезде өмір сүру де жеңілдейді.

-Бақытты шаңырақ болу үшін қандай қадамдар жасалуы керек?

Бақытты шаңырақ болу үшін шындығында да қандай қадамдар жасауымыз керек? Алдымен «бақыт» деген сөздің терең мағынасына бару керек деп ойлаймын. Мен үшін ол «денсаулық», «сүйікті іс», «сүйкімді балалар», «отбасындағы татулық пен жарасымдылық», түсінісу. Ал, бізде осының бәрі бар, онда «бақытты шаңырақ» болу үшін біз осылайша нық қадамдар жасап келеміз.

-Сұхбатыңызға рақмет!

Саяжан ҚОЖА

Жарасымы жарасқан жанұя



Ауыл - қазақтың алтын бесігі, қуат-берекесі. Әдет-ғұрпымыздың, салт-дәстүріміздің қаймағы бұзылмаған қара шаңырағы. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны тамған, маңдай тері төгілген келелі мекен. Сондықтан да, ауыл әр қазақ үшін ыстық, қымбат. Дермене ауылының атын

жақсы жағынан шығарып жүрген азамат Мақсат Токболаев жайлы оқырман қауымға насихаттасақ дейміз. Иә, жусан иісі аңқыған ауылдың ауасын жұтып, мал шаруашылығына үлес қосқан азаматтың беделі биік, абыройы асқақ.

Қарапайымдылық дейтін асыл

қасиетті қанына сіңірген Мақсат Рахымжанұлы 1982 жылы дүниесігін ашқан. 2000 жылы Ж. Тәшенов атындағы мектепті тәмамдап, жоғары білім иесі атанады. 2004 жылы Шымкент үздіксіз білім беру колледжінде 1,5 жылдай сабақ береді. Ағасы Ербол кәсіп ашуға мұрындық болады. 2008 жылы өмірлік серігі Эльмирамен бас қосады. Отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырған жарасымы жарасқан жанұя. Жандәулет, Мұхамедәлі, Мағажан, Керемет, Айкөркем есімді ұлықты ұл, қылықты қыздарға тәрбие беріп отыр. Мақсат Рахымжанұлының өмірде ұстанымы «қоғамға пайдан біреудің ала жібін аттамай, қазақты тәрбие сіңірген азаматтың ата-анасы мен бауырларының мақтаншытары. «Бақытты шаңырақ болу үшін батыл қадамдар мен батыл шешімдер шығару керек деген ойдамын. Қазақта «үйлену оңай, үй болу қиын» деген жақсы сөз бар. Отбасы екі адамның бір-біріне деген сенімі, сыйластығынан құрылуы тиіс. Біздің балалық шағымыз совет заманында өтті. Ол заманда байлықтан бұрын мейірімділік, ұят, адамгершілік қасиеттер жоғары бағаланатын. Қазір керісінше байлық бірінші орында, жақсы қасиеттер кемшін қалып жатады. Отбасылық құндылық дегеніміз – ең бірінші сенімділік, сыйластық. Сыйластық бар жерде бәрі жақсы болады. Одан кейін

төзімділік, шыдамдылық болуы керек. Өмірде түрлі жағдайды бастан кешіреміз. Алдымыздан небір қиындықтар, сынақтар күтеді. Соған қарамастан екі жас бір-біріне сеніп, құрметтеп, бәріне сабырлық танытса, сонда ғана берік отбасыға айналады. Перзент – аманат, Алланың берген сыйы. «Балаңды жеті жасқа дейін патшандай көр, он бес жасқа дейін құлша жұмса, одан кейін досыңдай сырлас» деген қазақта жақсы сөз бар. Тағы да дана бабаларымыз «Балаңды аясаң, аяма» дейді. Бұл сөздердің астарына үңілсеңіз тұнып тұрған тәрбие жатыр. Баланы бағу – оған міндетті түрде қымбат киім кигізіп, қымбат дүние эпелу емес. Дұрыс бағыт берсең, талантын аша білсең, жастайынан еңбекке баулып, біліммен сусындатсаң, ары қарай өзі-ақ талпынады. Аллаға шүкір, ұл-қыздарымыз өмірден өз орнын тапса, жақсы өмір сүріп жатыр. Анасы екеуміз балаларымыздың ортасында тек бақыттарын тілеп отырмыз. Отбасымызда қандай жағдай болмасын ашық айтып, ақылдасамыз, бірге шешім қабылдаймыз. Өйткені ынтымақ пен бірлік – шаңырақтың негізгі ұстанымы болуға тиіс, -дейді Мақсат Токболаев. Жарасымы жарасқан жанұяға біздің шығармашылық ұжым отбасына бақыт, шаңырақ шаттығын тілейміз.

Гауһар ӨТКЕЛБАЕВА,
Арыс қаласы



Спатай Бердіқұлұлы, № 32 Ә.Жангелдин атындағы мектептің мұғалімі:

Спорт – өмірлік серігім

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып-үйрететін абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк қуаңбырмен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі – ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Смайлов Спатай Бердіқұлұлы да – өмірінің саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардақты ұстаз, бүгінде шәкірттерінен бөлек, Арыс халқы құрметпен бас иетін ардақты жан.

Бұл күнде қасиетті қара шаңырақ атанған Арыс қаласындағы №32 Ә.Жангелдин атындағы мектепте шәкірт тәрбиелеп келеді. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ауданның білім саласында Спатай Смайловтың төккен тері мен еңбегі ерен екенін көзі қарақты адамның бәрі біледі. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрдерін тәрбиелеп шығару – екінші бірінің қолынан келе де бермейді. Алтынша Нағашыбайқызы екінші бірінің қолынан келе бермейтін, қызығынан қиындығы көп, көзге көріне

бермейтін осынау салада талай ұйқысыз таң атырды, демалысыз күндерді басынан кешірді. Спатай Бердіқұлұлы спорттың жанына серік еткен жан. Мектептің абыройын асқақтатар талай шәкіртті шындап, тәжірибелі ұстаз атанды. Ол кісі 1959 жылдың 25-ші қазанында Арыс қаласында дүниеге келген. 1974 жылы Отырар ауданындағы Отырар мектебіне қабылданып, 10 сынып аяқтайды. 1977 жылы Шымкент қ ШТФК-ның дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. 1979 жылы Қызылорда облысы, Тартоғай елді мекенінде Тартоғай мектебінде 2 жыл жұмыс жасайды. 1981 жылы Отырар ауданы, Шәуілдір елді мекенінде интернатта жұмыс жасайды. 1992 жылы Арыс қаласына №1 спорт мектебіне бокс үйірмесіне жағтықтырушы болып қабылданып 1992-1997 жылдары жұмыс істеп, қызметтің сан түрлі баспалдағынан өтеді. 1998 жылдан бастап №32 Ә.Жангелдин мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқаруда.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, білім мен тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Спатай Бердіқұлұлының тәлімін көрген шәкірттері де аудандық, облыстық, республикалық білім байқауларында топ жарып, ұлағатты ұстаздың даңқын асырды, мерейін өсірді. Атап айтар болсақ, 1998 жылдан бастап волейболдан қыздар арасында бірнеше дүркін



аудан жеңімпаздары, 2011 жылы волейболдан облыстық волейболдан жарыста 2 және 3 орын иегерлері, Талдықорған қаласында отырып ойнайтын волейболдан (мүгедектер арасында) Қазақстан чемпионатында 2 орын, классикалық волейболдан Қазақстан чемпионатында 2 орынды жеңіп алып, мерейлері үстем болған. Спортты серік еткен Спатай Бердіқұлұлы 2019 жылы «Жас ұрпаққа сапалы білім саналы тәрбие барудегі игілікті істері және ұлағатты ұстаздық жолындағы шығармашылық ізденістер арқасында өз шеберлігін біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны» мадақтамасымен марапатталған. Спатай ағаның шәкірттері 2005-2006 жылғы ұлдар арасында өткен волейбол жарысынан 3 орын иеленген. Ұлағатты ұстаз Тоғызқұмалақтан үздік команда жасақтағаны үшін марапат биігінен көрінген. Спатай Бердіқұлұлы 2017, 2018, 2019

жылдары волейболдан Арыс қаласының мұғалімдер арасында өткен жарыста 1 орынды жеңіп алады. Спатай Бердіқұлұлы өз ісін бар ын-тасымен жақсы көрді. Шәкірттеріне ақ жарқын болғанымен, қызметіне қатал болды. Спорттық нормативтерге келгенде талапшыл екенін көрсетті. «Жаттығуда тер төккен, соғыста киналмайсың» принципіне сай аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсетін енжарлар мен жалқауларды аямайтын. Ер азамат шыныққан шымыр болуы керек дейтін ойды ұстанады. Спатай Бердіқұлұлының Отанға деген адалдығы, спортқа деген сүйіспеншілігі, қызметке деген риясыз берілуінің және өзінің тумасынан қалыптасқан азаматтық һәм адами қасиеттерінің арқасында бақытты өмір сүрудің кілтін тапты. Елім деген ерлерім аман болғай!

Жансая НҰРҚОЖА



Шығармашыл ұстаз – Күлпан Тілепова



«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер». Яғни, балаға отбасында берілген тәлім-тәрбие өмір жолын айқындайтын басты темірқазық және азық деуге болады. Біздің қоғамымызда әйел адам тек қана отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға емес, ол мемлекеттің дамуына да араласатын белсенді мүшесі. Бүгінгі қазақ әйелінің болмысы қандай болу керек? Өнегелі тәрбие бесігінде тербелген ата-ана мейірім махаббатына бөленіп, олардың өмір жолын жалғаған, мәуелі бәйтеректі өсіп-өніп отырған жанұяға қонаққа келдік.

Біздің кейіпкеріміз Тілепова Күлпан Ошақбайқызы 1966 жылы дүниеге келеді. Ұлағатты ұстаз Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Ендеше білім саласының білікті маманын әңгімеге тартып көрейік:

Қайырлы күн, Күлпан Ошақбайқызы,

әңгімемізді өскен ортаңыздан, балалық шағыңыздан бастасaq?

-Мен 1966 жылдың 9 қазанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Рысбек батыр елді мекенде дүниеге келдім. 1973 жылы Жамбыл атындағы мектебіне барып, 1982 жылы тәмамдадым. 1982-1986 жылдары Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогтік училищесінде білім алдым. 1986 жылдан бастап еңбек жолын Рысбек батыр ауылында Жамбыл атындағы атындағы жалпы орта мектебінде мұғалім қызметінен бастадым. 1989 жылдан бастап Арыс қаласындағы Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келемін. Балалық шағым ауылда өтті. Бала күнімнен бала оқытуды армандайтынмын. Әдемі киініп, үнемі ұстаздың кейпін сомдайтынмын.

-Өмірлік серігіңіз, балаларыңыз жөнінде айтсаңыз?

-Отбасы барлық кезде адами құндылықтар, ұрпақтардың мәдени және тарихи мұрасы

сақталатын асыл ұя, қоғамның іргетасы саналып келеді.

Аллаға шүкір бақытты шаңырақтың иесі болып келеміз. Жолдасым екеуміз 1 ұл мен 4 қыздың ата-анасымыз, тәп-тәтті 6 немеренің әжесімін. Ұлымыз Мақсат студент. Үлкен қызым Айдана анасының жолын қуып ұстаздық жолды таңдаса, Жазира мен Ақтолқын бірі дәрігер, бірі медбике. Ләззат заңгер мамандығының иесі. Осы еңбек еткен уақыт аралығында білім беру саласында елеулі еңбектер атқардым деген ойдамын. Шығармашыл, ізденімпаз ұстаздар қатарында болып, түрлі деңгейдегі байқаулар, кәсіби жарыстарға қатысып жүзделі орындарды иеленіп келемін. Әр күн сайын шүкіршілік айтып, балаларымыздың абырой биігінде жүріп, аман болуын тілейміз.

Ұстаздық жолда жеткен жетістігіңіз, еңбек жолыңыз?

-Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға демекші менің педагог ретінде айтарым үлкен шыдамдылықты талап ететін мамандықта жетістікке жету үшін балалардың жан-дүниесіне үңіле білу қажет. Пәнді оқытуда өзіндік шығармашылық тәсілдері мен өмір талабына сай әдістерді қолдана білу басты қағидам. Әкімшілік тарапынан оқу және тәрбие жүйесінде қол жеткізген жетістіктерім үшін алған мақтау қағаздар мен алғыс хаттарым бар. Қалалық, облыстық семинарларда үздік сабақтарының тәжірибелері таратылды. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі жолында көптеген жетістіктерге жетіп келемін. Оқушыларымыз қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларда жоғары білім деңгейін көрсетіп, мектептің абыройын асқақтатуда. Ибатбеков Абдисалам «Qazaqstan» РТРК» АҚ ұйымдастырған «DARYN» тележобасына қатысып, үздік оқушылардың бірі атанып, мектебіміздің абыройын көтерді. Тілеухан Ердулет оқушылардың Кіші Ғылыми Академиясының байқауына қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жунисова Хадиша қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша аудандық пәндік олимпиада жеңімпазы болса, Тастан Дінмұхаммед сынды шәкірттер аудандық, облыстық мәнерлеп оқу, көркем сөз оқу шеберлері сайыстарының топ жарған жеңімпаздары. Облыстық, аудандық білім бөлімдерінің, білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының, Арыс қаласы әкімдігінің алғыс хаттары және грамоталарымен марапатталған. Жұмыс барысында тәжірибелі маман ретінде өзінің міндеттерін белгіленген мерзімде орындауға жауапкершілікті, ұжымдастарының алдында беделді, әрқашан жаңалыққа құмар, ізденімпаз, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде оқушы бойына ұлттық құндылықтарды, ұлағатты өнегені дарыту жолын аянбай қызмет ете бермекпін. Айта берсек, жетістік жетерлік, марапат көп.

Әңгімеңізге рахмет!

Осындай берекесі, бірлікте ұйған отбасы татулықты басты байлығы санайды. Ұрпақ тәрбиелеп отырған ұлағатты жанұя жақсылықтың басы - бірлік пен сыйластық деп танимын деп өз сөзім тәмамдады.

Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ,
Арыс қаласы

Қаймахан Тұрдалыұлы, №32 Ә.Жангелдин атындағы мектептің мұғалімі: Қолөнер – зор өнер

Атақты өнер адамы Серке Қожамқұлов «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін», - деген екен. Шын атауында, әр адам ұстаз алдында өмір бойы шәкірт болып қала береді. Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар - біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп Абай атамыз айтқандай, бүгінде осы ұлы жолда аянбай еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қоятын асыл жандар өте көп. Сонымен қатар атадан қалған өнерді өлтірмей, осы күнге дейін жалғастырып келе жатқан шеберлер де баршылық. Бірақ, саналы ғұмырын ұсталыққа арнағандар, әрине аз. Сондай жандардың бірі де, бірегейі Арыс қаласының тұрғыны, жыл ұстаздық жолда еңбек етіп келе жатқан №32 Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Серманизов Қаймахан Тұрдалыұлын ерекше атап айтуға болады. Қаймахан Тұрдалыұлы бос уақытында сырға толы сан баяуыл сурет салып, түрлі заттардан қажетті, пайдалы нәрселерді жасауды ұнатады. Әрбір іске тыңғылықты кірісіп, сапалы дүние шығаруға тырысады. Осы жасаған қолөнер заттары аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың төрінде тұрды, ерекше бағаланды, көрермен ықыласына бөленді, өз бағасын алды. Серманизов Қаймахан Тұрдалыұлы 1962 жылы 29 шілдеде Шағыр елді мекенінде дүниеге келген. 1969 жылы №364 Шағыр сегіз жылдық мектебінің табалдырығының 1-сыныбына қабылданып, 1979 жылы Бадам стансасындағы С.Сейфуллин атындағы мектептің 10-сыныбын бітіреді.

1979-1981 жылдары сол кезеңде ұйымдастырылып қызу еңбек ететін «Комсомол-жастар» бригадасы құрамында болып, туған аулының көркеюі жолында еңбек етеді. 1981-1986 жыл-



дары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтында білім алып, «сызу, сурет және еңбек» пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. Сол жылы жолдамамен Арыс қаласындағы С.Қожанов атындағы жалпы орта мектепте мұғалімдік еңбек жолын бастады. 1994 жылдан бастап №32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта білім беретін мектепте еңбек етіп келеді. Ұстаз оқушыны болашақ өмірге дайындап бағыт-бағдарын үйретіп, біліммен сусындатады деген қағиданы ұстанған педагог шәкірттеріне өнердің қыр-сырын меңгертуден жалықпаған. Ұстаз бен шәкірттері аудандық, облыстық шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары. Есімдері елеулі шәкірттері Мырзалы Райымбек «Ғажайып табиғат»

тақырыбындағы қолөнер байқауының жүлделі I орын иегері атанса, Оспанхан Сәулен «Менің Астанам» қолөнер байқауының I орын жеңімпазы атанып дипломмен марапатталды. Қаймахан Тұрдалыұлы 2017 жылы ОҚО білім басқармасының III дәрежелі дипломы, 2022 жылы «ORLEU-TV.KZ» республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығының I-дәрежелі дипломымен марапатталған. «Атадан қалған қасиетті өнер өлмеуі тиіс. Қайта заман ағымына қарай жаңғыруы керек», - дейді шебер ұстаз. Бұл - ұстаздың көреген ұстанымы. Мектепте мұғалім болып қызмет еткендіктен, қазір бірнеше шәкірт тәрбиелеп жүр. Ұстаздың бағытымен жүрген шәкірттерінің де ұстанымы берік, қызығушылығы жоғары. Шәкірттері өздерінің дарын-қабілетін шыңдап отырады. Олардың алды жоғары деңгейде өткізіліп жатқан түрлі додаларда жеңімпаз болып үлгерген. Бұл - үлкен еңбектің арқасы.

Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі - терең білім болса, екіншісі - үлкен жүрек. Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған шебер ұстаз бүгінде өз еңбегінің жемісін көріп отыр. Ұстазға құрмет – адамзатқа міндет. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан», - деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Осындай шебер ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірттер бүгінде өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймай, еліміздің игі істеріне араласуда.

Жансая НҮРҚОЖА



Арыстың үздік ұстазы



Шынында, біздің басамыздан қанша ғұмыр сырғыда да, қанша сынақ өтседе, тау қопарып, бел ассақта, бәрі-бір анамздың алдында тас кәмпәттің тәттілігіне тармасқан топ-томпақ тентектердей болсақ, балалық бал мінезімізге, шалалық шала мінезімізге шыдай білген, ұстаздарымыздың алдында біз – шәкірт. Ұстаз екінші ана-әке. Шәкірттерінің анасындай болған, № 32 Ә.Жангелдин жалпы білім беретін орта мектебінің үздік мұғалімі Алия Жұмабековамен сұхбаттасқан едік.

«Қайырлы күн, Алия Абдуллақызы! Сұхбатымызды өзіңіз туып өскен мекен, балалық шағыңыздан бастасак.

–Мен 1966 жылы дүние есігін аштым. Балалық шағым Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласына қарасты Ащысай поселкесінде өтті. 1983 жылы мектеп бітірген соң арман қала Алматыға барып, оқуға аттандым. 1989 жылы Алматы шет тілдері институтын бітіріп осы Арыс қаласына сол кездегі тәртіп бойынша жолдамамен келген жас маман едім. Алғашқы еңбек жолымды №13 мектеп-интер-

натында ағылшын тілі мұғалімі болып бастадым.

–Ел ертенің тәрбиелеген, тарихы терең, сіз қызмет атқаратын білім ұясы туралы айтып беріңізші? Шәкірт тәрбиелеуде, білім нәрің себубе біршама жетістікке жетіңіз? Мұның бәрі адал еңбектің нәтижесі шығар?

–Дұрыс айтасыз, білім ұясының тарихы тереңде. Ә.Жангелдин жалпы орта мектебінде 1993 жылдан бері қызмет етіп келемін. Ә.Жангелдин мектебі қаламыздағы іргелі, абыройлы білім ошағы. Оқыту жүйесі дұрыс ұйымдастырылған, замануи әдістемелерді меңгерген мамандармен қамтылған, оқушыларды болашақ тұлға ретінде қабылдайтын, өз пәнінің шеберлері жинақталған мектеп. Мектеп директоры - Рахима Мелдеханқызы ұстаз еңбегін, әлеуетін бағалайтын білікті басшы. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды назарда ұстап, заман талабына сай маман болуға мүмкіндік жасайтын көшбасшы. Мектеп мен үшін алтын ұям, жүрегімнің бір бөлшегі, жарқын көңлім, шаттық толы өмірім. Оқушылармен әр түрлі байқауларға дайындық жүр-

гізген кездер, пәндік олимпиада, ғылыми жобалар жарысы семинар сабақтары, конференцияларға дайындық тағы басқа жұмыстар еңбек жолымның жемісті тәтті шақтары деп білемін. Баулыған шәкірттерім үлкен белестерді бағындыруда. «Жас білімпаз» VIII Республикалық оқушылардың ғылыми жұмыстар сайысында, «Оқушылардың Кіші Ғылым Академиясының» байқауында шәкіртім Тұрлыбек Ақмерей I орын, Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Мықты ұстаз ғана мықты шәкірттерді шығара алады. Сыныбымдағы оқушылардың көбі ағылшын тілін тандап қазіргі таңда ұстаздық қызмет етуде. Ізденіс түбі - игілік деген әрқашанда жаңашылдыққа құмармын. Жанаша ойлау, жаңаша іс-әрекет-болашақтың бастауы. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша негізгі деңгей 3 айлық оқыту курсы, «Ағылшын тілі» пәні бойынша коммуникативті оқыту әдісін үйрету, үш айлық курсынан өттім. Жаңартылған оқу бағдарламасын оқушылардың игеруіне ықпалдастырып «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы жалпы

ағылшын» авторлық бағдарламалы жаздым. «Тәжірибедегі Рефлексия» мектеп тренерлерінің курсы олимпиада ойдағыдай аяқтап жас буын мен әріптестеріме жаңа форматтағы мұғалім жаңа ақпараттарды пайдаланып қана қоймай оны жүйелі тәжірибеге енгізіп қолдануына қолдау көрсетемін. Мектеп тренері ретінде әріптестеріме коучинг өткізіп үнемі жаңа әдіс тәсілдердің тиімділігі мен нәтижелігін анықтау мақсатында лессон стади жүргізіп, тәжірибемен бөлісіп отырамыз. Аткарған еңбегімнің жемісі болар қалалық, облыстық марапаттарға ие болдым. «Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген республикалық жобаға қатысып «Қазақ елінің үздік ұстазы» төсбелгісімен, «Үздік мұғалімнің үздік сабағы» жобасына қатысып «Үздік мұғалім» төсбелгісімен, Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталдым. Білім беру ұйымдары арасында өтілген «Үздік педагог-2021» Арыс қалалық конкурсының жүлдегері, «Пән олимпиадасының үздік педагогы -2022» бас жүлдесімен, VI «Көшбасшы – педагог» ұлттық премиясының жеңімпазы, «Көшбасшы Педагог 2021» I дәрежелі дипломымен наградалдым.

–Керемет жетістіктер екен. Ал енді отбасыңызға тоқталып өтсеңіз, өзінің баласынан бұрын, өзгенің баласын ойлап тұратын ұстаз дейтін қасиетті атты алып жүруіңізге отбасыңыз қолдау білдірген шығар?

–Әрине, отбасы - бақыт ұясы. Әрбір жеке адам өмірінің маңызды бастауы, рухани өзегі отбасы. Отбасымда 2 қыз тәрбиелеп өсірдім Үлкен қызым Аида акушер-гинеколог, күйеу балам Ғалымжан дәрігер, екінші қызым Салтанат менің жолымды қуған, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Жұбайы Қайырлы құрылысшы инженер. Алланың берген ұл- қыздарыммен бақытты әжемін. Немерелерімнің білімді, парасатты, елі үшін еңбек ететін ұлтжанды азамат болуына үлесімді қосып мәуелі бақтай жайқалып ұрпағыммен мың жасасам одан артық бақыт жоқ.

–Субелі сұхбатыңызға рахмет! Аман болыңыз, ұлағатты ұстаз, ардақты ана!

Жансая НУРҚОЖА

Мерейі үстем - мұғалім

Өмір атты кемеде адамды адамдық жолға түсіретін үш қасиеті бар деп айтып отырушы еді үлкендер дастархан басында. Біріншісі - имандылық жолы, екіншісі - ақ сүтін беріп мәпелеген ана махаббаты. Үшіншісі – ұстаз ұлағаты. Осы үш қасиетті бойына сіңірген тұлғаның тұғыры биік тұрары сөзсіз. Өзінің бар білгенін үйретіп, көкірек көзімізді ашып, ілім-білімге зейінімізді аударған ұстаздарды қанша мадақтасақ та көптік етпейді. Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты №32 «Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Акбердиева Дильара Тажиханқызы мақтауға лайық ұстаз.

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен дәріс беретін Дильара ұстаздың тәлімі мен тәрбиесі

өмірлік өнеге, даңғыл жолы өзгеге үлгі боларлықтай. 1968 жылдың 17 қарашасында Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жанатұрмыс елді мекенінде дүниеге келген. 1975 жылы Амангелді атындағы мектебіне барып, осы ауданға қарасты М.Ғабдуллин орта мектебін 1986 жылы бітірген. 1987-1994 жылдары Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық институтында оқыды. 1986 жылдан бастап еңбек жолын Сарыағаш қаласындағы Комсомол атындағы жалпы орта мектебінде мұғалім қызметінен бастаған. 1990 жылдан бастап отбасылы болуына байланысты Арыс қаласындағы Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметіне қабылданып, сол уақыттан бері аталған мектепте қызмет атқарып келеді. Ұстаздық – оңай кәсіп емес. Ұстаздық



қызмет еткен адам оның ауыр мамандық екенін, жер астынан кен қазаннан да қиын екенін түсінсе деп ойлаймын. Себебі өз анамыз бізге ғана ана болса, жанымыздағы ұстаздарымыз бірімізге ғана емес, бәрімізге ана болуға тырысады. Осындай қызығы мен шыжығы қатар жүретін мамандық иесі болған соң еңбегі.

Біздің уақыттағы мұғалімдердің жұмысына берілгендігі тіптен бөлек еді. Үйдің де түздің де жұмысын қатар алып, соның бәріне үлгерген олардың келіндік қызметіне ата-ене жұмысын тағы қосыңыз. Міне, осындай өмір мектебінен өткен Дильара апай өз пәнін түсінбеген оқушыны сабақтан алып қалып, қайта өткен тақырыпты талқылаудан еш шаршамайды. Осы еңбек жолында білім беру саласында елеулі еңбектер атқарды. Шығармашылық, ізденімпаз ұстаздар қатарында болып, түрлі деңгейдегі байқаулар, кәсіби жарыстарға қатысып жүзделі орындарды иеленді. Қалалық, облыстық семинарларда үздік сабақтарының тәжірибелері таратылды. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі жолында көптеген жетістіктерге жетті. Оқушылары қалалық, облыстық, республикалық олимпиа-

даларда жоғары білім деңгейін көрсетіп, мектептің абыройын асқақтатып келеді. Облыстық, аудандық білім бөлімдерінің білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының, Арыс қаласы әкімдігінің алғыс хаттары және грамоталарымен марапатталған. Жұмыс барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында көптеген жұмыс атқарылды. Тәжірибелі маман ретінде өзінің мамандығына жауапкершілікпен қарауға, міндеттерін белгіленген мерзімде орындауға жауапкершілікті, ұжымдастарының алдында беделді, әрқашан жаңалыққа құмар, ізденімпаз, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде оқушы бойына ұлттық құндылықтарды, ұлағатты өнегені дарытатын білікті ұстаздардың бірі. Дильара Тажиханқызы отбасында 1 ұл мен 2 қыздың анасы, 3 немеренің әжесі. Ұлы Ерсыйын Алматы-Атырау жүрдек пойызында жолсерік. Үлкен қызы Ақерке медицина саласында, кіші қызы Ақдидар студент, келіні Айзат мұғалім. Жолдасы Маханбет электр желісінде жұмыс істейді.

Шәкірттеріңіз абыройыңызды асқақтатып, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ қатарынан болсын демекпіні!

Жансая НҮРҚОЖА





Ауызбіршілігі мол- Ақдала ауылы

Ынтымақ пен бірлігі жарасқан елге сырттай сүйсініп, қызыға қарайтындар көп. Жұдырықтай жұмылған бірлігі мен айрандай ұйыған ынтымағының арқасында көптеген белестерді бағындырып, талайларға таңдай қақтырған ауылдардың бірі ретінде Арыс қаласындағы бүгінгі Ақдала ауылдық округін айтуға болады. Ауыл әкімі Берік Әбілқасымов халқымен бірге, азаматтармен бірлесе ауылдың ажарын айшықтауға еңбек етіп келеді.

Арыс қаласына жақын ауылдың тіршілігі тындырымды, берекесі жарасқан. Мұнда бос жүрген адам көрмейсіз. Үкіметке қол жайып, масылдық кейіп танытатын халықтың қарасы аз. Кәсіптің көзін тауып, бірі мал шаруашылығымен айналысса, енді бірі егін егіп тіршілік кешуде.

Жақын арада ауылда жаңадан әкімшілік ғимараты салынып, қала әкімі Г.Құрманбекова арнайы келіп ашыпты. Ауылдарды газдандыру мақсатында бірқатар жұмыстар қолға алынуда.

Ақдала, П.Арапов елді мекендерін газбен жабдықтау мақсатында жүйелерінің құрылысына қажетті жобалау-сметалық құжаттамаларын дайындау үшін 1 млн 829 мың теңге қаржы қарастырылып, жұмыстар 2021-2022 жылдарға өтпелі болып атқарылуда. 2021 жылға қаралған қаржы көлемі 2 млн теңгені құрап отыр.

Ауылдағы 103 жарық бағаналары ауыстарылыпты. Ауыл шаруашылығы бойынша инвестиция көлемі 73 млн. Теңгені құраған. Ауыл әкімі бізге атқарылған жұмыстан, атқарылар жұмыстың көп екенін айтты. Бізге берген сұхбатында, Ақдала ауылындағы №7 көшеге күн сәулесінен қуат алатын жарықтандыру шамдарын ауыстыру бойынша 3127 млн 240 мың теңгені құрайтын сметалық

құжаттамасы дайындалды, ұсыныс әзірлеп жатырмыз.

Б.Онтаев көшесінің бойына күн сәулесінен қуат алатын жарықтандыру бағаналарын орнату мақсатында 6 млн. 987 мың теңгеге жобалық сметалық құжаттамасы әзірледік. Біздің ауылымызда 240 орындық клуб комплексі (кітапханасымен) ғимаратының бюджеттен 6 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттары дайындалған, жоба құны 421,5 млн. теңге. ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өткізуге 1,9 млн. теңге қаржы қаралып отыр. Ақдала ауылдық округі Ақдала елді мекенінен талапқа сай палигон соғуға «АРХ-комплекс» ЖШС-мен келісім шарт түзіліп, 3,89 млн. теңге қаражатқа жобалық сметалық құжаттамалар әзірленуде 2022 жылы Кемел

көшесін орташа жөндеу жұмыстарын өткізуді жоспарлап отырмыз.

Жалпы құны 11,5 млн теңгеге жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленіп, жергілікті бюджетке ұсыныс бердік. Ақдала ауылының халқы ауызбіршілігі мықты, берекелі ауыл. Алдағы ауыл халыққа қолайлы жағдай жасап, аянбай еңбек ете береміз» - дейді ауыл әкімі Берік Әбілқасымов. Ауылдың көркеюі – еліміздің көркеюі деп білу керек. Себебі бүкіл қазақы болмыс пен ұлттық құндылық осы ауылдан басталады. «Ел боламын десең – бесіңді түзе» деген дана халқымыз. Өсіп келе жатқан жас буынға Отанды сүюді, туған жерді, туған елді қадірлеуді сөзбен емес, осындай нақты істермен көрсете білгенге не жетсін?!

Ақдала ауылдық округі бойынша мәлімет
Халық саны - 4167 адам. Оның ішінде: Ақдала елді мекені – 3796, П.Арапов елді мекені – 337, Тоғайлы елді мекені – 8, Тақыркөл елді мекені – 4, Ақын-Жақып елді мекені – 22,
Жалпы жер көлемі – 86535 га
Ауыз сумен қамтылуы - 100%
Электр энергиясымен қамтылуы - 100%
Балабақшамен қамтылуы - 100%
Аз қамтамасыз етілген отбасылар саны – 78 отбасы.
Көп балалы отбасылар саны: - 331.
Мал саны – 55378; Оның ішінде: Ірі қара – 6400; Түйе - 20
Жылқы – 1739; Қой және ешкі – 51900; Құс – 6670.



Еңбекпен есейген әулет

Отбасы қазақ халқы үшін ең қастерлі ұғым. Қоғамды азғындап кетуден сақтап, адамды малдан бөлектеп тұратын да отбасы институты. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» және «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақал, әңіменнің айғағы іспеттес. Иә, отбасының татулығы еліміздің тыныштығының күретамамыры.

Әлем жұртшылығы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы бекітуімен 15 мамыр халықаралық отбасы күні болып аталып өтіледі. Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: »Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттік өз басқару жүйесі әртүрлі болады. Осы сияқты әр отбасының өз тәртібі, басқару жүйесі болады. Ұрпақтың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасатыны белгілі.

Жанұя – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы – алғашқы қадам. Отбасының басты қызығы, алтын тіреу дінгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Міне осындай жарасымы жарасқан отбасылар Арыс қаласы, Ақдала ауылында да тұрады. Біздің шығармашылық ұжымға сұхбат берген әулеттің атағасы Марат Жаппаров мырза отбасы құндылықтары жайлы әңгіме тиегін ағитты.

Марат Жаппаров бала күнін-



де Ақдала ауылын көркейтсем, осы ауылдың мықты механизаторы болсам деп армандапты. Сол арманымен Мұхтар Әуезов атындағы университеттің «технология» пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Марат аға ұстаздар әулетінен. Ата-анасы ұлағатты ұстаздар болғандықтан, баласының ұстаз болғанын қалайды. Бүгінде Марат Абдулазизұлы Сағтар Ерубаев атындағы мектептің технология пәнінің мұғалімі. Аяулы жары Раушан Жаппаровамен отбасын құрып, 4 бала тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ.

Еңбекпен жетіліп, жетістікке жеткен Марат аға бүгінгі буынға көп еңбектенуге, жер ананың қадір-қасиетін білуді үйретіп, түсіндіріп келеді. Ұстаздық жолмен қоса, ұлдарымен бірге бақша дақылдарын егуді қолға алып,

сақтау оңай емес. Өйткені, өмірдің өзі де, сол өмірдің ең тәттісі махаббат та тек мерекелі сәттердің тізбегі емес. Махаббаттың қызығына қарай қиындығы да мол. Алайда, қосағын келіп құшағына кіргенде, балаң келіп мойнына асылғанда, қиындықтың бәрі қуанышқа айналып шыға келеді. Отбасында мейірімділікке, адалдық пен жауапкершілікке сусындап өскен бала болашақта босағасы берік, түтіні түзу, бақытты отбасы құруға талпынады. Бұл сөзімізге «Бала нені білсе жастан, ұядан. Өле өлгенше соны таныр қиядан» деп Жүсіп Баласағұнның айтқаны дәлел. «Отан – отбасынан басталады» дейміз. Біздің де отбасымыз өзінше шағын мемлекет. Мен құдай қосқан қосағымды әрдайым



кәсіпті дөңгелетіп отырған жайы бар. Осы әулеттің түтінін түтетіп, шырағын жаққан ана Раушан апай да ауылға белгілі де үлгілі ұстаз. Ақ дастарханын жайнатып, келген қонаққа құшағын кең ашатын жанның мақтанышы да байлығы да балалары мен Марат ағадай асыл жары. Ауылдың іргесінен 5 гектар жерге қарбыз дақылын егіп, маусымдық жұмыста 4 адамға жұмыс беріп отырған ақкөңіл ағаның әңгімесіне жымып, тек көңілді жүретіні, «қолы ашықтың жолы ашық» деген ұстанымды ұстанатыны өзге жұртқа үлгі боларлықтай. Екі ұлы Марлен, Аманәлі, екі қызы Адина мен Инабат ата-анасының берген тәлім-тәрбиесін алып, сенімдерін ақтап келеді.

– Үй болу, оның татулығын

жоғары бағалаймын. Ол – әулеттің ақылшысы. Оның тапсырмаларын балаларға жеткізіп отыратын үкімет басшысы – менмін, – дейді Раушан апа күліп.

Алтын құрсақты жан жас аналарға көпбалалы болудан қорықпау керектігін айтады. Үйдің ырысы, шаңырағының шаттығы болған Раушан ападан жастардың үйренері көп. Отбасындағы ерекше сыйластық, жас буынға ой саларлық тағылымдары, ғибраты мол әңгімелері біраз жанға үлгі боларлықтай. Ұрпақтар сабақтастығын жалғаған, мерейі тасыған Жаппаровтар отбасына қандай мақтау айтса да жарасады.

Жансая НҮРҚОЖА



Шәкіртінің жеңісі – ұстаздықтың жемісі



«Мұғалім - зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті» демекші, ұстаздық жол қиындығы мен қызығы қатар жүретін жауапты қызмет. Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттаған сәтінен білім нәрімен сусындатып, қоғамда өз орнын қалыптастыруда ұстаздың еңбегі зор. Оқушылармен жұмыс істеу барысында өз сабағында тәрбие мен білімді тең беру арқылы әрбір шәкірттің информатика пәніне деген құштарлығын қалыптастырып, ішкі рухани байлығының іргетасын өз беттерінше қалауға баулыған Маулен Мубарак Раманқұлұлы жайлы оқырмандарымызға кеңінен насихаттасақ дейміз.

Маулен Мубарак Раманқұлұлы 1957 жылы дүние дидарына келген. С.Адамбеков атындағы ЖОББМ информатика пәні мұғалімі. Жалпы еңбек өтілі - 48 жыл. Білімі жоғары. Ұлағатты ұстаз 1981 жылы ҚазХТ институтын тәмамдайды. Компьютерлік оқыту бағдарламаларын жасау бірінші республикалық көрме жәрмеңкесіне, I, II Республикалық педагогикалық кеңестерге болған облыстық іріктеу сайыстарында жеңімпаз танылып, ОҚО атынан үш рет республикалық сайыстарға қатысқан, елеулі еңбегі ескеріліп республикалық диплом, мадақтама грамоталарымен марапатталған.

Мубарак Раманқұлұлы 1994 жылдан бері жоғары санатты, педагог-зерттеуші мұғалім. «Қызым, біздің мектебімізге қош келдің. Ұлағат ұясы туралы айтар болсам, Арыс мектебі 1973 жылы сегізжылдық мектеп болып ашылды. Мен осы мектептің алғашқы түлегімін. Өлкеміздің ақсақалдары Мырзабаев Оразтай, Мұсаев Абихан қалалық білім бөлімі басшылығы қызметін атқарды, бүгінде бәрі зейнеткер. Алтынбекова Хадиша, Қалходжаев Төлжан, Құлмырзаев Шырынхан зейнеткер



ұстаздармен бірге білім алдық. Мектебіміз 1974-1975 оқу жылынан бастап 10 жылдық орта білім беретін мектепке айналды. 1986 жылы 784 оқушыға арналған қазіргі жана ғимаратына көштік. Мектебімізге қала әкімінің аулысымен 2004 жылы Садықбек Адамбеков есімі берілді. Осы мектепке 1984 жылы жұмысқа орналастым», - дейді ақ жарқын әңгімесінде өткен шақты еске алып.

Кез келген мектептің негізгі басты міндеті елін сүйетен елеулі, білімді, тәрбиелі шәкіртіміз деп мақтануға тұратын салықалы азаматтық тұлғаны түлетіп ұшыру, қалыптастыру. С.Адамбеков атындағы мектептің мақтанатын шәкірттері де аз емес. Ауыр атлетикадан Рио олимпиадасының қола жүлдегері Жазира Жаппарқұл Абдрахманқызы (алғашқы жаттықтырушысы Дюсебек Құрманов) осы мектептің түлегі. «Өрлеу» ОББЖЖТ, ПКБА және ҚД орталығы директорының орынбасары техника ғылымдарының кандидаты Ақтаев Мұхтар Бексұлтанұлы, ОҚПУ сыртқы байланыстар проректоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алибаев Мырзахан Түймебайович, жақында мектебімізге

директор болып тағайындалған мектебіміздің түлегі Асқарова Мейірқұл Отарқызын тағы басқаларды көптеп айтуға болады. Соңғы 25 жыл көлемінде мектебімізден информатика пәнінен облыстық олимпиадаларға 30-дан астам рет оқушылар қатысып, 20 рет жүлделі орындар, 10-ған номинациялар алды. Бұл ретте оқушылардың жетістігін міндетті түрде лайықты бағалап, марапаттап, ынталандырып отырудың орны ерекше. Осы ретте аудандық оқу бөлімі басшылығынан бөлек қала әкімінің де облыстық олимпиадада орын алған оқушыларды ұстаздарымен, ата-аналарымен қосып шақырып бірнеше рет кездесулер өткізгенін, ұстаздарды Алғыс хаттармен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапаттаған.

Биылғы 2021-2022 оқу жылында информатикадан республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде үш бірдей оқушы 9 сынып Рамазан жетекшісі Аuezова Ажар, 10 сынып Олжахан Абзал жетекшісі Дауылбаева Айнагүл, 11 сынып Тұрмахан Нұрмұхаммед жетекшісі Кадиrowa Айгүл жүлделі III орындарды алды. С.Адамбеков мектебінің мақсаты болашақ IT мамандығын таңдайтын оқушылардың информатикадан олимпиадаға қатысатын бір-біріне көмектесіп, бірге ізденетін, дайындалатын информатиканы махаббатпен тереңдей талдап, іздене оқитын шығармашыл топ қалыптастыру. 38 жыл ұстаз болғаннан соң мақтанатын шәкірттеріміз көп қой. Солардың ішінен облыстық кезеңдерде жүлделі орындар иеленіп мектебіміз бен ауданымыздың абыройын асқақтатып, мәртебесін көтерген оқушыларым туралы айтқым келіп отыр. Ұлағатты ұстаздың тәлімін көріп, информатика, математика пәндерінен сабақ берген оқушылары Арапов Бахыт, Бекжигитова Жанар, Кадиrowa Айгүл, Алтынбекова Замира осы пәндерден ұстаздық еңбек атқарып жүр. Бекжанов Нұрдәулет, Исаев Досымхан, Акимов Ерлан - табысты кәсіпкерлер. Орақбаева Жанар, Әбдиқова Махфуза ұстаздық жолда. Жанабай Сәнгүл Абицина медициналық колледжінің 2-ші курс студенті, оқу озаты. Тұрмаханбет Нұрмаханбет, Олжахан Абзал, Қожабек Рамазан үздік оқушылары. Шынында да, ол кісінің ұлағатты ұстаздығы – адамгершілік жырына тұнып тұрған ғажайып бір әлем. Адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, кейінгі толқын инілері құрмет көрсетіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезенге аяқ басты. Қадірлі ұстаз – ардақты өке. Бүгінде сүйікті жарымен 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, немере сүйген асыл жан. Өзінің қамқорлығы, кішіпейіл мінезімен ағайын-туыс, жақындарына сыйлы жан, ұлағатты ұстаздың отбасына амандық, қызметіне абырой тілейміз.

Жансая НҮРҚОЖА



Тәжірибелі ұстаз – Ұлдәмет Рысбаева

Ұстаз – киелі мамандық. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Иә, ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар, дана ойдың ыстық лебі бар, ұстаздар жайлы айтылар сыр да, жазылар жырда көп. «Ұстаз болу жүректің батырлығы» дейді. Әрине, өте орынды айтылған. Жауаптылық, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлық бәріде ұстаздардың бойынан табылады. Әр шәкірттің санасына сәуле шашып, шырақ отын жағатында осы аяулы ұстаздар. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді. Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы керек. Кез-келген адам ұстаз бола алмайды. Ұстаздық тағлымы - терең өнер. Тәжірибелі ұстаз Ұлдәмет Рысбаеваның Түркістан облысы, Арыс қаласы С.Адамбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде ұстаздық еңбек жолын бастағанына 33 жылдың көлеміндей болыпты.

Білім ұясында тәлімгерлік жұмысы іске асырылып, бір жүйеге енгізіліп келеді. Жүйелі тәлімгерліктің іске асырылуынан ұжымнан бүгінгі таңда нәтижелі жұмыс жүргізіп келе жатқан мына ұстаздарды атап өтсек дейміз. Қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімдері: Жорабекова Айнур, Пердебекова Аякөз, Шалғынбаева Бибігул, тарих пәні мұғалімі Желдібаева Гүлмира, биология пән мұғалімі Кенжеханова Айнауғұл, орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Ахметов Серік секілді ұстаздардың есімі мектептің тарихында алтын әріппен жазылмақ. Еңбек жолын жаңадан бастаған физика пәні мұғалімі, жас маман Арынбек Назгүлге де тәлімгерлік жасап, оқыту мен оқу тәжірибесі үшін ұсынылатын жекелеген тәсілдер мен әдістерді ұсына отырып, тәлімгер мен тәлім алушының арасындағы қарым-қатынас нығыздала түсті, оң нәтижесін берді. Қорыта айтқанда, әр мұғалімнің алдындағы мұраты – өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әр оқушыны шығармашылық тұлғаға жетелеу. Әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті.

–Жансая қызым, біздің қасиетті мекенге қош келдің! Өзіме келер болсақ, Түркістан облысы, Арыс ауданы, Сырдария елді мекенінде 1967 жылы Рысбаевтар әулетінде дүниеге келдім. Қарапайым отбасында тәрбиелендім. Отбасымызда әкем, анам және 10 бауырым бар. Әкем Рысбаев Қырғыз жеті ағайынды, бес ұл, екі қыз. Әкем Сырдария елді мекенінде мал дәрігер қызметін атқарды. Анам Рысбаева Асия көп балалы ана. Мен үйдің

алтыншы перзентімін. 1984 жылы «Арыс» жалпы орта мектебін үздік бітіріп, ұстаздық жолды таңдадым. Шымкент педагогика институтының физика – математика мамандығы бойынша оқуға түстім, 1989 ж бері осы өзім оқыған мектебімнен еңбек жолымды бастадым. Міне, осы сәтте маған, өзінің өмірлік тәжірибесімен бөліскен, бағыт-бағдар берген, ұстаздық жолда тапжылмай еңбек етіп келе жатқан, ұлағатты ұстаз математика пәнінің мұғалімі - Алтынбекова Хадиша Медетбекқызы еді. Хадиша Медетбекқызы - ұлағатты ұстаз ғана емес, төрт перзент тәрбиелеп отырған - аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Қазіргі уақытта зейнеткер ұстаз. Тәжірибелі мұғалімнен тәлім – тәрбие алған, ең бақытты ұстазбын деп есептеймін. Отбасымда екі ұл, екі келінім, төрт немерем бар. Үлкен ұлым Төреханов Қайсархан-С. Адамбеков атындағы жалпы орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, екі баланың әкесі. Үлкен келінім Жұманова Аңгерке аспашы. Қазіргі таңда бала күтімінде. Кіші ұлым Төрехан Қасымхан-жеке кәсіпкер, екі баланың әкесі. Кіші келінім Ахмет Назира терапевт-дәрігер. Біз бақытты отбасымыз, берекелі шаңырақпыз, - дейді ағынан жарылған ардақты да аяулы ұстаз сұхбатында.

Осы орайда, Ұлдәмет апай, өз пәні бойынша, педагогикалық іс-тәжірибемде қолданып жүрген

әдіс-тәсілдер «Сәйкестендіру», е-септерді шығару бойынша, «Кім жүйрік?», «Мозайка», «Суреттер сөйлейді», «Доп лақтыру» әдістері сабақ барысында, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында тиімді болды. Бірнеше жылғы еңбегінің арқасында шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық олимпиада жүлдегерлері.

Атап айтар болсақ, осы оқу жылында «Инновациялық сабақ-2021» облыстық байқауға қатысып ІІ дәрежелі диплом иегері және «Ең үздік кіріктірілген сабақ жоспары» байқауында І дәрежелі диплом, Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Шебер педагог» атты байқауда «Ең үздік баяндама» бағыты бойынша І дәрежелі диплом, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық сайысының ІІ Дәрежелі дипломына ие болса, Сүттібай Қарақат облыстық пән олимпиадасының ІІІ Дәрежелі дипломымен, Бердихан Нұрай Кіші ғылыми Академиясы байқауының ІІІ Дәрежелі дипломымен марапатталған. Сәулелі ғұмырында тың тәжірибесімен бөліскен Ұлдәмет ұстаздың өмірі баршаға жастарға үлгі боларлық. Тәуелсіз елімізде көк туымызды мәңгілік желбіретіп, Қазақстанды өркендеттері дамыған әлем елдерімен терезесін тең ұстайтын дарынды да, білімді, білікті жастарымыздың басшысы ұлағатты ұстаздарымыз көп болсын. «Мектеп – кеме, білім – теңіз» дегендей, мектептен шындалған шәкірттері, білім теңізінде құлаштарын сермеп тынбай жүзсе ұстаз арманы орындалғаны емес пе!

Ұстаздар шаңырағынан үлгі алған ұстаз келін



-Гүлжамал ханым, қайырлы күн! Әңгімеміздің басын өткенге көз жүгіртуден бастайықшы.

-Мен 1964 жылы Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан облысы) Жетісай ауданы, Әбибулла ауылында дүниеге келдім. Әкем мен анам 9 перзентті дүние әкелген бақытты, қарапайым жандар. Жанұяда 1 ұл, 8 қыз 9 ағайындымыз. Орта мектепті «Қырық жылдық» (қазіргі Н.Оңдасынов) атындағы мектепті 1981 жылы бітіріп шықтым. Қазіргі таңда өзім армандаған мамандық иесімін.

-Еңбек жолыңызды қайдан бастадыңыз? Жетістіктеріңіз туралы сөз қозғайық...

-Еңбек жолымды алғаш рет 1986 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Сырдария ауылында орналасқан «Арыс» орта мектебінен (қазіргі С.Адамбеков жалпы орта мектебі) бастадым. Мектебімізге 2004 жылы 2 қазанында белгілі сағирик, драматург, жазушы С.Адамбеков есімі берілді. Ұстаз жолы - ұлы жол. Мен осынау ұстаздық ету жолында 35 жыл өмірімді арнадым. Мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруді өзімнің міндетім

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық екені айқын. Дана халқымыз «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» деп бекер айтпаса керек-ті. Өйткені ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Әр баланың бойында мұғалім жаққан шамшырақ өмірлік азық болады. Бұл ретте алғашқы ұстаздың шәкірттерге берген білімі – тылсым өмірді тануға жасаған алғашқы қадамы. Жас шыбықты қалай исең, солай өсетіні секілді алғашқы ұстаздың бала болашағына айрықша септігі тиетіні сөзсіз. Бұл жаңа үй тұрғызар алдында іргетасын мықтап қалаумен пара-пар. Расында, баланың шамшырағын дұрыс жаға білген аяулы ұстазға құрмет мол, ілтипат ерекше. Бүгінгі журналымыздың кейіпкері Гүлжамал Тоқтарова. Ұстаздар әулетінен үлгі алған ардақты мамандық иесін әңгімеге тартқан едік.

деп санаймын. Еңбек ете жүріп, жақсы ұстаз - мектептің айнасы, бәйтерегі екендігін жете түсіндім. Еңбек жолында шәкірттерім бірнеше жетістіктерге жетті. Сондай дарынды шәкірттерімнің бірі де бірегейі Қапалов Ергали облыстық «Абай-Шәкәрім» оқуларына қатысып, жеңімпаз атанса, Төрбек Сандуғаш облыстық М.Мақатаев оқуларында озып шығып, жеңімпаз болды. Сонымен қатар, Мауытхан Әйгерім облыстық пән олимпиадасына қатысып, жүлделі орынды иеленді. «Ұстаздан шәкірт озар» деген даналық сөздің мәні зор. Кешегі шәкірт, бүгінде еліміздің әр түрлі салаларында еңбек етіп жүрген шәкірттеріммен мақтанамын. Ең бастысы өз еліне жаны аштың, елім, жерім дейтін тұлға болып қалыптасқан шәкірттерім

үшін қуанамын. Ең бастысы адал адам болғаны шәкірт жанына ізгіліктің дәнін еге білген ұстаз еңбегі. Қызығы мен қуанышы мол еңбек жолындағы өмірлік ұстанымым - әрқашан шығармашылық ізденісте болу. Бүгінгі таңда қоғамымызда қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдеріне артылар жүктің салмағы ауыр. Болашақ ел тізгінін ұстар бүгінгі жас ұрпақтың бойына ана тіліміз арқылы ұлттық құндылықты сіңіріп, нағыз отаншыл, өз елінің патриоты болатын ұрпақ санасына ұлттық тіліміз арқылы құндылықтарды сіңіру – бізге артылған міндет деп есептеймін.

-Жанұя жарастығы, отбасындағы құндылықтар сіздің шаңырақта қалай қалыптасқан? Сіз келін болып түскен әулет те

ұстаздар әулеті екен. Отбасыңыз жайлы айтып берсеңіз...

-Мен үшін жанұя, әулет ең басты құндылығым, қымбатым және асылым. 1984 жылы сыйластығы мен бірлігі жарасқан үлкен әулетке келін болып түстім. Атамыз 3 ағайынды кісілер екен. Әулет ұйытқысы бола білген үлкен атам саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеу ісіне арнаған, ардагер ұстаз. Өз ата-енем қара шаңырақ иесі атанған, қадірлі кісілер. Кіші атам да бар өмірін ұрпақ жолына арнаған ардагер-ұстаз болса, кіші апам да қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Халық ағарту ісінің үздігі, әдіскер-ұстаз, «Ұлағатты ұстаз» атанған Серіпханова Мәдина ұстазым. Менің де білім саласында еселі еңбек етуіме осы кісілерден алған тәлім-тәрбиенің жемісі деп ойлаймын. Сонымен қатар, бұл кісілерден тек ұстазға тән қасиеттерді ғана емес, өмірлік жанұя ұстанымдарын, бала тәрбиесін, қоғамда өзін-өзі қалай ұстау керектігін үйрендім. Жарасымда жанұямда 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірдім. Үлкен қызым, өз мамандығы бойынша Нұр-Сұлтан қаласында, «Биотехнологиялық ғылыми-зерттеу» орталығында, кіші қызметкер. Екі ұлым да жоғары оқу орындарын бітіріп, өз саласы бойынша қызмет етіп жүр. Кіші қызым медбике болып жұмыс істейді. Жанұямыздың тірегі бола білген жолдасым теміржол саласында жұмыс істейді.

-Журнал оқырмандарына айтар тілегіңіз...

- «Жарасымды жанұя» танымдық тәрбие журналының ғұмыры ұзақ болсын. Атына заты сай жарасымды отбасының естеліктерін жарыққа шығара берсін!

-Сұхбатыңызға рақмет!

Жансаря НҰРҚОЖА



Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. «Ұстазды алтын дiңгекке балар едiм» – деп, ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин айтқандай, ұстаздық – тарихтағы ең ұлы істiн бiрi. Ұстаз- тек бiлiм берушi емес, үлгiлi, өнегелi, өмiр тәжiрiбесi бай адам болуы керек. Жас ұрпақты iзгiлiкке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтiн, бiлiм беретiн аяулы тұлға. Ұстаз бiлгенiн үйретушi ғана емес, тұлға бойы тұнған өнеге, талай ұрпақтың санасында есiмдерi мәңгiлiкке жазылып қалатын, абзал жүректi ұлағат иелерi. Осындай мәртебеге ие болу мақсатында мен Азизаева Айгүл Айдарқызы Арыс қаласындағы С.Адамбеков (бұрынғы Арыс) атындағы жалпы бiлiм беретiн мектебiнiң бастауыш сынып мұғалiмi болып 24 жылдан берi қызмет атқарып келедi. Әр кез iзденуден жалықпайтын, жаңалыққа жаны құмар жан. Еңбегi де жемiссiз емес. Осы жылдарда қанат жайып ұшқан

анасы, аяулы жар. Екiншi қызы- Ақниет анасының жолын қуып, ұстаз болып қызмет атқарады. Астанадағы №28 лицейде информатика пәнінен сабақ береді, әрі әлеуметтік педагог, білікті маман. Отбасылы, бір ұлы бар. Үшінші қызы- Айша шет тiлдерi, аудармашы мамандығы бойынша оқып жатыр. Отбасылы, үлгiлi келiн. Үлкен ұлы – Шернияз, Бiлiм Инновациялық Лицейiнде 7 сыныпта үздiк оқиды. Одан кейiнгi ұлдары- Нұрмұхамед пен Нұрислам 1 және 4-шi сыныпта бiлiм алуда. Ал кенже қызы- Амина балабақшаға барады. Қазақта «Әке көрген оқ жоңар, шеше көрген тон пішер» деп бекер айтпаған. Баланың өнегелi әке мен абыройлы анадан алған тәлiм-тәрбиесi – болашақтағы азығы деп бiлемiн. Айгүл Айдарқызы ардақты әже, мейiрбан ана, аяулы жар ғана емес, саналы шәкiрт тәрбиелеп отырған ұстаз екенiн бiр сәт те естен шығарған емес. Ұстаз тек



Үлгiлi ұстаз, аяулы ана – Айгүл Айдарқызы

қаншама шәкiрттер өмiрден өз орындарын тапты. Бұл мектеп үшiн де Айгүл Айдарқызы үшiн де үлкен мақтанш. Ұстаздық киын да, дара жолды өзiнiң отбасымен бiрге қатар алып жүрiп, сүйiктi жар, аяулы ана, ақылшы ұстаз атану оңай шаруа болмады. Өз балаларымның болашағына қалай алаңдасам, шәкiрттерiмнiң де келешегiне алаңдаумен болдым. Әрбiр ұстаз шәкiртiнiң жүрегiнен ойып тұрып орын алатын қасиетке ие болуы керек. Адам ұрпағымен мақтанады, мәңгi жасайды. Бүгiнде төрт қыз, үш ұл тәрбиелеп отырған көпбалалы «Алтын алқалы» ана. Төрт-бес немерелерi бар. Жолдасы 30жылдан аса темiржол саласында қызмет атқарады. Қазақта әдеми сөз бар ғой: - «Ана бiр қолымен бесiктi тербетсе, бiр қолымен әлемдi тербетедi» деген. Балаларын өз бетiнше өмiрге үйретiп, қазақтың салт-дәстүрлерiн бойларына сiңiрiп, туған жерiн, елiн, отбасын ардақтайтын тәрбиелi қыз, қайратты ұл болуға тәрбиелеп отыр. Отбасының тұңғышы Ақеркем медицина саласында бiлiм алуда. Болашақ -дәрiгер. Үш баланың

үйретiп қана қоймайды, сонымен қатар үйренушi, әрi iзденушi емес пе? ««45 жыл ұстаз болсаң да, 45 минуттық сабағыңа әзiр бол», бұл рас сөз. Өзiң бiлмей, өзгеге үйрете алмайсың, отбасылық шаруаларымды бiтiрiп, қалам мен кiтабымды алып, ғаламторды ақтарып, жаңалық iздеуге кiрiсемiн. Өз мамандығыңды шын сүйсең, барлығың да алып жүрер күш пайда болады екен.. Бұл сөзiм кейiнгi жас мамандарға да үлгi болсын демекпiн.

«Сөз соңында айтарым, ұстаз деген ұлы да, киелi атқа кiр келтiрмей, тәуелсiз елiмiздiң ең бақытты, ең ақылды, ең бiлiмдi бүлдiршiндерiн тәрбиелеуге өз үлесiмiздi қосайық. Әрқашан еңбегiмiз жанып, талапты да талантты шәкiрттерiмiз көп болса екен. Шәкiрттерiмнiң көзiн ашып, жiгерлерiне жалын берiп, адам болып қалыптасуына тамшыдай қосқан үлесiм болса, онда ұстаздық еңбегiмнiң еш кетпегенi деп бiлемiн», - дейдi бiзге берген сұхбатында көп балалы ана, ұлағатты ұстаз Айгүл Айдарқызы.

Гаухар ӨТКЕЛБАЕВА



Молдабай Сүйіндіков, ұлағатты ұстаз:

«Айбынды жастарымыз көп болса, еліміздің еңсесі биік болады»



«Талаптың мініп тұлпарын» өз өмірі мен білімін мемлекет пен халық қауіпсіздігін қорғауға арнаған, қазақтың қабырғалы азаматтарының өмір тарихы тұнып тұрған өнеге көзі емес пе?! Жалындаған жастық шақтың жігерін, орта жастың кемел ақыл қуатын, білімі мен тәжірибесін Отан үшін сарқа жұмсаған, айбынды ағаларды ардақтап, қайратты інілердің тынысы мен ырысына айналған өнегелі, ісімен кейінгілерге үлгі болған азаматтарымыздың бірі – Молдабай Сүйіндіков. Біз де С.Адамбеков мектебінің мақтанышымен сұхбаттасқан едік.

орта мектебін Алтын белгіге бітіріп, Алматы қаласындағы С.Ж. Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінің грант иегері атанып, қазір 5 курс студенті. Ұлымыз Есенбек Айдың 7- сынып оқушысы, кенже қызымыз Есенбек Айкөркем 5 сыныпта оқып жатыр.

–Алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ береді екенсіз? Шәкірттеріңізбен мақтанасыз ба?

–С.Адамбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Алғашқы әскери дайындық пәні жақсы жолға қойылған. Мектебіміз аудандық «Ел қорғаны - Жастармыз» атты әскери патриоттық сайысында 7 жыл қатарынан Бас жүлде жеңіп алған. Мектеп оқушылары ауданымыздың «Барыс» әскери патриоттық клубының құрамынан ойып орын алады. Өзім жетекшілік ететін аудандық «Барыс» әскери патриоттық клубының ауыз толтырып айтатын жетістіктері жетіп артылады. Атап айтар болсақ Облыстық «Айбын» әскери патриоттық жастар жиынының бірнеше дүркін чемпионы. Облыстық «Sport FEST Kazakhstan» спартакиадасының «Әскери қолданбалы спорт» түрінен 1 орын, Республикалық «Sport FEST Kazakhstan» спартакиадасының қатысушысы, облыстық «Алау», «Жас снайпер», «Жас патриот» сайыстарының жеңімпазы. 2018-2019 жылы Облыстық «Айбын» әскери патриоттық жастар жиынында 1 орын иеленіп Республикалық

«Айбын» әскери патриоттық жастар жиынына қатыстық. Осы сайыста оқушым Анас Жания шалкалап жатып денені көтеру жаттығуында топ жарып жеке-лей 2-орын алып күміс медаль иеленді. 2020 жылы Онлайн форматта өткен Республикалық «Айбын - 2020» әскери патриоттық жастар жиынына Түркістан облысының намысын қорғап қатысқан «Барыс» әскери патриоттық клубы жүлделі 2 орын иеленіп, Астана қаласында өткен Республикалық «Айбын - 2020» әскери патриоттық жастар жиынының жабылу салтанатына қатысқан мектебіміздің 10 сынып оқушысы Әбдібек Қуаныш 450 сайысқа қатысушы арасында «Үздік Жас сарбаз» атанып, алтын статуетка табысталды.

2021 жылы Онлайн форматта өткен Республикалық «Айбын - 2021» әскери патриоттық жастар жиынына Түркістан облысы атынан қатысқан «Барыс» әскери патриоттық клубы 51 команданың арасында жүлделі 1 орын иеленді. Биыл да өтілетін сайыстарға қызу дайындық жүргізу үстіндеміз. Менің басты мақсатым - жастардың бойында Отанға деген патриоттық сезімін оятып, Отанын, жерін қорғауда аянбай тер төгетін жастарды тәрбиелеу.

–Сұхбатыңызға рахмет! Ұстаздық жолда еселі еңбегіңіз ескеріліп, шәкірттеріңіз биік шыңнан көріне берсін, Молдабай аға!

Сұхбаттасқан
Саяжан Қожа

–Қайырлы күн, алғашқы сұрағымыз өскен ортаңыз, білім алған шаңырағыңызды білуді, еңбек жолыңыздан бастасақ...

–Мен 1972 жылы 02 маусымда Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, жеңіс ауылында туылдым. Осы ауылдағы Sputnik атындағы жалпы орта мектебін 1989 жылы бітіргенмін. Үйдің тұңғыш баласымын. 2 інім, 3 қарындасым бар. 2004 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолын 1998 жылы С.Адамбеков атындағы жалпы орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып бастадым. Осы таңға дейін аталған

мектепте еңбек етіп келемін.

–Шаңырақ іргетасын қашан құрдыңыздар? Перзенттеріңіз туралы айтып берсеңіз?

– Жұбайым Мұстафа Мария Мұзапбарқызы Алматы қаласындағы Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Қазіргі таңда Арыс қаласындағы И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің директоры. 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырған жайымыз бар. Тұңғыш қызымыз Есенбек Ақерке Алматы қаласы Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің ағылшын тілі факультетін бітірген, мұғалім болып жұмыс жасайды. Тұрмыста. 1 ұл, 1 қызы бар. Екінші қызымыз Есенбек Жансая С.Қожанов атындағы жалпы

Мұражай – өткен өмірдің айнасы

«Арыс қаласының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2001 жылы 6 қазанда құрылған. Мекеме бекітілген қызметтік міндетіне сәйкес мәдени, тарихи және этнографиялық құндылықтарды сақтау, ғылыми-зерттеу және жинау, көрме-экспозициялық жұмыстарын жүргізіп келеді.

Музей ғимараты 1900 жылы қаланған. Бұл ғимарат кезінде теміржолшылардың кеңсесі, кейіннен Андреев атындағы жеті жылдық мектеп, №21 теміржол мектебі, 1954 жылдан бастап жұмысшы жастардың кешкі мектебі, жол техникалық мектеп, музыка мектептері орналасты. 2001 жылдан бастап «Арыс қаласының музейі» қарамағына берілді.

Музей ғимараты бір қабаттан тұрады. Жалпы ауданы 272,93 м2. Музей директоры Айгүл Абдрайымқызы Сарбасова.

Музейде «Көне Арыс тарихы», «Теміржолдың қалыптасу тарихы және теміржол саласына еңбегі сіңген тұлғалар», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Арыс стансасы», «Мәдениет саласының қызметкерлері», «Ауылшаруашылық саласына еңбегі сіңген қызметкерлері», «Ұлағатты ұстаздар», «Этнография», «Көрме» залдары келушілер назарына ұсынылады.

Музейде тұрақты түрде көрмелер, мәдени іс-шаралар, лекциялар, экскурсиялар ұйымдастырылып, жәдігерлермен толығып, 10000-нан астам келушілерге қызмет көрсетеді. Музей қоры жыл сайын жаңа құнды жәдігерлермен толығып, жалпы жәдігерлер саны 4492 құрайды. Оның 3386 негізгі қор жәдігерлері болса, 1106 қосалқы қор жәдігерлерін құрайды.

Музейдің және музей қызметкерлерінің алған марапаттары:

Облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хатымен, «Мұражайлар шеруі» облыстық байқауына белсене қатысып, Мәдени мұра құндылықтары мен музей жұмысын насихат-



тай білгені үшін ынталандыру сыйлығымен, «Облыстық мұражайлар шеруі-2013» байқауына қатысып, бір қызметкеріміз «Үздік саяхат жетекшісі» номинациясымен I-орын және Арыс қаласы әкімі Қ.Сыдықовтың «Жылдың үздік музей қызметкері», ОҚОФ «Қазпочта» АҚ Арыс аудандық почта байланыс торабының «Басылымға жазылуға» белсенділік танытқаны үшін марапатталды. «Облыстық мұражайлар шеруі-2017» байқауына қатысып, мекемеміз III орын иегері

атанды. Облыс әкімінің Алғыс хатымен бір қызметкеріміз, қала әкімінің Алғыс хатымен бір қызметкеріміз марапатталды. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына орай, музейлер арасында ұйымдастырылған «Оңтүстік Қазақстанның киелі жерлері» атты экскурсия жүргізушілерінің байқауы аясында «Арыс қаласының музейі» МКҚК-ның экскурсия жүргізушісі М.Садықова II орын иегері атанды.





Теміржолшылар саябағын Арыс халқы аялайды

Біздің тоқтаған келесі нысан – Арыс қаласындағы Теміржолшылар паркі. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары бой көтерген саябақ Арыс қаласының 65 жылдығына орай, мүлдем жаңа кейіпке енген.

Бүгінде мұнда тал-дарактар мен көшеттер молынан отырғызылып, балаларға арналған түрлі ойын аттракциондары орнатылған. Әрбір аттракционның қауіпсіздік ережелері заманауи талапқа сай келеді.

Сондай-ақ, жаяу жүргіншілерге арналған жол кеңейтіліп, жаңартылды және мұнда озық үлгідегі жарықтандыру технологиясы қолданылған. Бас-аяғы екі гектарға жуық аумақты алып жатқан саябақ түгелдей абаттандырылып, көз тартар субұрқақтар іске қосылып, ағаштар отырғызылған.

Сонымен қатар, саябақтың орталық аланына алып сағатты көзіміз шалды. Бұл демалыс орнының келбетін айшықтап, көркіне көрік қоса түскендей. Алыстан менмұндайтын алып сағаттың биіктігі 12 метр болса, ені 1,5 метрді құрайды екен.

Сол сияқты саябақтың төрінде ашық аспан астындағы үлкен сахна орнатылған. Заманауи үлгіде салынған сахна түрлі салтанатты шаралар өткізуге арналған.

«Теміржолшылар саябағы» атауын қайта иеленген аталған нысанның басты мақтаншысы – Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха станциясынан әкелінген көне паровоз болды.

Айта кетейік, аты аңызға айналған мұндай «отарба» – Қазақстан бойынша сақталған соңғы нұсқалардың бірі.

Темір жол саласы – Арыс қаласы дамуының

негізгі өндірістік көзі, ел экономикасын алға сүйрейтін негізгі күші саналады. Сондықтан сала мамандарының еңбегі зор, бейнеті адал. Осыған орай, саябақта «Құрметті теміржолшылар» тақтасы орнатылды.

Әрине қаланың тарихы жүзжылдықтарға жетелейді. 1904 жылы Арыс стансасы салынса, 1956 жылы Арысқа қала мәртебесі берілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы 2021 жылы халыққа арнаған Жолдауында: «Біз – тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп,

қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік» деп атап өтті. Ал күллі қазақстандықтардың ырыс-ынтымағын ұйытып, бауырмалдықтың үлгісін көрсеткен Арыс өңірінде бұл күні сан-салалы бағыттар бойынша жарқын жобалар жүзеге асырылып жатыр. Осылайша, онтүстіктің шырайлы өлкесінің бірі – Арыс қаласы гүлденіп, көркейіп келеді. Жазиралы өлкедегі жанарған қаланың болашағы баянды, келешегі кемел болсын дегіміз келеді. Арыс ажарлана берсін!





АРЫС



«Жарасымды жанұя»

журналына жазылу үздіксіз жүргізіледі.

ЖШС «Сан-Ай пресс» АҚ, «Қазпошта» Республикалық танымдық-тәрбиелік «Жарасымды жанұя»

журналының 2022 жылдың ІІ жартыжылдығына жазылу бағалары:

6 айға -2850 теңге;

12 айға -5700 теңге;

Индекс 47023.

Байланыс телефондары:

+77775255463

+77471717758

+7078004857